



дәуітәлі
СТАМБЕКҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ







Қарағанды облысының әкімдігі

Ақылдастар алқасы:

Әбдішев Б., төрага

Жұмабеков Б., төрага орынбасары

Жайлышбай Ф., төрага орынбасары

Аймағамбетов Е.

Ақсұңқарұлы С., жауапты хатшы

Ахметов К.

Ғазалиев А.

Дулатбеков Н.

Исабеков Н.

Көбеев Е.

Қаңтарбекова Ф.

Омаров Ә.

Редакциялық алқа:

Асанов Қ.

Әскербекқызы Ж.

Бексейітов С.

Кәпүлұы Д.

Қазанқапов Ж.

Құрмансейіт Қ., жауапты редактор

Мұхиден Б.

Рамазан Д.

Тұрлынова Р.



ДӘУІТӘЛІ СТАМБЕКҰЛЫ



ШЫГАРМАЛАРЫ

Екінші том

Өлеңдер


FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5 каз)-5

С 76



- 50200 -

С 76 Стамбекұлы Д.
Шығармалары. / Дәүітәлі Стамбекұлы. –
Астана: Фолиант, 2013.

ISBN 978-601-292-774-0
Т. 2: Өлеңдер. – 336 б.
ISBN 978-601-292-787-0

Қазақ поэзиясының жарық жүлдзызы Дәүітәлі Стамбекұлының бұл кітабына ел мен жер, заман мен қоғам, адамгершілік пен ма-хаббат туралы лирикалық өлеңдері енгізілді. Ақын жанының айнасы іспетті жауһар жырлары жүректерді жаздай жадыратады.

Кітап жырсүйер оқырманға арналған.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 каз)-5

ISBN 978-601-292-787-0 (Т. 2)
ISBN 978-601-292-774-0

© Стамбекұлы Д., 2013
© «Фолиант» баспасы, 2013

ӨЛЕҢ, ӨЛЕҢ...

Өлең бұлты өріп жүр тәбемізде,
Егер өлең жазбасақ, өлеміз бе?
Үш қазақтың біреуі жыр жазбаса,
Қазақ болып өмірге келеміз бе?

Жүргіміз жыр десе жарылады,
Жарылмаса жабығып, сағынады.
Өлең десен қолдайды ақылман боп,
Айғай салып Абайдың аруағы.

Кімге керек тірлікте қадіріміз,
Өлең десе жоқ біздің сабырымыз.
Өлең, өлең, о, өлең, тағы да өлең
Өліп кетсек өзіңсің – қабіріміз.

БОСТАНДЫҚ

Айрықтарында жолдардың,
Бейуақыттарда қорландың.
Қақтығысқанда қоғамдар
Арбалдың және зорландың...

Заманаңдардың зарлары,
Адамның ұлы арманы.
Зорланғаны үшін өзінді
Сотталған қоғам болмады.

Өзінді қалай қорғармын,
Қоғамнан мен де алданым.
Сығалап саған қарадым,
Түбінен түпсіз торлардың.

Сәуле мен жылу, Жарықты,
Қызығаныш алды қауіпті.
«Бостандық,
Бақыт,
Тендік» деп,
Алдайды занңдар халықты.

Қара бас үшін алысқан
Жасады небір «арыстан».
Халықтың қамын ойлайтын
Шамалы болды данышпан.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Кедергі – қамал көп қандай,
Күттік те біздер шақ талмай.
Өзінді сатып алуға
Байлышқ та жетпей жатқандай.

Киғендер болса кең күпі,
Мынау ел қайсы жердікі.
Байлыштың басқалардікі,
Өз жерің өзгелердікі.

Жалаңаш болдық,
Аш болдық.
Армандарап ішіп,
Мас болдық.
Бар менен жоқтан жаралған
Қиял мен елес –
Бостандық.

ЕРЛІК

Азаттық аңсап ашынған,
Ақындар ерте заманнан.
Еркіндік дедім жасымнан
Үйрендім мен де солардан.

Қанымда қаны олардың,
Ұқсайды жаным жанына.
Шынында, кінә тағар кім
Өмірде мениң барыма?

Фәнилік мынау ғаламда,
Жасалды қанша қастандық?
Өзінді ізделп даламда
Атынды сүйгем, бостандық.

Аңсағам сені қашаннан,
Ажарың қандай арайлы.
Еркіндік үшін жасаған
Ерлікті жаным қалайды.

АКИКАТ

Шындықты аңсап аспаннан,
Іздең едік жерден де.
Өң-түрін байқап сасқаннан
Зәреміз ұшты көргенде.

Сұп-суық екен түр-өні,
Қызығы қыын құледі.
Үп-ыстық екен жүрегі,
Кеуденде оттай тіледі.

Естідік кейін «өлді» деп,
Қимаған болдық өкініп.
Өтірік жылап, елжіреп,
«Аман бол» дедік өтірік.

Шындықты сүйген сағынып,
Әкімбіз, әрі пақырмыз.
Бәріміз бірдей жабылып,
«Сорлыны» жерлеп жатырмыз.

Тілемеп едік өлсін деп,
Марқұмды енді аяйық.
«Топырағы торқа болсын!» деп,
Жұз грамм ішіп қояйық.

АДАМ

Адамның досы да адам,
Қасы да адам.
Осындаі ақиқатқа қосыла алам.
Осыдан артық дұшпан табылмас деп,
Адамды адам тауып,
Асыраған.

Сондықтан ең мықты сол табиғатта,
Жамандап жар салсаң да жамиғатқа,
Құдайды қолдан жасап адамыңыз,
Отірік бағынады шаригатқа...

Адамнан ығай менен сыйғайыңыз,
Болмасын оған тіпті былайыңыз.
Егер де адамменен қатар тұрса,
Адамға сәлем берер құдайыңыз.

САЛЫСТЫРМАЛЫ

Бұдан бұрын қаншама,
Өмір, тірлік жалғасты.
Мейлі, қайда болса да,
Көп адамдар жер басты.

Ол кезде де ел жүрді,
Егін егіп, қой бағып.
Ол кезде де Жер Күнді,
Тұрды осылай айналып.

Мен әккілеу болармын,
Өзің пәксің, далам-ау.
Айырмасы олардың –
Бізден көрі балалау.

Сәбіліп жоғалған
Жандар қандай шын күпті.
Айырмамыз олардан –
Көп білеміз сүмдықты.

АҚЫН

Өліп те жатыр өлудей...
Азабы іште көрінбей.
Басқаның бәрі бір сәттік,
Бола ма мынау өмірдей?!

Пәс болып биік өр кеуде,
Ілігіп күнде тергеуге.
Ақынды сырттай көп адам,
Дайындаپ жатыр жерлеуге.

Сезімтал, сергек жүректі,
Тағдыры езіп, құл етті.
Не болар қалған ғұмыры
Өшірсе үміт тілекті?

Желкілдеп желмен түңлігі,
Өзгеріп өмір-тірліп,
Арқалап ақыл-азабын,
Өледі ақын бір күні...

КҮСҮМ. ДОСЫМ ЖӘНЕ БОСТАНЛЫҚ

Үйде құстың тірлігі,
Күні бізге қараған.
Балаларым бір күні,
Алып кепті даладан...

Асырадық аялап,
Уақытында жем бердік.
Ит, мысықтан даралап,
Өзімізбен тең көрдік.

Сынап сынды көзі де,
Жүгіреді, жайнайды.
Сұп-сүйкімді өзі де,
Тор ішінде ойнайды.

Кейде тыным алмайды,
Өз аспанын аралап.
Ұзак-ұзак сайрайды,
Куанышы ғаламат.

Үйімізге бір күні,
Қонақ келді кешкілік.
Құсымыздың тірлігі –
Тұрды әні естіліп.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Келгені осы басыма,
Басқа ештеңе таппадым.
Отырдым да досыма,
Әй, құсымды мактадым.

Досым болса, бір кезде,
Істі болған сотталып.
Жолы болып ілеңде,
Құтылған-ды ақталып.

Көрді құсты ол келіп,
Шықты торды айналып.
Тебіреніп, тербеліп,
Тұрды біраз ойланып.

Құстың әнін түсінді,
Бірақ жүзі түнерді.
Тордан алып құсымды,
Ұшырды да жіберді.

Маған сонсоң: «Масқара,
бұның, – деді, – аскандық.
Адам түгіл құсқа да,
керек, – деді, – Бостандық!»

ҚАСИРЕТ ПЕН ҚАСИЕТ

Аз халыққа беріпті үлкен қасірет,
Қасіреттің аяғы жоқ, басы жоқ.
Қарап тұрар қалқан құлақ тағдырын:
«Саған әзір бүйірғаны осы» деп.

Замандарда даладағы жаугерлік,
Қасіреттің қасиетін, әй, көрдік.
Болашақты болжай алмай болдырдық,
Ертеңгіге жасай алмай балгерлік.

Коммунист те болып көрдік керемет,
Мұраттарға енді жеттік деген ек.
«Женіл» жолға апарды да жетелеп,
Тағдырымыз болып шықты кебенек.

Бақыттымыз әлдекімнің қолында,
Қосылдық біз момын, жуас тобырға,
Басымыздың амандығы үшін де
Басқалардың салпақтадық соңында.

Осындей да болады еken асқандық,
Жатыпшер жалқаулыққа мас болдық.
Бойдағы асыл мінездерден құтылдық,
Солай болды біз түсінген бостандық.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Көрді соны шығып кеткір көзіміз,
Солай болу керек дедік көбіміз.
Өзгелердің қолшоқпaryна айналып,
Өзімізге қарсы шықтық өзіміз.

Партияға арыз айтып ақыры,
Күйеуіне қарсы ішікті қатыны.
Перзентінен қашты қыздар қалада,
Қагынды да қағынбағыр жатыры.

Бостандығың дәл осы бір бодандық,
Жатты бізді басқаңа бір «адам» қып.
Осыларды жаңалық деп түсінғен,
Басымызда жетіп жатты надандық.

Ұлттымыздың салты менен дәстүрін,
Жын-ойнағы етіп тындық бақсының.
Көкбөріден жаратылған болсаң сен,
Қайдан ғана бір-ақ шықтың, қасқырым.


Өзге үшін өлсек-тағы,
Есенбіз,
Мүмкін надан,
Мүмкін топас, есерміз.
Тұбінде бір жақсылықты мысқалдай,
Өзімізге жасай алар ма еkenбіз!?

ҚАҒАЗ ӘЛЕМ

Қағаз әлем – қағынған ақша ғасыр.
Тығып жатыр қойнына масқара сыр.
Ұры-қары,
Сот-жendet бәрі ақшашыл,
Толып жатыр еңбексіз – басқа масыл.

Алпауыттар ақшалы дараланып,
Қоқсығы, қордасы қораланып.
Қындықты қайыспай көтерем деп,
Қайқандайды белінен қара халық.

Бүгін, мүмкін немесе ертендері,
Өмірінен қызып өркендері.
Шырпы тисе ақша әлем – Қағаз ғасыр
Дап-дайын тұр өзі де Өртөнгелі.



ӨЗГЕРІСТЕР

Текке өтіпті бағасыз бар өмірім,
Айта алмапты тұкті де және жырым.
Өле-өлгенше созыла берер ме еді,
Өзгермесе мына өмір
Шалалығым.

Суга кетіп,
Тал болты қармаганым,
Енді, міне, хабар көп, толған ағын.
Құлағым да саңырау болып кепті,
Көзім тұкті көрмепті, таңгаламын.

Жан еместей жүріппіз бұл әлемдік,
Бір орында тапжылмай тұра бердік.
Жасыратын несі бар, «топас» едік,
Бір-ақ күнде ес біліп шыға келдік.

Деді бізге Бостандық;
Сөз алдыңыз,
Сен бұзылды,
Токырау – тазарды мұз.
Құлағымыз тарс етіп ашылыпты,
Сәуле шашып,
Жарқ етіп көз алдымыз.

Естіменніз бұрын бұл кереметті,
Өмір нұрын өтірік себелепті.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ақ түйенің қарыны ақтарылып,
Енді біліп жатырмыз не керекті.

Өмір, өмір,
Сен бір пәк сұлу едін,
Сұлусың деп ынтығып сүйіп едім,
Қылышынан қайсыбір түңілемін,
Былышына ақырын үңілемін.

Жасыргансың қаншама сүмдышынды,
Асыргансың қаншама құлығынды.
Ашып, міне, тастадың ақырында,
Тығып жүрген сүрқия ұрлығынды.

Өмір, өмір,
Не деген өтімдісің.
Ғаламатсың,
Сүйкімді секілдісің.
Бәрін жұмбақ,
Құпия жасап келген
Бір-ақ күнде ашылған бетің күйсін.

МУГЕДЕК

Азапқа жаны тым құштар
Арғымақ жанға не дейсің?
Ойлайсың-дағы
Бір мысқал
Жанынды мұнға бөлейсің.

Бақытқа құмар ол байғұс
Соқпады қайда өз басын.
Биқтен құлар ондай құс,
Тағдыры солай жазғасын.

Жастығы менен айбыны
Тым ерте сөніп қалыпты.
Жанына батқан қайғыны,
Жанарға жазып алыпты.

Сүзілем сондай көздерге,
Өзінше әлем – пенде бұл.
Әмірді сүйген кездерде
Мүгедек жанмын мен де бір.

ШАБЫТ ПЕН ТАБЫТ

Байқамай қалам өмірдің
Зуылдаپ бара жатқанын.
Күн күсап құттай көнілдің
Атқанын бірде, батқанын.

Тағы да шықтық құмардан,
Бір-екі қапшық ақша алып.
Түріміз құрсын қуанған
Бақыттан ішіл тастадық.

Досымыз кетті өмірден,
Қап-қара бұлттай тұнердік.
Түріміз құрсын жеңілген
Қайғыдан «тартып» жібердік.

Тағасындар-ау бекер мін,
Тағатсыз, тақсыз ақынмын.
Ұйықтап кеткен екенмін,
«Табыттан» тұрып жатырмын.

ЖЕР МЕН АДАМ

– Уа, Жер-ана,
Сен не деген ұлы едің,
Сенде тудым, сенде өстім, тұледім.
Топырағыңа қауласын деп дән ектім,
Сені мәңгі көркейтсем деп әлекпін.

– О, перзентім, бағалаймын осыңды.
Бердім саған байлық толы тосімді.
Ұланымсың, еркелетем, қарағым,
Қалғып кетсөн, құшагыма аламын.

ОРАЛЛЫ КАЙТА ӨМІРГЕ

Әрі де бері ойланып,
Таба алмай қойдық жаңалық.
Мекенің көкке айналып,
Біржола кеттің жоғалып.

Көрінбей қойдың емге де,
Ел үшін тіпті бір рет.
Тұспей-ақ қойдың жерге де
Сен ғана болдың құдірет.

Ел менен жердің сорына,
Арамдықпенен қосылып,
Қаніна жыл сенің тағыңа
Отырды арсыз өтірік.

Пысықтар жендет болды да,
Табан астында жатты ар.
Талантты қуып,
Орнына
Отырды көзсіз баққұмар.

Жалғаннның мұндай тарлығын
Көрмеспіз сірә дегенмен.
Саудаға салып барлығын
Өмірді сүрді өлермен.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Айналып тірлік өліге,
Ауысты дұрыс теріске.
Беріліш сөз тек періге
Ауызын жапты періште.

Тамырыменен құрыды,
Қасиетті менен киелі.
Шыбын мен шіркей түгілі,
Көре алмай қалдық түйені.

Жарқ етіп тағы шықты күн,
Ойнатып жасын бетбұрыс.
Ақиқат па, әлде мықты кім?
Күрессіз енді жоқ тұрыс.

Үміт те,
Өлген арман да,
Әділет,
Шындық,
Сенім де
Жар салып тұрып жалғанға
Оралды қайта өмірге.

ӨСІП-ӨҢІП ЖАТЫРМЫЗ

Кімдер келіп кетпеді ортамызға,
Солар қайда?
Неге үн жоқ?
Қорқамыз ба?
Тотымыз да болған-ды, отымыз да,
Торқамыз да болған-ды, тортамыз да.

Кобік сөзге қайсыбір қосыла алман,
Зұлымдықтың ызғары есіп алдан.
Абайды да сабаған өзімізбіз,
Махамбеттің басын да кесіп алған.

Алсаң енді біздерді қыспаққа алғын,
Мен де жауды келеді түстеп қалғым...
Сәкен менен Ілияс, Бейімбетті
Өз халқының жауы деп үстаратқан кім?

Ұмытпайды өткенін ұшан далам,
Сол даладан ұл бар ма күш алмаған?
Момын жұрттың мақтаймын неменесін,
Ұлдарына араша түсе алмаған.

Дүниенің не істейсің тарлығына,
Басымыздан өткізген болды кінә.
Кейінгілер сақ болсын
Ол пәледен
Өзімізден өрбіпті барлығы да.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Дәмдес болған ғұлама көбімізбен,
Бұлбұл ұшты бұл күнде көзімізден.
Аты әлемді шарлаған Әуезов те
Қудалауды көрген-ді өзімізден.

Тотқа мүмкін шалынбас асыл пышақ,
Жарқ-жүрқ етіп өтеді жасынды шақ.
Мықтысына қазақтың сол бүйірган
Көп арманмен өтерміз Қасым құсан.

Есерліктің қалдығын пана көріп,
Жаңалықты тілдедік қала беріп.
Ал осы бір бойдағы кесепатпен
Кімдерді біз кінелай алар едік?

Кетсек-тағы дүркіреп,
Гұл атып-ак ,
Жақсымызды келеміз құлатып ап,
Өсіп-өндік қаншама десек-тағы,
Артық боп жүр бәрібір бір ақымақ.

ҚЫРАН ӨЛІМІ

Кім десек те Сәкенді
Тұрады оған,
Сәкен үшін дос бар ма жыламаған?
Жауларына атылмай бұғып қалған,
Сақталыпты ол үшін бір оқ аман.

Улы тілмен өртетіп жылан ішін,
Жүргегіне жасырып ылаң ісін.
Анасынан әдейі туылғандай
Бір залымдық жүріпті қыран үшін.

Өз қолымен орнатып бұл қоғамды,
Шырағы да, шамы да бірге жанды.
Бар азабын өткеріп бір басынан,
Бар рахаты сол сәтте кімге қалды?

Биік таудың басында бұлт жүреді,
Бұлт кім еді, біледі ел қырт кім еді.
Ажалымен алысып, бір-ақ тұнде
Атылғаның сұнқардың жүрт біледі.

Қанға малып ақынның жүзін қылан,
Кек те қызыл, ыза мен қызынды жан.
Деді сонда дұшаны ыржаландап:
«Өлу керек осылай қызыл қыран».

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Күрескердің жаны ерек ел дегенде,
Тұған Отан, осынау жер дегенде.
Кеткен сынды өкініп қызыл Сұнқар,
Анненковтың қолынан өлмегенге.

Бір тұздығы жетіспей жырымыздың,
Сандығы да ашылмай мұнымыздың,
Секілденіп айтылмай кеткен арман
Бір сөз қалды-ау ұшында тіліміздің...

КАСҚЫР

Жалғыз жүрген жортактап сұр далада,
Жем ізденген жетімің бұл ғана ма?
Бір жылқыны жамбасқа атып ұрса,
Қандаңбағыр аузыы былғана ма?

Тіке ұрып келеді,
Бұрылмайды,
Ет жайлы ойы өңешін сығымдайды.
Аштық бұлты тұнеріп тәбесінен,
Азан-қазан асқазан шуылдайды.

Өлғені мен өшкені даладағы,
Қиял болып есіне оралады.
Тұған өзі осында,
Осында өскен,
Өмір сүрген осында бабалары.

Қасқыр ма әлде,
Ит пе әлде,
Мысық па еді?
Жетім бе әлде,
Бейне бір түсік пе еді?

Хабары жоқ жалғаннан,
Көз ашпаған
Енді өмір сүре ме күшіктері?

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Өткен күннің өртеген елестері,
Көрінбейтін болашақ көмескі еді.
Басы айналып амалсыз есіне алды,
Менсінбейтін өмірі өлексені.

1937. ЖАЗА. АНАЛАР

Бұғын қалай болады жасыруға,
Туды емес пе осыдан ашыну да.
Кімдер адап болса егер
Сол жылдары
Солар болды ылайық атылуға.

Шыгарса да партия оқтай жонып,
Жүргегінде шындығы оттай жанып,
Шын сатқындар соларға жала жауып,
Блюхерлер,
Сәкендер кетті айдалып.

Қайталанбас кесепат әлемдегі,
Осы болды жан менен ар өлмелгі.
Болғаны үшін сүйгені ерлерінің
Сондарынан айдалды әйелдері.

Иә, оны не дейміз,
Солай болған.
Бастарынан өткеріп талай жалған,
Әйелдердің азабы қандай сүмдық,
Перзенттерін арқалап жер айдалған.

Ақырзаман – бұл жаза жер-көктегі,
Бар әлі де жүректе кермектері.
Туганы үшін ардагер әкесінен
Тұрмелерде ержетті перзенттері.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Мен айта алмай қинаlam өлеңменен,
Жаңармаса тарих та көнермеген.
Шежіресі шындықтың шертер болса,
Гүлбаһрам шешеміз не көрмеген?!

Дұшпан үшін мейлі «қатын» болар,
Ілиястай ғаламат ақынга – жар.
Еш әйелі қазақтың бара алмаған
Ерлікті өзі жасады Фатималар.

Айтып өтпей кезеңнің боздау жырын,
Қалмады амал,
Апыр-ай, қозды-ау мұным.
Ақша бұлттай аспанда қалқып тұрган
Аялайық ананың ақ жаулығын.

ПУШКИН РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Нелер бір ғажап өр кеуде,
Туады талай әлі ақын.
Ұмтылып атақ, орденге,
Қаламақы да алатын.

Қолдарын сілтеп өзініне,
Оқиды өлең олар да.
Түйсіті болса,
Сезінсе,
Өзіндей бірақ болар ма?

Солакай кейде періп кет,
Болады кейде ызбар да.
Тұп-тура саған елікте,
Жазады жырды қыздарға.

«Керекпін дейді бұл елге»,
Ертеңін кейде көріп кеп.
Ешкіммен дағы дуэльге
Шықпайды саған елікте.

Сәби де емес ол аса,
От та емес жанган өзіндей.
Боламын дейді қаласа,
Пушкиннің тура көзіндей.

Олар да сендей қиналад,
Ауыртып жырға бастарын.
Жасанды түрде бүйралап,
Алады кейде шаштарын.

Жауласам деген тілекпен,
Осынау жалпақ әлемді.
Жартыкеш сезім, жүрекпен,
Жазады жарым өлеңді.

Жасанды ойы, сезімі,
Ұшады көзден бұлдырап.
Ертеңі үшін елінің
Еңірей алмай жүр бірақ.

Осындай қиял, арманмен,
Өтетін шығар ол тегі.
Бүгіні тәуір болғанмен,
Қыындау бірақ ертеңі.

Нелер бір сүмдік, өр кеуде
Туады талай әлі ақын.
Ұмтылып атақ, орденге
Қаламақы да алатын.

Оққа да тостың қеуденді,
Енді ешкім сені қинамас.
Осынау жұмыр жерге енді
Келмейді сендей бүйра бас.

БЮРОКРАТ

Жігіт емен жасқанған,
Шындықты айтам жалғыз-ақ.
Екі аяғың аспаннан
Тұссе-дағы салбырап.

Алғаш бетте-ақ танысқан
Шіренесің неге, дос?
Сен емессің данышпан
Ақымағың мен емес.

Өзі айтып тұр түркүнің
Бюрократ ісінді.
Керегі жоқ сыртыңын
Көріп тұрмын ішінді.

Киғен киім үшін де
Толып тұрсын тасып-ақ.
Шүберектің ішінде
Тыр жалаңаш ақымақ.

НЕТКЕН ШАБАН ЖАҚСЫЛЫҚ

Күншіл жандар арамызда көп біздің,
Өзің де оған көзді талай жеткіздің.
Сыпайылық жасағанмен жасырып,
Сен де, досым, бастан біраз өткіздің.

Көре алмады көбі сенің жақсынды,
Шындықтың да жанарына жас тұнды.
Сен жасаған жақсылықты біреулер
Қара тастай қара сөзбен бастырды.

Көріп жүрмін,
Тілектеспін мен саған,
Тек жамандар емес сені қоршаған.
Женістер де жетер туы желбіреп,
Пәле-жала күнәсінан болса аман.

Қазір біраз қадам бастық сәл алға,
Көп өзгеріс болып жатыр қоғамда.
Қанағаты болса егер білер ед
Қанша бақыт керек мынау адамға.

Асығатын жөні де жоқ тіпті енді,
Болашақтың хаты қолда бүктеулі.
Ескіліктің болса-дағы қалдығы
Желге үшып,
Өзі тозып біткен-ді.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Көп қырсықты өз тасымен бастырып,
Қалдық біз де дүшпанды ұғып,
Досты ұғып.
Неткен мықты көп шырмаган залымдық,
Неткен шабан баяу жеткен жақсылық.

АЛАМҒА КАНДАЙ ЖЕР КЕРЕК?

Біледі жұрттың бәрі де,
Секілді ашы жапырақ.
Жандар бар бізде әлі де,
Кешеден қалған тоқырап.

Ырыққа өмір келмейді,
Керек-ақ оған тіреу де.
Өзіне-өзі сенбейді,
Сенеді мықты біреуге.

Ол да бір пенде арманмен,
Өтеді солай белгісіз.
Сыртымен дардай болғанмен,
Ішінің исі көргісіз.

Келді енді өмір қырынан,
Маңдайы тасқа соғылды.
Өзіне үқас сұрыған
Аңсайды небір тобырды.

Ұят пен ары төгілген,
Бәрінен солар қауіпті.
Жұз бенен жерге бөлумен
Келеді алдаң халықты.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Өтеді уақыт,
Өмір де,
Мәңгілік ешбір пенде жоқ.
Біле алмай жүр-ау тегінде
Адамға қандай жер керек.

Тәңірге тіпті сенсе де,
Аспанның өзін тіреп ап.
Мейілі, қайдан келсе де
Тұылған жері біреу-ақ,
Баратын жері біреу-ақ...

ЖОҒАЛУ

Табамын демей пайда да,
Қаламын демей өкініп,
Алғашқы кездे жай ғана,
Қойған-ды айтып өтірік.

Әңгіме-дуken,
Топ халық.
Мықты ылғи бірі-бірінен.
Келесі жолы мақтанып,
Өтірік айтты шынымен.

Тұсіріп түбін, жандырып,
Әңгіме құрып отырып,
Кейіннен есті тандырып,
Сілтейтін болды өтірік.

Алдады досты, елді де,
Қалдырыды жұрттың көңілін.
Керегі оған енді не?
Жоғалтты барлық сенімін.

Жоғалып тынды өзі де
Қолды болғанын біледі.
Бірде-бір жанның көзіне
Көрінбей өмір сүреді.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ақиқат, шындық бар мұнда,
Өлгөндөр келмес оралып.
Тірідей көздің алдында
Жүргенде жандар жогалып.

ҚАЙСАРЛЫҚ ЖЫРЫ

Қайсар – өлең
Мен де өлемін, сен де дос,
Ол да өледі.
Келген кезде ажалдың көлденеңі.
Он шақты адам көтеріп алған кезде-ақ,
Қак жарылып қалып жұрт жол береді.

Бар дүние көзіңнің қығында
Салтанатың,
Ең соңғы жиынында.
Жан-жағыңа қарайсың
Төбесінен
Бара жатып солардың иығында.

Сенен төмен тұрады жоталы да,
Жотасы да,
Аты да,
Атағы да,
Пенделерден жоғары көтеріліп,
Ұлылардың ішігасың қатарына.

Сенен асқан құрметті жоқ онда адам,
Сен бір жансың қызметі жоғарылаған.
Ести алмай өзің де дал боласың
Бір ауыз сөз тіпті де жамандаған.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Үйің үшін бірақ та аз ба шығын,
Жыламаса қамы үшін өз басының,
Құрметтен соң мынандай кімге керек
Бала-шаға,
Әйелдің көз жасының?

Сен керемет данышпан,
Ғұламасың,
Елдің атын енді сен шығарасың.
Сондай гажап сөздерді естіп жатып,
Қалай ғана қайтадан тұра аласың.

Жұрт содан соң елесін,
Елемесін,
Екінші бір рухың жебегесін,
Қалың қауым халыққа ырза болып,
Әрі қарай өзің де жөнелесің.

Көңіліңнің келіп бір таза хоши,
Жүргегінді өзің де тазалаши.
Ешкімнің де гайбатын одан кейін
Естімейсің,
Бәрінен ғажабы осы.

Күннің нұрын сүйіп бір бұлты қашқан,
Кең аспанның астында бір тұтасқан.
Ертерек-ақ кетуғе болар, достым,
Тұрса даңқың биік боп құлпытастан.

СЕНІМ ТУРАЛЫ

Қызық қой өмір шынымен,
Қызық-ақ түрлі сенім де.
Келіспей қойған бірімен
Сенімім бөлек менің де.

Емес те шығар қатеміз,
Сенбейтін еді былай да.
Сұраған кезде әкеміз:
«Сенбейміз, – дедік, – құдайга».

Өзінен-өзі жат адам,
Ертеңнен күтіп алғысты.
Сол үшін-дағы атадан
Алдық біз кейде «қарғысты».

Қисая кетіп оңға да,
Қисая кетіп солға да.
Атамыз бенен әжеміз:
«Сенеміз, – дейтін, – аллаға».

Кетті деп жүр ғой есеміз,
Сеніп қап сол бір тіреуге.
Әкеміз бенен шешеміз
Олар да сенді біреуге.

Әкеғе бала көнбесе,
Не болып кетті, масқара?

ШЫГАРМАЛАРЫ

Олардан бөлек ендеشه,
Сенеміз біз де басқага.

Сенбесін мейлі, сенбесе,
Бәрібір жат қой жан бала.
Адамдар түпіл ендеشه,
Қайталанбайды алла да.

ЕЛ КОЯР САҒАН ЕСКЕРТКІШ

Адамдық пен ақылыңа сүйенген,
Ерен жансын.
Ертеден-ақ білем мен.
Қиындықтар қамап алып сені де
Бұлт та болды дәл төбенде тұнерген.

Саған қарай үшты талай кесек те,
Салды сені құғынына өсек те.
Жібергісі келді сені біреулер,
Теріс қарай отыргызып есекке.

Атты сені ала көздең бұрыштан,
Не демеді көре алмаған зымыстан.
Адамдар да көп, бауырым, өмірде,
Өзіңменен үнсіз іштей үғысқан.

Солар сенің бағалайды барынды,
Талантыңды,
Пәк жаныңды,
Арыңды,
Талайларды шаң қаптырып кетерсін,
Тек ақырын сақтай алсаң сабырды.

Уа, бауырым,
Алға қара,
Жасыма,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Жақсы жандар ерер сенің қасыңа.
Елің үшін еңресең, ертең-ак
Ескерткішін солар қояр басыңа.

КАНАФАТ

Қайтем кейбір өткен істі қоздатып,
Өте берсін өзіне-өзі мәз уақыт.
Жақсы адамдар арасында жүру де,
Біздер үшін емес, жаным, аз бақыт.

Қайда асығам,
Орга құлап өлем бе?
Осыны артық білесің сен менен де.
Содан кейін абайлаймын көбіне
Сенің айтқан ақылына көнem де.

Қызғаныштың мылтықтарын оқтатып,
Керегі не,
Жете алмайды жоққа түк.
Жақсы өмір сұру үшін Адамға
Аса сондай қажет пе елге көп бақыт.

ІЗДЕР ЖӘНЕ КАНСОНАР

Жүрек бар арман толы,
Үміт толы,
Аздаған бар және де күдіктері.
Өмір бар,
Көздел атып тұсірмесе,
Бір мерген басып қалып шүріппені.

Осылай жалғасады арманга арман,
Адамның ертеңіне қорған болған.
Өмірге тастап кеткен бір белгідей
Әркімнен жалғыз аяқ жолдар қалған.

Қара жер жолдарменен сзыылған көп,
Бірақ та бүлінғен жоқ,
Бұзылған жоқ.
Адам боп өзінді-өзін жұбатасың
Менің де салып жатқан ізім бар деп.

Ей, арман, жүйрік едің, о, не қылған,
Жетпесем ол да менің таланымнан.
Оған да шүкіршілік,
Бір із қалса,
Жорытқан ақ қағазға қаламымнан.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Іздер көп қансонарда,
Ақша қарда,
Аңындар қызығады қашқан аңға.
Аңғана қуана алмас
Жарқыратып,
Іздерін соңдарына тастағанға.

ОРАЛМАДЫ

Келді жігіт күлімсіреп,
Салтанаты,
Сәні өмірдің.
Татты дәмін бірінші рет
Бала жігіт бал еріннің.

Құлазымды қоштасарда,
Сүйем деуге бата алмады.
Одан кейін ешқашанда,
Сол уызды тата алмады.

Өлер болды жаңып іштен,
Қайтып олар көріспеді.
Жиі-жіі сағынышпен,
Есіне алды періштені.

Тояды ма көніл әнге?
Сезімдердің сүт кезіне?
Тұсі ме әлде?
Өні ме әлде?
Тұсінбейді түкке өзі де.

Тәтті дүние неге аллады,
Есінде жоқ есімі де.
Қайтып сол сәт оралмады,
Өмір деген осы, міне.

БЕТ

Бетіме неге үңілдің?
Танымай тұрған жандай-ақ.
Ойынды жаңа ұғындым,
Тұрсын-ау, сірә, енді аяп.

Сақталған сол бір суретім,
Өзім де соған ойланам.
«Бала кезден-ақ бұл бетің
Қалындау еді», – дейді анам.

Жанға жоқ жайым жалбақтар,
Болса да мейлі қал қалай.
Бетімде рас бар дақтар
Шешектен қалған таңбадай.

Мінез бен бәрі ісімде,
Бетімде рас жоқ кінә.
Жүректі сақтау үшін де
Бетімді бердім соққыға.

Жағадан жұлқып ояттың,
Тартыстың тағы жалғасы.
Қайтпайтын бетке
«Таяқтың»
Түседі жиі таңбасы.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Үқсамай жалпақ далаға,
Бұп-бұжыр таудың тасындаі.
Болмаса сірә бола ма
Еркектің беті осындаі.

Болса да мейлі, баста айып,
Төнсе де мейлі, қасірет.
Келсе де азап қасқайып,
Тұрады қарсы осы бет.

О, бетім, менің көп жаса,
Тұқ емес дақтар,
Жаралар.
Егерде өзің болмасаң,
Бишара жүрек не болар?

АБЫРАЛЫ ДАЛАСЫ. САНЫРАУКҰЛАКТАР

Басылмаған желінің анырауы,
Сұлық жатыр маңқып Абыралы.
Әлдеқандай алып күш іштен үрған,
Арылмаған азаптың қоңырауы.

Айрылған соң баяғы нұр шағынан,
Аунымайтын ғаламат күн шарынан.
Көтеріліп қара бұлт көк аспанға
Саңырауқұлақ шығады құрсағынан.

Талай ғасыр тусырап жатқан дала,
Оппаға да айналды,
Оқпанға да.
Ішіндегі пәледен
Шілдеде де
Саңырауқұлақ туады ақпанда да.

Өтті бастан толғақты нелер күні,
Ешкім де жоқ елеғізіп елер мұны.
Бұлай тұған перзенттен артық еді
Баяғы бір тулығы,
Бедеулігі.

Ана деуші ек осынау дала, белді,
Енді бәрі бұзылып сала берді.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Толғатқанда туатын «санырауқұлақ»
Ана болмай аламат пәле болды.

Бір шарана құрсаққа елі бітіп,
Тұмауратып,
Тұншығып,
Демі бітіп,
Өзі дагы білмеді мынау өлке
Кімді туып жатқанын,
Нені күтіп.

Енді оны айтып қайтемін, жаным-ау, жылап,
Керім өлке жатыр ғой әлі маужырап.
Абыралының өсіпті даласына
Қырық жылда мындаған «санырауқұлақ».

Санырауқұлақ өзі ме қатерінің,
Соны білгім келеді, өте білгім.
Ашуы ма Абайдың кейін шыққан,
Ызасы ма жоқ әлде Шәкәрімнің.

Жатқанда оның тамыры терең құлап,
Мен де өмірде жүрмін-ау өлең құрап.
Бұны адамдар жемейді тамақ етіп,
Адамдарды жеп бітті керен құлақ.

Жырын айтып өткен бір шағы жайлы,
Ту өлкенің бұл күнде жаны қайғы.
Осы азаптан құтылар сәтін күтіп,
Абыралы дала-ана аңырайды.

БАҚЫР БАСТЫ БАЛА

Жиналған соң бас қосып көп ақылды,
Жер астында сынақ та көп атылды.
Тұрғынынан кейінде ол сол даланың
Саңырауқұлақтан аумайтын бала туды.

Кімнің қандай білмеймін кезқарасы,
Мәңгүрт туды қазақтың боз даласы.
Адам өзі туып еді атомыңды
Атомның да туды енді өз баласы.

Бола ма екен шындықты жасырғасын,
Ол балаға бала енді қосылmasын.
Бишара әке аумайтын саңырауқұлақтан
Баласының сипайды бақыр басын.

Қарамайды тіпті де басын бұрып,
Төбемізде тұр енді ғасыр құліп.
Жер бетіне жемісін тастап жатыр
Ақымақтыққа бастаған «ақылдылық».

ДҮНИЕНІН ИЕСІ МЕН ЖАНАШЫРЫ

Осы болса шын егер сүйінерін,
Иесі қайда осынау дүниенің?
Табиғаттың қартайған шағын көріп,
Бассыздыққа ашынып,
Күйінемін.

Баурайлардан бұлақтар жатыр қашып,
Құлап жатыр құрақтар жапырласып.
Айдындардың орнында апан қапты
Шалғындардың орынын тақыр басып.

Ормандардың орыны ойық болған,
Өзендердің өзегі keyіп қалған.
Анасынан тұғандай тыржаланаш
Жан секілді табиғат айыпталған.

Қазір сирек көреміз қырдың гүлін,
Қазір жи естіміз Сырдың мұнын.
Болашақты болжамай,
Қара бас пен
Коммунистер ойлапты бір күндігін.

Тұған жерден кетіпті қашып андар,
Ауаны да бұлдірдік,
Осы қал бар.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Полигондар,
Сынақтар,
Жарылыстар,
Ал, заводтар, халықты асыраңдар.

Картада жоқ Курчатов қалаінығын,
Ұнатпайтын даланың баласымын.
Дүниенің иесін іздесем де,
Іздемей-ақ қояйын жанашырын.

МЕЙІРІМ МЕН ЖЫЛЫЛЫҚ

Тар жол, тайғақ кешуде,
Бұраланда,
Мұнайғанда,
Оңаша жылағанда,
Сездіртпейтін салқынын
Сол сәтінің
Бір жылыштың керек пе бұл адамға?

Керек, бірақ іздерсің қай маңайдан,
Жан емессің іздеуді ойға да алған.
Бұрын да әлде солай ма, кім біліпті
Ызғар есіп кетеді айналаңнан.

Өзің болып бәрінен құр қалған жан,
Және үміт күтесің бір қолдаудан.
Құтылуға септігін тиғізетін
Бір мейірім іздейсің бұл жалғаннан.

Сол тұтқыыл тағдырға болып босаң,
Есің ауып,
Ауытқып шалықтасаң,
Кездестіру қындау асыл жанды
Өзіңе ұқсас біреуғе жолықпасаң.

Басыңа іс түспесе не қыласың?
Қысылғанда қиналып,

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Тарығасын.
Пенделердің түңіліп сықпытаңан
Жақсыларды армандап,
Сағынасын.

Кімге керек біреудің ұлылығы,
Кімге керек біреудің ірілігі.
Қырсыққанда жетпейді,
Дәл сол кезде
Адамдардың адамға жылылығы.

Сені де елеп жүретін,
Мені де елеп,
Солар жайлы ойлайық көбіне-көп.
Адамдарды бөлмеймін адамдардан
Жаны жомарт жандардың жөні бөлек.

Откенімді қалайша жамандармын,
Мен де талай мазақтан аман қалдым.
Бәрінен де қымбаты
Адамдарға
Жылылығы жетпей жур адамдардың.

EKİ ҚАЗАК

*Мен қазақын мың өліп, мың тірілген.
Жұбан Молдагалиев*

Қазақпын мен ешкімғе көне алмаған,
Құдайға да кей кезде сене алмаған.
Сендерлерлік болса егер
Сол аллаңыз
Адамзатты осынша неге алдаған?..

Дей алмаймын қазекен аз өкінді,
Қазір болса, әрине, азат енді.
Болған күннің өзінде сол аллаңыз
Бір жарылқай алмапты қазекенді.

Келмесе де қолынан кішкенелік,
Тіршілігін көшпелі түске жорып.
Дүшпаны жоқ секілді кешті ғұмыр
Өзін-өзі қазекен үшке бөліп.

Кейінгі жас буынның амалы не,
Айналсоқтап ағаны табады де.
Алдынғының артқыға қалдырганы –
Үш жүзіне бөлісу бар әлі де.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Мен үш жұзге бөлмеспін,
Дегенменен,
Екіге де ойым жоқ бөлем деген.
Екі қазақ бар:
Бірі – тым ескішіл,
Екіншісі жаңаға елеңдеген.

Мен екіге бөлмеспін,
Дегенменен,
Ойым да жоқ жартыға бөлем деген.
Екі қазақ бар:
Бірі – шала қазақ,
Екіншісі дәстүрге елеңдеген.

Қажеті жоқ әрине, енді азаптың,
Ажуасы болмайық сол мазақтың.
Аман болсақ сан «қызық» өтер бастан
Сол үшін де басқа емес,
Мен қазақтың.

МЕЙРІМСІЗ БИЛЕУШІ

Қара мұртты қatal жан,
Қалың қабақ.
Партияға дүшпанның бәрін қамап,
Ататынын атқызып,
Жер айдатып,
Жатты өзінің ойларын орындаپ-ақ.

Ешкім оның алдына келе алмады,
Көсем еді ол ақылды,
Кең арналы.
Аяғандар халықты жау бол шығып,
Аярлардың қызметі жоғарылады.

Көп нәрсеге болады адам құштар,
Аяқтарға табылды оралғыштар.
Қоғам үшін қан төгіп,
Жан бергіштер
Тұып жатты тираншыл жан алғыштар.

Жақтасы да,
Өзінің жақтары да,
Жансыздардың ілігіп ақпаратына,
Өзі үшін өлгенше қауіптілер
Тұсіп жатты тиранның қақпанына.

Қара басы құтылар сәтті бағып,
Қанға қолын әркім-ақ жатты малып.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Өзін-өзі тазартып,
Бірін-бірі
Үстап, айдаң күнәға батты халық.

Қайталанбас көсемі халықтардың,
Қолбасшысы қыргыңды жорықтардың,
Өзін-өзі құдайдай үстап тұрды
Мәйіттер мен алдында табыттардың.

О, азаттық,
Халықтың көз жасындаі,
Өзектерге құйылдың қорғасындаі.
Шын дүшпаның халықтың кім біледі
Елбасшының өзі де болды осындаі.

Өз дәуірін сілкілеп жеңіменен,
Кездесуғе сенімен,
Меніменен,
Мінбесінде даңқтың тұрды тиран
Қан шенгелдеп жалаңаш қолыменен.

Болса егерде күнә мен қылмыс кімде,
Демеп тұрды тек соны бір күш мұлде.
Сол тиран да бір кезде
Қолын бұлғап,
Мавзолейдің маңқып тұрды үстінде.

Бере алмайды бағасын сөз де кейде,
Өзге китель киіп ап,
Өзге жейде,
Жоғарыда маңқып тұрмақ тұрсын
Жатып алды жайғасып Мавзолейге.

Еске алайық айдалған қили жандарды,
Және атылған,
Ажалдан сыйы барларды.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Қанын төпіп,
Жан беріп,
Жапа шеккен
Еске алайық жазықсыз миллиондарды.

О несі бар,
Қостайық,
Қостамайық,
Тұрмасы анық қайта енді қас қарайып.
Ұмытпайық жаламен кеткендерді
Сталинді де шошынып еске алайық.

АЛАМЗАТТЫҚ СЫРЛАРЫ

Таңданамын,
Азamat, саған қарап.
Танытасың сен кейде жаман қабақ,
Талай жерге шырқатып бармайсың ба,
Дүниенің алдында адап-ақ.

Мақсаттарың бұл жарық жалғандағы,
Кұлық, сұмдық,
Ал адап арман кәні?
Ата-баба дәстүрі, асқақ мұрат,
Аманаттар адыра қалған бәрі.

Соттай,
Тергеу бірінді-бірің қуып,
Жоқ нәрсені мақсат қып,
Үрым қылып.
Қай жаққа алып барады дәл осы бір
Адалдықтан адасқан жырындылық.

Басымызда жүр осы тамам сұрап,
Азабына ажалдың алам шыдап.
Үрпакқа да үлгісін беріп жатыр
Бірін-бірі аңдыған адамсымак.

Айырылғандай сүйгенін,
Ғашығынан,
Тоналыпсың ей, бауыр, асылынан.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Қарап тұрган жоқсың сен адам құсап,
Жанарыңда пәле бар жасырынған.

Кереметсің өзіңіне,
Ғаламатсың.
Керегің жоқ «кеменгер азаматсың».
Қамқорлығын біреудің күтіп жүр ең,
Қамқоршысы бүл елдің бола қапсың.

Ілесе алмай ертең-ақ ел көшіне,
Өкпелерсің өзіңнің жерлесіне.
Ал мен болсам таңданам енді қайтып,
Азаматтың оралып келмесіне.

АЛМАТЫМ МЕНИН

Алматым менің сүйікті,
Аяулы ару жан қалам.
Көтеріп алып иықты
Үйлері көкке самғаған.

Алатау – алтын баспалдақ,
Жоғары қарай тартылған.
Күн өткен сайын аспандап,
Жұлдызға қарай талпынған.

Алыстан келген досым-ау,
Жоғары, төмен қарашиб:
Біз тұрган қала осынау –
Жер менен көктің арасы.

Бұлагы сейлеп былдырап,
Гүлзарды, бақты суарған.
Топырағын жердің бүрғылап
Атылып шыққан ну орман.

Көкпенбек және тәбесі
Көкпенбек және табаны.
Бар десе қайтіп сенесің
Осындаі басқа қаланы.

Ғимараттары кіл жаңа,
Келеді өсіп паңдана.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тербелген жерде гүл-қала,
Самғаған көкке ән-қала.

Есінде болсын қалайда,
Кіріп-шығарда Сарайға,
Ұмытып кетпе, жарай ма,
Сәлем бер ұлы Абайға.

Айтатын аз-маз «ақылым»,
Біліп ал қала картасын.
Абайдан кейін ақырын,
Мұқана қарай тартасың.

Еліне мынау ғашықтай
Сағыныш басқан, ой басқан.
Ол кісі болса асықпай,
Креслосына жайғасқан.

Ниетің болса баруға,
Келсе егер уақыт орайы.
Мұқаның тура жанында
Жастардың неке сарайы.

Жазудан қалам жүқарды,
Енді нелерді айтайын?
Есімін алған Мұқаның,
Театрды да байқадың.

Не керек енді жаныңа,
Тізейін жырмен соларды.
Театрды айттым,
Тағы да
Мен айтпай кеткен не қалды?

Білемін көңіл толмасын,
Арғымақ такси астында.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Айтпақшы, өзің қайдасын,
«Қазақстанда» жатсың ба?

Қалдырар жай жоқ бірін де,
Жатырмыз жалғап ғұмырды.
Қаланың халқы бүгінде
Миллионнан асып жығылды.

Арналған оған ән неше,
Өзі де толы әуенге.
Осындаі қала бар десе,
Сенесің бүкіл әлемде.

Өзіннен артық тегінде,
Бар десе қала наңбаймын.
Нью-Йорқ, Париждеріңе
Айырбастай да алмаймын.

Әнменен бірге қалықтап,
Таласып таңмен ояңдың.
Өсе бер кокке шарықтап,
Алматым менің, аяулым.

КОДА ДӘУІР ҚҰЛАЙЫ

Әлкей Марғұланға

Шүнірек көз,
Шот маңдай,
Бір ғаламат,
Дүниені аңыз бен жырга балап.
Сырға қарап Қорқытты елестетсе,
Есіне алды ғұндарды қырга қарап.

Қобыз даусын тындағы желге балап,
Алып Бамсы – тіледі ерге қанат.
Не дегенін түсінбей қалды ешкім де,
Күбірледі ақырын елге қарап.

Жер астынан шығарып ғажаптарды,
Тамұқтар мен ақтарды тозақтарды.
Мәңгі өлмейтін ілімді іздеймін деп,
Асан қайғы секілді азаптанды.

Бәрін зерттеп хан, қаған, құл, begінді,
Айқара ашты: кім жеңді,
Кім жеңілді.
Мәңгі өмірді іздеген әулиедей
Өлмесін деп өнерден қуды өлімді.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Кезіп жүріп, жаяулап өлке-қырын,
Табыстырды еліне ер тәнірін.
Қиын-қиын дәуірді бастан кешті
Кейіпкері секілді ертегінің.

Көне заман адамы көпті көрген,
Соңғы тұяқ қалған бір тектілерден.
Кеше ғана болған-ды ортамызда,
Аспанга ұшып ақыры кетті жерден.

Көне тайпа ғұн болып,
Оғыз болып,
Әрбір сөзі әпсана, аңыз болып,
Мына біздің ғасырды көктей өтті,
Қола дәуір құдайы тәрізденіп.

КАЙЫР ХАН МЕН ШЫНҒЫС ХАН

Алты ай бойы ала алмай Отырарды,
Іргесінде Шыңғыс хан жатып алды.
Шаһар үшін қан төкпеу қатындық деп,
Талай-талай ноянның басын алды.

Алға қарай қыпшақтар жібермеді,
Шыңғыс ханның тұңғліп түмендері.
Шоқпар киген қасқырдай бастарына
Талай рет шегініп,
Сүмендеді.

Ылаңымен іштегі ылбыстардың,
Сатуымен ақыры бір мыстанның,
Отырардың қақпасы ашылды да,
Кірді әскері қалаға Шыңғыс ханның.

Кек те кетті,
Апыр-ай, өш те кетті.
Зілқара күш ойласаң не істемепті.
Дарияны қалаға бұрып тұрып,
Отырарды жерменен жексен етті.

...Қайыр ханды ортаға алып келді,
Қаганының ерлігін халық көрді.
Дар ағашта, биіктө тұрганнан ба,
Көк тәнірі Қайырға шабыт берді.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Жұз жұмылып қысық көз,
Жұз аларып,
Жан-жагына қарайды бұза жарып.
«Мен мықты ма, Қайыр хан, айтшы, кәне?» –
деді Шыңғыс бір кезде ызаланып.

«О, Шыңғыс хан, көрмеді басым нені,
Батырды елі сүйеді,
Ақынды елі,
Өліп бара жатсам да сенен гөрі
Тәніріме сүйегім жақын», – деді.

МЕН ТӘНІРДІН ҰЛЫ ЕДІМ...

Мен Тәнірдің ұлы едім әу бастан,
Бар қаруым:
Садақ,
Найза,
Алдаспан.
Аунап жатқан мына алып даланы
Қорғап жүріп талайлармен жауласқам.

Ғұн да болдым,
Сақ та болдым,
Түркі де,
Жау алдында айналмадым күлкіге.
Арыстанға арыстан боп атылып,
Түрпі болып жетіп бардым түрпіге.

Тәнір ұлы болғандықтан о бастан,
Сенетінім – қара жер мен көк аспан.
Соның өзі болса керек бақытим –
Жер мен аспан арасында адасқам.

Жоқ ішімде бүркегенім,
Бүккенім.
Енді қайтем осы болса күткенім.
Рухымның не болғанын білмеймін,
Тұлпарымның тұяғындағы мықты едім.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Мені Тәнір жаратудай жаратты,
Сұнқар едім,
Қыран едім қанатты.
Талай рет бірақ жерге қаратты,
Зар иletіп заманаулар – абақты.

Бірақ бізде енді жай жоқ қамығар,
Заманың да бір бұрауы табылар.
Мейлі қанша кесілсек те
Болармыз
Жылан сынды кесірткелік әлі бар.

ТӘНІРҚҰТЫ МӨДЕ ҚАҒАН

О, ғұндардың Тәнірқұты Ер Мөде,
Тұлпарың да тулап тұрса кермеде,
Кекбәрің мен Ақсұнқарың жебесе,
Тыныш жата алмассың-ау көрде де.

Біз естідік ғасырлардан үнінді,
Көгіне өзің көтеріпсің күнінді!
Жалғыз қаған жорытыпсың жапанда,
Жорықтарға бастап шығып ғұныңды.

Иұзылықтар,
Дунхуандар кім еді?
Сенен ғана шайлығыпты жүрепі,
Нәнди биін өлтіргенде үйсіннің,
Сеніменен бірге аттанды ғұн елі.

Сендей батыр,
Сендей ерді ел сүйді,
Сендей болса, бұл жаһанда ер сыйлы.
Шығыстағы шыр айналған жауыннан
Өзің түгіл сақтадың сен көршінді.

Не деп едің қалың қырғын қоршауда,
Нәнди бидің ханзадасы Елсауға:
«Қазір жассың,
Дұшпаныңнан тұбінде
Тиістісің кек алууды аңсауға!»

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Сол сөзіңді тартып тұрып көлденен,
Елсаудың да ертеңіне сенген ең.
«Елінді – ел,
Жұртыңды жұрт етемін,
Есейген соң өзің мықты бол» деп ең.

Сол айтқаның келді, ғұнның бабасы,
Өсіп жатыр бүгін қазақ баласы.
Тақияма тар келіп тұр демеймін,
Тәбәрік боп сенен қалған даласы.

Ал сен болсаң жоқ адамсын тұрысқа,
Кезек қарап Батыс пенен Шығысқа.
Жалауларын желбіретіп наизаның
Кіріп бара жатқандайсын ұрысқа.

ӘЗ ЖӘНІБЕК ПЕН ҚАРА ИВАН

Аңыз

Әз Жәнібек,
Хажы Тархан қаласы,
Ақ Еділдің ақ толқынды жагасы.
Ақ Сарай мен мешіт салу келді ойға
Куансын деп бар қыпшақтың баласы.

Содан кейін салып жүріп әркімді,
Аралатып әр шаһар мен әр қырды.
Шебер іздең көрші орыс елінен
Қалтасы бар қара Иванды алдырды.

Жәнібектің қонағы айтты төрдегі:
– Өтінемін соны ғана бер, – деді. –
Хандар екі сойлемейді қашан да
Қалағаның өзіндікі, сол, – деді.

Жүріп кетті құрылыс та кешікпей,
Бітер болды Ақ Сарай мен мешіт те.
«Менен бұрын кіrmесін, – деп, – тірі жан»
Әз Жәнібек күзет қойды есікке.

Хан сонан соң жарлық бермей не қылсын,
Былай деді: «Бұйырамын, елім, шын,

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Менен бұрын кірер болса кімде-кім,
Басы алынып, босағаға көмілсін!»

...Бұл жазғанға бар ма адамның шарасы,
Дүниенің қырсыққанын қарашы,
Ойнап жүріп кіріп кетті бір күні
Ғимаратқа ханның ерке баласы.

Сейтіп орыс кетті асырып амалын,
Ашық ауыз адамына даланың.
Қалталы Иван Жәнібекті шақыртып,
Көрсетеді бұл қылығын баланың.

– Осы болса, уа Жәнібек, керегін,
Өз жарлығың,
Өзің айттың,
Не дедің?
Ханның сөзі жалғыз,— деді қара Иван, —
Басын кесіп босағаға көмемін.

Жәнібектен күлкі қалды,
Күй қалды,
Шекті азапты,
Жаны жаман қиналды.
Ақырында уәделесіп жасырын
Алтын беріп көндіреді Иванды.

— Хан жарлығы біреу, — деді тағы Иван, —
Орындалу керек сенің қагидаң.
Орынына балаңыздың басының
Басын көмем бір орыстың жаны иман. —

Хан амалсыз берді оған келісім,
Ал қара Иван аралап кеп ел інін,
Тауып алып бір орыстың баласын,
Ол — шын.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ғимаратты бітірген бір күн еді,
Қара Иванның дүрс-дүрс соғып жүрегі,
Үәделескен атан өгіз терісін
Айналдырып,
Таспа етіп тіледі.

Ақ Еділді өрлеп кетіп жоғары,
Сол таспаңыз байтак жерді орады.
Атан өгіз терісіндей ұлы жер,
Соныменен қара Иванда қалады.

Қандай еді көз ұшынан көрінген,
Жәнібек те жарты айрылды Едіден.
Сөйтіп хан да өз жарлығын бұза алмай,
Заманында іштен жылап, етілген.

Біткенине мешіт пенен Сарайдың,
Той жасалды содан кейін талай күн...
Секерге мас, құладынға қор болған
Аққуларын көріп жатты ақ айдын.

Ел дегенде ет жүрегі шанышқан,
Сол кездегі дария – дана данышпан.
Жәнібектің жарлығымен бұл тойға
Шақырылды Асан қайғы алыстан.

Жалғыз дана бүкіл сонау елдегі,
Осы тойға Асан ата келмеді.
Аққуларды құладынға алдырған,
Жәнібектің бұл қылышын көрмеді.

Құладының құс ішінде – құлын да,
Аққу құстың төресі еді шынында.
Жәнібектің дәл осы бір қылышын
Асан ата кешпек емес гұмырда.

Жәнібекке сәлем айтты қоралы:
«Айырыласың Еділінен қоғалы.
Күндердің бір күні болған кездерде
Қара да тұр босынды орыс алады.

Ғимараттар салғыздың да орысқа,
Женілдің сен ақылменен «соғыста».
Ен тоғайын Еділімнің көрсетіп
Қызықтырдың атамекен қонысқа», –

Деген еді қадірменді қария,
Жері жаннат,
Құтты мекен әрі ұя.
Көшті кейін сол орыстың қолына,
Ен тоғайы менен Еділ дария.

...Былай болған, күндері Еділмен,
Келе жатқан жалғыз кеме көрінген.
Осы кеме сор боп келіш ақыры
Жәнібек хан біржолата женілғен.

Сол кемемен қайта оралған қара Иван
Қайтар емес небір сойқан, сойылған.
Бас та оған көмек болды сонымен,
Баяғыда босағаға қойылған.

Мың солдатпен келген орыс Иваны,
Арсыздықтан айылын да жимады.
– Отырғаның орыс жері, босат! – деп
Келе сала ханның өзін қинаған.

Жәнібек те үзе қоймай күдерді,
Тұрды қарсы жанып алып жігерді.
«Сұмдығың мен тый, – деп, – мына зорлықты»
Ақ патшага шабармандар жіберді.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ақ патшадан келді сонсон ұлықтар,
Еділ бойын жайлап алды сүйк қал.
Дегенменен жұғінердей шындыққа
Ол кезде де өзінде бір ғұрып бар.

Бірақ әбден дайындалған қара Иван,
Зұлымдықтың бар түріне бой ұрган.
– Бас кімдікі – жер де соның жері, – деп,
Басты аштырды босағаға қойылған.

Қолдан кетіп қалғаны мен қоныстың
Осы болды тарылғаны өрістің.
Босағадан крест таққан мойнына
Баласының басы шықты орыстың.

Эз Жәнібек дымы құрып, женілді,
Ал қара Иван женіп шықты,
Көнілді.
«Өз жарлығын екі етпейтін»
Хан шіркін
Беріп тынды ел тоғайлы өнірді.

Сақта, құдай,
Оңбаганның оғынан.
Мұсылманды айнытпағай жолынан.
Өлген екен ақыр соңы, кейін де
Жәнібек те бір орыстың қолынан.

Егер де бір болса менің сүйерім,
О, өзіңе басымды мың иемін.
Аруағынан айналайын көріпкел,
Данышпаным,
Асан ата,
Киелім!

ЭЙЕЛ ПАТША ТОМИРИС

Парсылардың Кир патшасы кесірлі,
Көршілерге көз алартып есірді.
Лидияны қомегімен сақтардың
Алғаннан соң енді саққа тесілді.

Ал қас сақтар аңқау еді расында,
Кирдің ойын түсінбеді басында.
Залым патша бастап берді шабуыл
Сақтар тыныш жатқан кезде қосында.

Қара бұлттар үйірді де аспанды,
Зәу-сайтанда қанды қырғын басталды.
Осы жолы сақ-массажет қолдарын
Томиристің өзі тұрып басқарды.

Патша әйел – массажеттер көсемі!
Тайпасының айбыны мен сесі еді.
Небір қызын қыстауларда Томирис
Ел тағдырын сабырменен шешеді.

Өзі сұлу,
Өзі ақылды асқан жан.
Елі үшін ер секілді тас қорған.
Ақырында ерлігімен келтірді
Киріңіздің екі аяғын аспаннан.
Сақтар менен массажеттер ақыры,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Жауларының жаназасын оқыды.
Бітті қыргын,
Құлады жау,
Қалың қол
Ортасында Томиристің шатыры.

Жаулап алу жақсы емес жат жерді,
Залым ойға қашан тәнір бақ берді?
Батыр сарбаз киіз шатыр алдына
Соғыста өлген Кирдің басын ап келді.

Көрсөң егер түсер ме едің шалқаңнан,
Бір сүйк жел қарығандай арқаңнан.
Екі-үш сарбаз әрен-әрен қөтерген,
Және келді жарғақ тұлып қан толған.

Тосатын бар деген осы асқанды,
Ойландыру дүшпандарды,
Достарды –
Томиристің әмірімен қан толған
Сол тұлыпқа Кирдің басы тасталды.

Тосатын бар деген осы асқанды,
Ойландыру дүшпандарды,
Достарды –
Томиристің әмірімен
Қаны толған
Тұлыбыңыз дарияға тасталды.

Бұл да біздің бір бағымыз не керек,
Тарих үшін кештеу туған болар ек.
Бабалардың білмес те едік ерлігін,
Осыны егер жазбай кетсе Герадот.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Өтіп бастан небір қырғын азаптар,
Түшп отыр аз да болса азат қал.
Ал бүгінде көк байрагын көтерген,
Қас сақтардың ұрпақтары – қазақтар.

БАЯН ЖЫРАУ МЕН ОЛЖАС АҚЫН

Аманкелді Төлеевке

Орыстың атақты «Игорь жасағы туралы жырын» сол дәуірлердегі Қыпшақ ханының баласы Баян жыраудың жазғандығын 1992 жылғы 28 наурыз күні Мәскеу теледидары өз хабарында әнгіме еткен болатын.

КГБ архивінің патша жандармериясына жататын бөлігінен жырдың шынайы авторы Баян жыраудың жартылай күйген суреті шыққан екен. Мұны хабарлаған орыс ғалымы жаңалықты «ғасыр сенсациясы» деп бағалаған көрінеді. Дерек «Ұлан» газетінен алынды.

Біраз жылдар өтіп кетті оған да,
Жүріп жаттық құлыптаулы қоғамда.
Шоңайнадай жабысатын ол кездे
Пәле-жала дегеніңіз адамға.

Партиядан оп-оңай-ақ қуылып,
Табан асты қылشا мойын қылылып,
Жататын-ды қара басқа күн туып,
Дәм-тұзыңыз басқа жақтан бүйірып.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Заман еді бірді-бірге соқтырар,
Мың шындықты бір сұмдықпен жоқ қылар.
Жалақорлар, жағымпаздар биқтеп,
Темендейтін жалындылар,
Оттылар.

Есімізде Сұлейменов Олжасты,
ЦК-нызда тазалады жап-жақсы.
Себебі ол көне орыс жырында
Түркі сөзі қаптап жүр деп «алжасты».

Ұлы орысты «қаралаган» ақынды,
Ұлтшылдықтың батпағына батырды.
Кетесің деп Сәкендерің секілді,
Аузындағы антын алды ақырғы.

Ұлы орыстың ар-намысын қорлаған,
Мұндай сұмдық бұрын-со,ды болмаған.
Ұлтшыл болып шықты қазақ халқы да
Ақыны да болып шықты онбаган.

Сол Олжастың «Аз и Ясы» бүгінде,
Дүбір қосты дүниеге, дүбірге.
Игорь жырын Баян жырау жырлапты
Көне орыс, көне қыпшақ тілінде.

Содан болар көне жырың күрделі,
Бөтендіктен қырсық туып тілдегі.
Сондықтан да орыстардың ондырып,
Орысшага аудара алмай жүргені.

Ақындарды құрметтеген аяулы,
Жүректерге түсірмейік қаяуды.
Кінелауга халқымыз жоқ ендеіне,
Орыс тілді Олжас пенен Баянды.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Жайымыз жоқ жүрек сөзін жасырап,
Бұл пікірге мүмкін әркім қосылар.
Өз елінде ұлтан бола алмаган
Өзге елде сұлтан болса несі бар?

1990-ДА ТУҒАН ЖЫР

Мен Ғұндардың ең соңғы түяғымын,
Қиялымын,
Немесе қиялимын.
Түяғымен атымның таңбалагам,
Әр төбесін даланың қия-қырын.
Саянтаудан басталған саяхатым,
Қаратады қалғудан оятатын.
Кең далада қанша ерлік жасасам да,
Екіжүзді болған жоқ саясатым.

Қырат-жонда аттарын сабылдырған,
Мен Сақтардан қалғанмын сағым қуған.
Таңнан кешке қуам деп күннің өзін,
Жаратылған пендеңін жаным нұрдан.

Мен скифпін,
Сарматпын,
Массагетпін,
Айта алады дәлелдеп басқа деп кім?
Жетіп келген дүшпанды жерге тығып,
Желдей ескен жебемен масқара еттім.

Қаныма да даланың күні сіңген,
Көшпендімін,
Оны да біл ісімнен.
Яксартымның бойында жүзі қайтып,'

Ескендір де шошынған жүрісімнен.
Кейін келіп әлдекім тояттаған,

Өзеуресе бұның да таяқ маған.
Бар ма екенін біле ме бұл далада,
Болса бір тал мен сілкіп оятпаған.

Қадірлім не,
Білемін киелім кім?
Тек соларға басымды иемін мың.
Бөлшектеймін десе кім бұл даланы,
Аттап өтсін үстінен сүйегімнің.

Құйып алғам санама сағым белін,
Тағдырымды жамаған тауым, көлім.
Тұла бойын қойғанда тұнып тұрған,
Жалғыз талы даламның –
Жаным менің.

Бұл күндері біздерде арман басқа,
Қолдар бізді үлкен де,
Қолдар жас та.
Кетер қонақ сиқырлап керзі етігі,
Біз қалармыз айналып балбал тасқа.

МАКЕДОНСКИЙДІН ЛИОГЕНДІ ІЗДЕП КЕЛУІ

Дүниеден бөлініп,
Тыныш мұлде,
Қыздырынып ақырын күміс күнге,
Кіп-кішкентай базаршық алаңында,
Жатыр еді Диоген құм үстінде.

Біраз-біраз жол жүріп,
Жер бөктеріп,
Жағалауын теңіздің өрлең келіп,
Сырттай ғана еститін атақ-данқын,
Жетті патша ғалымды көрмек болып.

Жүрісіме осы бір ел сенер ме?
Келіп тұрмын жорыққа жол шегерде.
Тілегінді айт, – депті патша оған, –
Маған қояр өтініш болса егер де. –

Диогеннің байлықты ұрғаны ма?
Орынынан тіпті де тұрмады да.
Сығырайтып көздерін былай депті,
Аунап түсіп данышпан бір жағына:

– Дүниені тұрғанда жын ойнамай,
Тынышымды бұлдірмей,
Ылайламай,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бір тілегім бар саған, құннің көзін,
Қалқаламай кет, – депті, – былай қарай.–

Ашуланбай осынау жайға бірак,
Қайрағына сабырдың қайралып ап,
Былай депті бүрылып нөкеріне,
Сонда ақылды патшаңыз ойланып ап:

– Қалқан болмай ешқандай жарыққа да,
Аттанбай-ақ ел үшін жорыққа да,
Қайта тусам егер де, патша болмай,
Туар едім Диоген болып қана.

СҮЛЕЙМЕНОВ АСКАР КЕЛЕДІ

Жұрек пен мұрын, бас мықты,
Атойлап өтті жастықты.
Дәлелдеп тұрып достықты,
Боқтады талай бастықты.

Безерген беттен қайтпады,
Пендеге сырын айтпады.
Өзіне ғана белгілі,
Құпия-жұмбақ жайттары.

Ақындарменен дос болды,
«Қатындарменен» қас болды.
Сақалдан сүйді қарттарды,
Маңдайдан сүйді жастарды.

Биікке егер ынтықса,
Сол ішінде еді бір шықса.
Шыққысы оған келмеді,
Тұскісі келді қырсықса.

Қызыншың құс еді көлдегі,
Сексеуіл еді шөлдегі.
От болып туған азамат,
От болып жанды, сөнбеді.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Кім қалай жерге көмеді,
Сексеуіл сынды денені?
Табытқа сыймай, мырзалар,
Сұлейменов Асқар келеді.

ЕСКЕ АЛУ

Кеңшілікке

Тосын болды өлімін,
Жанға батты.
Қыраулы еді қыс көзі, жол да қатты.
Сезбей қалдың өзің де
Жалт берді де,
Тастап кетті асауың Арман атты.

Леді хабар: «Тұлпары жығып кетті»,
Жай жетпейді, сұмдық-ай, сұық жетті.
Бір асауды тізгіндегі алатын ең,
Тізгін қалай қолыңнан шығып кетті?

Тастап кеттің даланы,
Өлке, белді.
Аруларды – ақ қайың еркелерді.
Қамшысының сабындај жолаушының,
Амал қанша, өмірің келте болды.

Мүмкін жаңсақ бастың бір,
Жаңылдың ба?
Қатты сәті болды ма арынның да?
«Мұқан, Мұқан» деп айта беруші едің
Мұқағали ағады сағындың ба?

ШЫГАРМАЛАРЫ

Бір-ақ зулап басыңнан өткінші күн,
Сүймесен де еркелеп шектің шылым.
Алматыда біраз жыл арын басып,
Туган жерге аттанып кеттің шұғыл...

Бірімізге-біріміз күдірейіп,
Кетуңі едік,
Енді уды сімірейік...
Біз де сөніп кетпесек,
Ортамызда
Орның тұрар өмірлік үнірейіп.

Сырларыңың,
Кірпияз мұңдарыңың,
Жанымызда екенін біл жаныңың,
Авторынан аумайтын еркелігі
Маңдайынан сипармыз жырларыңың.

ҚЫЗЫЛ ҚҰЖАТ ЖОҒАЛЫ

Паспортым тосыннан жоғалды,
Білмеймін не үшін, кім алды?
Ішінде ақшасы болар деп,
Әрине, баукеспе ұры алды.

Ақша жоқ паспортқа салатын,
Ұры көп қалтаны қағатын,
Ішінде тек қана жалаңаш,
Әйелдің суреті болатын.

Асығып жеттім мен үйіме,
Қуанып құжатсыз қүйіме.
Жетпей-ак жүр еді өзіме
Осы бір паспортыз дүние.

Елімде үқсан мен ботенге,
Бір рет шықпаппын шет елге.
Басымды байлаған бұл құжат,
Жоғалған жоқ шығар бекерге.

Біледі, әмірді білгендер,
Сүйеді, әмірді сүйгендер.
«Қып-қызыл пәледен құрылып,
Мені енді шет елде жүр» деңдер.

КАЙЫРШЫ

Қайыршы қажыған, шаршаган,
Маңайын тапшылық қоршаган.
Бүгінгі ғажаптан безініп,
Бұрынғы азабын аңсаған,
Қайыршы қажыған, шаршаган.

Ол соқыр, көзі де көрмейді,
Ол пақыр ілініп, өлмейді.
Бүгіннен қорқады ол бейбак,
Ертеңге ешқандай сенбейді.

Маңында жанашыр жоқ халық,
Ұры мен қарыдан сақтансып.
Тоналмай аман-сая жетуге,
Келеді зиратты бетке алып,
Жанында жанашыр жоқ халық.

АЛМАТЫНЫН АВТОБУСЫНЛА

Автобуста қиямет кешке жақын,
Үйренгенбіз «ойынга» басталатын.
«Майдандасып» кірген соң әл қалмайды,
Өзінді-өзін игеріп,
Басқаратын.

Азанда да осындей,
Тұс кезінде.
Мінгенің не, мінген соң түспегің не?
Шықпау үшін кіргендей сезінесің
Және осында келгендей түстенуге.

Небір қылыш жүртпенен араласып,
Ит боласың ұрсысып, «абаласып».
Қалың елдің ішінде періштемен
Құшақтасып қалыппын қара басып.

Итерген соң ондырмай «жынды» халық,
Бірімізге-біріміз ырғып алдық.
Айғай, «аттан», ішінде опыр-топыр,
Бірімізді-біріміз ұргыладық.

Әмиянын қойнына қысып алған,
Өзі келіп алдыма түсіп алған.
Мына жerde не бәле, жаманатқа,
Қорықпайтын секілді ұшыраудан.

Ол кірпігін қадады жанарыма,
Қарап қоям мен де оның қабағына.
Қытықтады бір кезде,
Өлгенім-ай,
Кіргізіп ап танауын тамағыма.

Қытығымнан қорқамын,
Қорыққышпын,
Содан кейін мен де оны келіп құштым.
Не болғанын білмеймін әрі қарай
Автобустан әйтеуір өліп түстім.

Мен емеспін жалған сөз күрайтүғын,
Жайым да жоқ өтірік сынайтүғын.
Құлқілісін айттым да әзіл қылып,
Ішке сақтап қалдым ғой жылайтынын.

Болмасақ та адамның айуаны,
Қара да тұр, атымыз жайылады.
Аман болса, автобусы Алматының
Абыройдан бір күні айырады.

АНСАУ

Дегбірсіз, тентек жүрегім,
Осыдан артық не істейді?
Орындалмайтын тілегін –
Кендікті ғана көксейді.

Далада туған даңғазам,
Дамылдар емес, болмайды.
Қалада тұрып, ол маған
Даланы аңсап қоймайды.

Далиып жыры басталған,
Далам бар дейді сүйенсем,
Далаға тұсер аспаннан,
Ауаға тастап жіберсен.

Арман қып адал тілекті,
Біразға келді жас деген.
Тыңдаймын деп-ақ жүректі,
Алысып келем баспенен.

Сабыр мен сақтық кезігіп,
Білмеймін қашан шаршайды.
Өмірде бардан безініп,
Көнілде жоқты аңсайды.

Бола ма өмір сұрақсыз,
Орындаپ келем тілегін.

ШЫГАРМАЛАРЫ

«Лыпасыз», дымсыз, ұятсыз,
Жалаңаш менің жүрегім.

Шаршадым қажып мен деген,
Өзімді-өзім мазақ қып.
Кетсем деп ұшып кеудеден,
Аңсайды жалғыз азаттық.

АШЫНУҒА БОЛМАЙЛЫ

Ашынатын жоқ секілді ештеңем,
Көкейімді дүние де теспеген.
Ағаларды әрқашан да ардақтап,
Көрмей кетсем көкелерді көксегем.

Жақсы ініге тіпті жақсы қараймын,
Қарындасты қарлығашқа балаймын.
Анда-санда дұрыс жолдан ауытқып,
Ренжітсем сен де кешір, арайым.

Таптырмайды рас, кейде дерегі,
Пендеңіз де болған іске көнеді.
Тұрағы жоқ,
Тұрлауы жоқ өмір-ай,
Бірде бетін, бірде шетін береді.

АЛДЫМНАН ШЫҚТЫ

Көркіне нұрлы таңғалдым,
Сүйкімді жансың ғаламат.
Алыста тұрган арманның,
Әлемін кеттім аралап.

Осы сәт па еді, япыр-ау,
Бөлөнген нұрға дүние.
Таңғалып қүйге осынау,
Құладым келіп үйіме.

Жылагым келді егіліп,
Шаттықтан басым айналды.
Бақытқа балдай көміліп,
Бастым-ай келіп айғайды.

Мұратым менің тым асқақ,
Тәңірдің солай кесімі.
Болса да мейлі бір-ақ сәт,
Өмір деп білем осыны.

Алыста қалды базарым,
Енді де маған бәрібір.
Татайын тәтті азабын,
Алдымнан шықшы тағы бір.

БІР ЖҮРЕКТЕ АЛАМҒА ҚАНША ОРЫН БАР

Құрсаудамын,
Адамдар,
Қоршадыңдар,
Әрқайсыңың қолында қол шамың бар,
Ал қайсыңа жетеді жалғыз жүрек,
Бір жүректе адамға қанша орын бар?

Қабағымнан түңіліп күнде менің,
Сәл алыстап барады іргелерің.
Келте өмірде қамшының сабындей-ақ,
Қайсыңды мен құшақтап үлгеремің.

Аз жыл бұрын осыдан өліп қалған,
Бір орын бар анама беріп қойғам.
Ақыретке анасын сүйе алмайтын
Адаммын ба алдында айыпталған.

Әкем, жарым,
Үрпағым, туғандарым,
Бар өмірде және де бір қалғаным.
Бәріне де солардың орын керек,
Өліп қалған және бар бір бағыланым.

Сенбе мейлі, сен мейлі ертегіме,
Гүлденсін деп су сепкен өркеніме,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Өлең-жырымды оқитын күтіп жүріп,
Үміт артқан елім бар ертеңіме.

Оның орны бір бөлек алабөтен,
Жүріп жатқан елім бар қала – мекен.
Мейлі, қайда барсам да ондай қайда
Жер таптаймын жалғаннан далама тең.

Бұларға орын керек пе бұл жүректен,
Бұл жүректі кайтемін дір-дір еткен.
Жүргімді ақ жібек орамалдай,
Кездерінді білемін үлбіреткен.

Қандай жақсы шынында көніл нәрі,
Тағдырым бар өзімнің қолымдағы.
Осыларды ойласам қиналадын,
Бір жүрекке сия ма соның бәрі?

Сырт қарасаң менде де көніл тоқтай,
Бәрі тегіс емес қой өмір тақтай.
Жүрген кезде жанымды қинайсындар
Өз кеудемнен өзіме орын таппай.

Даусым да осы,
Жеткенше айқайлаймын.
Шыным да осы,
Шындықтан қайта алмаймын.
«Жүргімде бәріңе орын бар» деп,
Ақыретке өтірік айта алмаймын.

ГҮЛ ҰСТАҒАН ҚЫЗ

Мәз болады жас сұлу қолындағы гүліне,
Қолындағы гүліндей нұр жайнайды жүзі де.
Тіпті көңіл бөлмейді, ой-хой жастық, тәкаппар,
Сыртындағы жігітке қарап тұрған сүзіле.

Әмір деген кіл бақыт емес және кіл бейнет,
Кетпес әрі женіл боп, кетпес тағы зілдей боп.
Бір жігіттің қолында сен де бара жатарсың,
Қолындағы өзіннің үзілген сол гүлдей боп.

АУЫЗҒА СӨЗ ТҮСПЕДІ

Оу, әпендім,
Жол болсын,
Қайда кеттің?
Тағы қандай қияли ойға кеттің?
Егінімнің үстінен қойларыңды
Топырлатып,
Маңыратып айдап өттің.

Суға кеткен адамдай қорланамын,
Жалғыз ғана тал болды кармағаным.
«Иттің ғана баласы-ай!» деген сөзден
Басқа енітене айта алмай дал боламын.

МЕНІ ЕКЕУЛЕП КЕЛЕДІ

Жақсы-ақ жүріп көп досымнан айырылдым,
Соғыс емес кезінде осы жай құннің.
Нелерге адам жолықпайды омірде
Бұл да бірақ соңы емес қайғымның.

Созбаймын-ақ десем-дағы мен өңеш,
Қарсы алдымнан шығады ылғи ерегес.
Женіп шықсам, мәз боп қалам,
Өмір-ай,
Бұл да бірақ женісімнің соңы емес.

АЗАП ПЕН ҮЗА

Сен неге келдің өмірге,
Мен қайдан келдім қаңғырып?
Сол үшін ғана тәнірге,
Болармын қарсы мәңгілік.

Өзі де сорлы пендеге,
Құдайым азап беріпті.
Ақын боп тудым мен неге,
Сен неге бөлдың көрікті?

Қайтемін жалған тәзімді,
Ал енді өлдік –
Ғашықпыз.
Көргенім үшін өзінді,
Сезінін кетем бақытсыз.

Осы ма жану, өрт деген,
Болса егер осы – қонеміз.
Іштегі азап,
Дертпенен
Бейбақтар құсап өлеміз.

Осы азап пенен осы бақ,
Ақынды еткен дәмелі.
Кім ойладап тапқан ақымак,
Махаббат деген пәлені.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Қонбасаң егер қолыма,
Кездесіп неге қинадың?
Азап боп тиген жаныма
Құрысын күндей дидарың.

Әзірше қош бол,
Ал енді,
Қоспаған тағдыр, қосағым.
Өлген соң ғана дененді,
Табыттан алып қашамын.

АҚ ХАЛАТТЫ ҚЫЗДЫҢ ҚЫЛЫҒЫ

Тынын қалай жүремін бұл өмірде,
Қызықыш-ақ жанмын мен гүл ерінге.
Қарындасты көргенде ақ халатты
Бір төңкеріс басталды жүрегімде.

Үннатам деп айтқым кеп айта алмаймын,
Үнсіз ғана ішімнен айқайлаймын.
Ішімдегі дертімді көтере алмай,
Ару қыздың алдында қайқандаймын.

Шыдадым мен біраз күн бұл азапқа
Және қандай айлам бар бұл ғажапқа.
Неге сонша байланып қалды тілім,
Махаббат па бұл әлде,
Мінәжат па?

Денім бүтін,
Сап-саумын әзірге мен.
Асқазаннан тек қана жазылмақ ем,
Күндердін бір күнінде тілім шығып,
Қарындасты қағыттым әзілменен.

Айналайын осындай мәрт жанынан,
Ине салғыш қыздардың салттарынан.
Менің кейбір сөзіме өштесіп ап,
Салды дейсін уколын арт жағымнан.

Шарасызбын,
Таусылған, амал кенде.
Қыз алдында құлқілі болам ба елғе?
Қалай екен деп маған қыз қарайды,
Бақырайып қараймын оған мен де.

«АХ. САМАРА-ГОРОДОК»

Қазақтың бұлбұл қызы Роза Баглановага

Ол кезде он үштегі бала едім мен,
Іштегі арпалысқан әлегіммен.
Ән десе, ішер асым жерде қалып,
Бөлініп кететінмін әлеміңнен.

Бір күні сөзсандықты ашып қалдым,
Аштый да қалбалақтап сасып қалдым.
Кеудемді кернеп алып бара жатқан,
Бір әнге сол мезетте ғашық болдым.

Оятып кең даланы,
Аймақ, қырды,
Құбылтып әуенімен ойнап түрлі,
Көтеріп кіп-кішкентай ауылымды,
Бір бұлбұл «сандығымда» сайрап тұрды.

Роза апам «Ах, Самара-городокты»
Шырқатып,
Бар жанымды аралатты.
Сол әнмен менің кеудем бірге ұшып,
Жүрегім ол да самғап бара жатты.

Сол әннің тым сүйкімді әлемі де,
Сүйсінтіп салып қойған әлегіне.

Сол бір ән құпиямды ашып тастап,
Үштым мен біржолата ән еліне.

Ән сезім содан бері бойымды алған,
Қалмаймын сауықтардан,
Ойындардан,
Құтырып кеткендігім соншалықты,
Кей кезде шығып кетем шойын жолдан.

Шарап та бұндай болмас бір құмыра,
Әнменен ұшам небір құрлығыңа.
Сыйлаған махаббатты жүрегіме
Қазақтың алғысым көп бұлбұлына.

БӘРІ ДЕ КЕРЕК АДАМҒА

Не дерсің мынау заманға,
Жетпейді анау, мынау да.
Бәрі де керек адамға –
Күлу де керек, жылау да.

Қиял сол, кейде арман сол,
Ырысың болса мәуелі.
Өмірді сүріп алған соң,
Өлу де керек әуелі.

Жүрсөніз алға ұмтылып,
Болса егер біраз ақшаныз.
Болмаса егер жымқырып,
Қайдан да болса тапсаныз.

Сол ақша үшін көр қазып,
Кеткендерге де ұрыспа.
Жатқан ем үйде жыр жазып,
Амалсыз шықтым жұмысқа.

Осынау қызық заманда,
Ахуал елді мендеткен.
Арам ба, мейлі, адад ма,
Келеді ақша енбекпен...

ЖЫНЫМА НЕГЕ ТИЕСІН

Мен кіммен жолдас болмадым,
Алданбай қалдым мен кімнен?
«Иттерге» қолды жалғадым,
«Шошқаларға» да сендім мен.

Аңы да болса ішейін,
Тұшы да болса айтайын.
Сабама қалай түсейін,
Бетімнен қалай қайтайын?

Не дейін сендей пақырға,
Бәрібір биік шоқтығым.
Мас болып алып, жақында,
Сен не деп кеттің, боқмұрын?

Қағынып жүрген кезімде,
Уыстап алғам отты мен.
Білесің оны өзің де
Әлі де қайтпан беттіден.

Мен емес солып, жабығар,
Мен емес тіпті хал күйттер.
Түсініп «ұры-қарылар»,
Қолдады мені «бандиттер».

Мінезіне кінә тағады ел,
Сүймеймін рас, ырбынды.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Көрмestей кетсөн, бара бер,
Табылар сендей бір жынды.

Бақиға және ғұмырға,
Анамнан қалай бөлінгем.
Тұған соң доңыз жылында,
Өзім де доңыз едім мен.

Мейлі, кетсін сол арман –
Жоғары жақтан тас құлап,
Біз көрген талпақ танаудан
Жабайы доңыз жақсырақ...

ЖАСАЛМАҒАН КӘСІП

Қазіргілер осылай сүйер ме еді,
Үйелмелі кемпір-шал сүйелмелі.
Елу жылдың үстінде өмір өтті,
Бір-біріне екеуі сүйенгелі.

Көтермейтін басынан сөз асқанды,
Жұрт білетін жомарт жан Қожақ шалды.
Жасамаған кәсібі өмірінде –
Әнеугүні кемпірін сабап алды.

ЕШКІМ ДЕ ШЫҚПАДЫ...

Біреу есік қағып түр дұрсілдетіп,
Ашпаған соң ұрды-ай кеп, гұрсілдетіп.
Олай ұрды есікті,
Бұлай ұрды
Және ешкімдер шықпады «кімсін?» десіп.

Көп емес пе кеткендер жоққа есебі,
Байқаусызда адал жан от көседі...
Қағып тұрган бір сұлу әйел еді,
Ал қағылған зираттың қақпасы еді.

ӘНГІМЕ

Адам:

– Өмір, неткен көрікті едің, әсем ең,
Саған мәңгі ғашықтын мен, мәселен.

Өмір:

– Оны қалай дәлелдейсің, ей, адам,
Сүйсен-дағы тұрақсызың дей алам.

Адам:

– Оған ешбір керегі жоқ дәлелдің,
Сенің үшін құресіп-ак өлермін.

Өмір:

– Айттым ғой мен, алдын ала сеземін,
Мені тастап кететін де сен өзің.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Өмірдің сыңсып салған әні керім,
Бар болса алдымызда әлі де күн,
Жақсысы,
Жаманы да іздең жүріп,
Тиеді жүргегіме бәрі менің.

Хабар ма,
Газеттегі ақпарат па,
Кірдей боп жұғып кеткен ақ параққа.
Тиеді жүргегіме ағып келіп,
Айтқан сөз,
Басқа жаққа атқан оқ та.

Өмірде әр нәрсеге себепші бар,
Себептің орыны да бөлек шығар.
Барлығын сезе бермес бірденемен,
Жүректі алмастыру керек шығар.

Жүргегім кемедейін қайырлап тұр,
Осыны түсінетін бауыр жок бір,
Жүректі алмастыру керек шығар,
Оның да жолын табу ауыр боп тұр.

Күндерің – кітап десен парастаған,
Кітапты таусылатын мадақтаман.
Аллаға алғысымды айта алмаймын,
Жанымды жартас қылып жаратпаған.

СҰЛУ АРМАНДАР

Кішкентай ғана ауылдан,
Шықтық біз алыс сапарға.
Қалаға қарай ағылған
Қашты алып жүйрік отарба.

Келеміз содан жолда әлі
Жүйткіді аман арбамыз.
Арманды қуып алдағы
Қараймыз өткен жолға біз.

Көп те емес әлі өткен жол,
Аз да емес былай қарасақ.
Өткенмен біраз көктемдер
Алдыда әлі болашақ.

Біз ғана емес сапарда,
Бізден де басқа көп адам.
Қайсыбір жолмен отарба,
Ауылға қайтқан қаладан.

Арайлап таңың атқанмен,
Қарайлап күнім батады.
Біреулер келе жатқанмен,
Біреулер қайтып жатады.

Бұлғындаі болып бұлаңдап,
Бұлқына қашқан бар жолдар.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Көрінген алдан сыландағ,
Сұп-сұлу қандай армандар.

Түңіліп кейбір сәттерде,
Күнім де болды құлазыған.
Біразын қуып жеткенмен,
Қалып-ақ қойдым біразынан.

МЕНИҢ ТУҒАН КҮНІМЕ КЕЛЕМ ДЕЙСІН...

Біз өзінде жетеді ақыл, көрік,
Сондықтан да сүйемін жақын көріп.
Шаганәні жырлаған Есениндей,
Бірақ жырлай алмадым ақын болып.

Инабатың молдықтан еленбейсін,
Бірақ мына мен жаққа елеңдейсін.
Сонау жердің тұбінен,
Терістіктен
Менің туган күнімे келем дейсін.

Жаңың нұрлы,
Иә, сен осындайсын,
Шындығыңды кеудене жасырмайсын,
Терістіктен келгенде, жер тұбінен,
Менің туган күнімे не сыйлайсың?

Тұсінемін төгілген көнілінді,
Сыйлық етпе сен маған өмірінді.
Керегі жоқ ешқандай сыйлыштыңын,
Жалғыз ғана ұсынғай ерінінді.

* * *

Сағындым сол бір аруды,
Өзім де аңқау бала едім.
Жүргетім алғаш жарылды,
Аралап арман әлемін.

Сондағы менің сезгенім,
Періштелікке баладым,
Қап-қара мойыл көздерін,
Томпиып тұрған тамағын.

Ашылмай жүрген қауызын,
Адамға деген сенімін,
Аңқыып тұрған ауызын,
Домалап қалған ерінін,

Шіркін-ай, сүйсем дедім мен
Бірақ та сүйе алмадым.
Қателік кетті өзімнен
Жырымды кеңтеу арнадым.

Қайтесің үшқан уақытты,
Қонбайды қолға ондай құс.
Өмірде жалғыз бақытты
Сүйе алмай кеттім мен байғұс.

* * *

Әйелдердің сан түрімен таныстын,
Біразымен оңашада алыстын...
У ішкенің ешкімге де белгісіз
Көбісінің ерінінен бал іштің.

Солай, досым,
Өтті-кетті жастығын,
Бұғінпі күн – өз-өзіңде қастығын.
Баяғыда қызметші көруші ең,
Ал бұғінде зіркілдейді бастығын.

Отырғам жоқ мен өзінді қаралап,
Қайда барам жіпіттікті табалап.
Әмірінде айналмайды у балға
Бал дегенің уға айналса жаман-ақ.

ШЫГАРМАЛАРЫ

* * *

Есігіңді қағып тұрмын тұнде кеп,
Деді балаң: «Іздегенің үйде жоқ».
Содан кейін қайттым мен де салбырап,
Өзімді-өзім әрең-әрең сүйрелеп.

Келе жаттым.
Сен алдынан жолықтың.
Алғаш рет кейіпінен соны ұқтый:
Келер қүннің сәтсіздігін сезініп,
Өң-түрінен өле-өлгенине қорықтым.

* * *

Жүргендерді көргенім жок жетісіп,
Ал, жігітпіз,
Қалдық аздап шекісіп.
Ертең қайтып келетінің осы жер
Сонда қалай бармақшысың кетісіп.

Мына мен де мұқатылып қойғанмын,
Демеймін де кеп мұқатар қайдан кім?
Сабырлылық деген сары ағашқа
Сенен гөрі сәл ертерек байландым.

Не деп саган түсіндірем көсіліп,
Жалғыз ғана өмір бойы осыны ұқ.
Жазамыз да алдын ала айтылып,
Тағдырымыз қойған біздің інешіліп.

АНАМНЫН ЕРТЕРЕКТЕП ХАТЫ

«Тұла бойы тұңғышым,
Тасемшекті жібіткен,
Аман-есен жүрмісің,
Жүрсің бе үлкен үмітпен?

Есің кіріп қалды ма,
Ақымагым, тентегім?
Ойың ұзын болды ма,
Бір тал дәнім, өркенім.

Құлдыраған құлыным,
Ноқта кимей өсіп ең.
Ұзақ болсын ғұмырың,
Биік болсын несібең!»

Дейтін еді жан анам,
Оған мәнді бермеп ем.
Кірмеп еді санама
Шықты алдыннан көлденең.

Міне, бүгін сағынам,
Сол бір ғажап сөздерді.
Бұған енді негылам,
Бар дүние өзгерді...

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Тек құлақта: «Жүрмісің
Аман-есен үмітпен,
Тұла бойы тұңғышым,
Тасемшекті жібіткен».

БІР ІНІМЕ

Тықылықтап әй, інім, «сен, сен» дейсін,
Неге жаспен жақындаپ өлшенбейсің?
Ағама ұқсап егерде тергей берсен,
Жыламассын,
Бір күні кемсендейсін.

Жасы үлкенге «сен, сен» деп айтады кім,
Жүрген жақсы бажайлап,
Байқап, інім.
Біле білсең ағаңмын, жасым үлкен,
Танымасаң танысам –
Дәуіт-Әлімін.

Жыр жазғанда жалындаپ ұшқындаімын,
Пысықтарға пыспаймын,
Пысқырмаймын.
Екі бірдей есімін пайғамбардың
Көтере алмай кейде рас, мықшындаімын.

Бақытына ұмтылmas пенде кәні,
Болашақтан адаммын мен дәмелі.
Қобызшы шал нагашым болмаса егер
Дәуіт пенен Әлі де нем бар еді?

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Маган да бір қуаныш кешігулі,
Біреу келіп қағардай есігімді.
Өулиелер түгілі,
Ит болса да
Жұру бақыт көтеріп есімінді.

* * *

Айналайын,
Айлабиу, қара көзім,
Кездесіп-ақ қалып ең далада өзін.
Желмен бірге тұлымның жебіреген,
Бір есімнен кетпейді бала кезін.

Ескі ауылдың сен едің ертегісі,
Өкпешісі мен едім,
Тоң-терісі.
Ерініңнен сүюге ұмтылып ем,
Бетті қақтың, қарттардың ерке кұсы.

Қылығымды және сол құндердегі,
Әкең мен шешен де білген мені.
Бір жақсылық күтетін екеумізден
Соны көріп әкең де үлгермеді...

Шешен байғұс бір үміт артты бізге,
(Қазагымнан осындаі салтты да ізде).
Сүйісуге шөліркеп ернің қалды,
Қара бала оқуға тартты күзде.

Сол кеткеннен мол кетті,
Оралмады.
Жасыра алмай үмітін жанардагы.
«Менікісің мәңгілік бұдан былай»
Деген ыстық белгісін таға алмады.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Ауылда көп ығай мен сыйгайыңыз,
Оң жағынан тумады күн-айымыз.
Арамызға тұсті де ібілістер,
Екеумізді қоспады құдайымыз.

Айналайын,
Айлабиу қара көзім,
Кездесіп-ақ қалып ең далада өзің.
Желмен бірге тұлымың желбіреген
Бір есімнен кетпейді бала кезің.

ШЫГАРМАЛАРЫ

* * *

Мен ешкімге айта алмаймын былай деп,
Кейбіреулер біреулерден сұрайды от.
Құдай бар деп жар салмаймын жалғанға,
Дегенге де келіспеймін: құдай жоқ.

Ешкімге де етпес менің кеңесім,
Құдай бізді елемесін, елесін.
Мен мынаған сенімдімін – аллаңыз
Бар ма, жоқ па, бір көрері көресін.

* * *

Махаббат та кетті ұшып,
Жастық та,
Алданыпсыз құрғақ қана мастыққа.
Қанша жанып,
Әртенсек те
Әмірі
Тие алмады екі бас бір жастыққа.

Арманымның тек азабын көтердім,
Соны тағы көруге де бекеммін.
Есім шығып кетті көріп екеуді,
Есігіңді кештеу қаққан екенмін.

КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Көктемді көре алмайтын сияқты едік,
Шашылды Наурыз жыры шуақ төгіп.
Сүйісті қыз бер жігіт бақ ішінде,
Үстінен түсіп қалдым
Ұят болып.

Жүректің лұпіліне құлақ астым,
Жалма-жан кері қарай тұра қаштым.
Кәдеге жастар үшін жарап жатыр,
Пана боп махаббатқа түбі ағаштың.

Шыққандай кезі саған қарасынан,
Бауырым, сенесің бе сен осыған.
Балтырлар тулап-тулап шығып жатыр.
Шіріген шұлықтардың арасынан.

Наурызға жастар да әбден еліктеген,
Көшеге шықтым мен де желікпенен.
Көктемнің әсері ғой, үнсіз-тұнсіз
Соңынан бір бикештің еріп келем...

МАХАББАТ МҰНАРАСЫ

Жолда

Алыстан,
Ғасырлардың қойнауынан,
Аягөз ару өлкө аймағынан,
Көрінді бір мұнара сағымданып,
Бір мақсат орындалып ойға алынған.

Ежелгі замандарда елі жылап,
Жатса да бір қиянда жері жырак,
Аяулы сол махаббат
Сол ғасырдан
Тұр әлі мұнарланып көрініп-ақ...

Біз болмай – бұл адалдық кімге қалсын,
Оқушым,
Небір аңыз тыңдағансын.
Соларды бөліп ескі дәстүрінен
Әр дәуір тек өзінше жырлап алсын.

Болса осы ақынның да сыбағасы,
Оқушым,
Басқа ештеңе сұрамашы.
Алыстан ағарандап Ақ Баян мен
Көрінді Қозы Көрпеш мұнарасы.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Kездесу

Өткеннен ойға небір келді жайлар,
Жырға да сол бір ойлар болды қайнар.
Жанына адалдықты тұмар қылған
Жанымда жақсы досым Белгібай бар.

Білмейміз асығамыз неге қатты,
Бар маңай бізге тіпті ере қапты.
Алыстан ғашықтардың мазары да
Асығып бізге қарай келе жатты.

Қос қабір бір мазарда қатар шөгіп,
Мәңгілік адалдыққа жатар сеніп.
Біз болсақ бара жатқан секілдіміз
Өткенге бүгінгіден сапар шегіп.

Құтеді алдымыздан бізді үміттер,
Болсын деп таза жанды қыз-жігіттер.
Зұлымдық атаулыны артқа тастап,
Қуанып кездеседі ізгіліктер.

Қабір басында

Күзеткен махаббатты мақпал далам,
Сен үшін ұлан бар ма мақтанбаған?
Зұлымдық атаулыдан биік қапты
Айқасып құшақтары жатқан бабам.

Көрмген соң ба, мүмкін, бұрын келіп,
Денеміз сәл тоңазып, дірілдедік.
Содан соң жердегі бар адалдыққа

Ант беріп,
Ішімізден күбірледік.

Сол кезде бір іс болды кереметтей,
Мүмкін бе мұндайда оқыс елең етпеу?
Үстіне жалбыр киғен бір қария
Ар жақтан шыға келді ебелектей.

Келмедік ештеңеге біз де ойланып,
Ар жақтан көрінгенде сыздай жарық.
Түкке де түсінбей-ақ қорқыныштан
Екеуміз бара жаттық мұзға айналып.

Деді қарт:
– О, тірілер, қандайсыңдар?
Не іздел жүр едіндер,
Қайдансыңдар?
Егерде қорғасаңдар адалдықты,
Дәл мына мен секілді болмайсыңдар.

Сендерге бір сөзім бар, балаларым,
Мен бейбақ махаббатты табаладым.
Сондықтан екі бірдей дүниеде
Болмайды ешқайдан да маған орын, –

Деді де алыстау бір жонға жырак,
Барды да жоқ боп кетті әлті аруак,
Пақырдың кім екенін түсінгендей
Екеуміз есті жидық сонда бір-ақ.

Қара жер сол күйінде ойылмапты,
Қайта өзін болашаққа дайындалты.
Апыр-ай,
Адалдықтың құдіреті-ай,
Қодар да өз күнәсін мойындалты.

Mахаббатқа табыну

Бір қабір – құшақтасқан Қозы – Баян,
Мен сол сәт не ойладым, өзіме аян.
«Екеуін үшін, – дедім қүйіп тұрып, –
Зұлымдық атаулының көзін оям!»

Мен ондай бола алармын,
Бола алмаспын.
Бірақ та адап жолға қадам бастым.
Қайсыбір қарабетті жазалармыз
Жүзімен шындық деғен ақ алмастың.

Бүгінде өтті-кетті көрген нала,
Жатсындар қатар мынау елмен жаңа.
Тірліктे бірге журе алмаганмен,
Өлген соң қосылғандар – сендер гана!

Ақ Баян,
Қозы Қерпеш,
Бабаларым.
Ішімде жасырам ба жара барын.
Осынау кен далада келеді өсіп,
Сендердің сүйе алмаган балаларың.

Достыққа тәрбиелеп асыл, ізгі,
Шын сүйіп жарымызды,
Досымызды...
Қалайда Махаббат пен Адалдыққа
Иеміз әлі талай басымызды.

ӨЛГЕНЛЕР ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ

Толгама

*Какая чертовая сила,
Какая чертовая страсть
Меня вела и возносила
И не давала мне упасть?
Евгений Евтушенко*

Атысы таңың ағарған,
Батысы күннің қызарған,
Күндерін жаман жоғалған,
Ғұмырың жақсы ұзарған.

Ертемен ылғи тұрам да,
Уақыт – тұлпарға ыргымын.
Арманнан ұшып шығам да,
Қиялға барып сұңгимін.

Қарызбын күнге, түнге де
Парызға қалай көнбеймін.
Тындырып алмай бірдене
Әйтеуір тегін өлмеймін.

Анам да мені, жарықтық,
Алладан солай сұраған.
Өзімді-өзім тәрік қып,
Қалайша жоққа шыгарам.

Сол өзі бізге керегі,
Өмірдің гүлі солмайды.
Өлгендер қайтып келеді,
Тірілер өле алмайды.

Жоғары жақта білмеймін,
Үстімнен қанша арыз бар.
Өлмеймін, дедім, өлмеймін,
Өлтірмей жүрген парыздар.

Кезіміз еді кішкене,
Тоймады қарын жармаға.
Қарындастарым тістеген
Қарызбын қалдық нанға да.

Есімде сол бір кездерім,
Еске алам жыртық ауылды.
...Қалдығы емес өзгенің
Өзімнің бауырларымды.

Солардан қалған түйірді,
Ауызға талай лақтыргам.
Ал менен қалған киімді,
Үстіне олар жапсырган.

Қарызбын, жай жоқ қамығар,
Қарызбын демей не, деймін.
Қарындастарым әлі бар
Қалдығын бірақ жемеймін.

Өкпем жоқ ешбір адамға,
Аялай алса арманды.
Кимейді бүтін олар да
Ағаларынан қалғанды.

Қарызбын татқан дәміме,
Қарызбын ішкен суыма,

Шемшінің сәби әніне,
Қадырдың балаң жырына.

Желіктім жастық шағымда,
Оқуды талай тастадым.
Достарым көп-ақ жанымда
Төбелестен де қашпадым.

Намысқа буып белімді
Сарт еттім қызып кеткенде.
Мартынов, Дантестерінді
Шақырдым жекпе-жектерге.

Бұзық қой деме бір жүрген,
Қарызбын бәрің, бәріңе.
Жастықта біраз бұлдіргем
Бұлдіре түсем әлі де.

Жақсыдан жақсы тапқам жок,
Кеткенім емес бетімен.
Кешірім сұрап жатқам жок,
Кешіре көрме: өтінем.

Есениндерге елікten,
Сүйсіндім Омар Хайямға.
Білмеймін енді неліктен
Қалмады түк те... ой, алла.

Жанымды менің түсініп,
Көмегін берді Саги да.
Шарапты бірде ұсынып,
Ұрысқан Мұқагали да.

Ол кезде өжет, батыл-ды,
Жаны да жайсаң жазира.
Еркелеп жүрген ақынды
Жұмысқа алды Фариза.

Жоқ кезде жақын, бауырлар,
Соттады мені «қатындар».
Сақтады бірақ арулар,
Жақтады мықты ақындар.

Ойлаймын соны әлі де,
Оларда қандай арман бар?
Әйткені оның бәрі де
Қасымға інәкірт болғандар.

Сәл қосып айтсам, асырсам,
Жүйкем де аздал қажалған.
Бүгінде ойлап отырсам,
Қалыптын талай ажалдан.

Сол өзі бізге керегі,
Өмірдің гүлі солмайды.
Өлгендер қайтып келеді,
Тірілер өле алмайды.

Шырқаттым қайта әнді де
Жанымды отқа жанып ап,
Қолдаған шығар әулие,
Қорғаған болар аруақ.

Қарызың өткен уақытқа,
Қарызың жеген таяққа,
Жете алмай қалған бақытқа,
Жеткізбей кеткен саяққа.

Менде де бар бір маргаулық,
Өзімін рас, нағыздың.
Бермейтіні үшін молдау қып,
Болашаққа да қарызың.

Аруағына Алаштың,
Кім екеніне тегімнің.

Жапырағына ағаштың
Топырағына жерімнің.

Сонымды менің сезе ме,
Қарызбын тағы, тағы да.
Шашалып ішкен көжеме,
Қақалып жеген наныма.

Жаңа жыл сайын сезіндім,
Қарызбын басқан қарыма.
Қарызбын және өзімнің
Өмірде мынау барыма.

Көктеммен келген сәуірде
Қарызбын жаңбыр, бұлтқа да.
Қарызбын деймін, әрине,
Бақа мен шаян, құртқа да.

Ауыр ғой оның жұмысы,
Есекті арам десек те,
Арғымақ түгіл
Дұрысы
Қарызбын кейбір есекке.

Өмірден неге безінем,
Безінsem егер «қит» деме.
Қарыздай кейде сезінем
Көшеде жүрген итке де.

Не істейсің мендей саяққа
Салмақты жүк түр жотамда.
Қарызбын саптыаяққа,
Толтыра тартқан бокалға.

Ең соңғым емес бұл менің
Көрейін тағы өкініп.

Шын болса өмір сүргенім
Айтайын неге өтірік?

Себебін соның айыршы,
Көніл де мынау қайыршы.
Өмір де мынау қайыршы,
Сенім де мынау қайыршы.

Аңыдан бетім қайтпаған,
Бұйырмаган соң қаймағы.
Барлығын айттым,
Айтпаған
Түгім де енді қалмады.

...Қызбенен жүрген кезім-ді,
Ішіне бардым бақтардың.
Баса алмай желік сезімді
Қараңғы жақты бетке алдым.

Шықпайды әлі түсімнен
Менде де болды пұшық қал.
Олар да мені түсінген
Мауығып жүрген мысықтар.

Оңбаган сірә, болармын,
Ол қызбен кейін кетіскем.
Одан да кейін олардың
Талайыменен шекіскем.

Сол қыздың адапасына
Қарызбын түссе есіме,
Қабагы менен қасына,
Тамағы менен төсіне.

Құдайдың өзі сүйердей,
Білегі менен беліне.

Соттатып мені жібермей,
Кеткені үшін жөніне.

Өкпелеп,
Кетіп қалмаған,
Асыл жарға да қарызбын.
Кектеніп мені қарғаған,
Қатындарға да қарызбын.

Алыста тұрған сенімнің,
Азабына да қарызбын.
Жақында тұрған еріннің
Мазағына да қарызбын.

Өзіме сенғен көңілдің
Ойлысына да қарызбын.
Осынау нұрлы өмірдің,
Қайғысына да қарызбын.

Білемін енді жөнімді,
Біліп ед, сірә, бірден кім?
Өйткені мынау өмірді
Дәл осылардан үйрендім.

Сол өзі бізге керегі,
Өмірдің гүлі солмайды.
Өлгендер қайтып келеді,
Тірілер өле алмайды.

Күнімді түндей өбемін,
Түнімді қүндей көремін,
Сендерді сүйіп өлемін,
Күндерім қандай, о, менің,
Түндерім балдай, о, менің.

ОМАР ХАЙЯМ ФИБРАТЫ

Сұлуды қанша сүйсем көңсінбеймін,
Өмірім шарап ішіп өтсін деймін.
«Күнәнді құдай кешер» дейді маган,
Кешпесін, ешқандай кештірмеймін.

Омар Хайям

Омар Хайям ішіп отыр шарабын,
Жүзім қанын,
Өзі ұнатқан тағамын.
Ойлы,
Мұңлы,
Жабырқаңқы,
Масалаң
Тұсірмейді қолдан бірақ қаламын.

Жылтыңдайды шүңгірейген жанары,
Айну қысқан, делдиеді танауы.
Айналаның бәрін жоққа шығарып,
Бар ләzzатты шарабынан табады.

Жүзін беріп дауыл,
Желдің өтіне,
Тұсіп бара жатып «қабір» шетіне,
Құдайдың да құқайынан қорықпай
Тұкіреді қогамның да бетіне.

Жұрттың бәрі қорқытады құдаймен,
Дос емес ол ығайменен,
Сыгаймен.
«Тұра тұр» деп құдайыңың өзіне
Шарабынан,
Шабытынан сұрайды ем.
Өміріңнің бар қызығы, бар мәні,
Тек қана осы, тұк емес деп қалғаны.
Құдайды да сыйлас балдай шараппен
Бір сылқиту – шайырыңың арманы.

Аруларға айтары бар Омардың,
Шайыр бар да шайтан болып жоғалдым,
Омар тұрған кезде омірде бармын деп
Сұлуларға сұқтануды доғардым.

Өзін-өзі жындандырып жел беріп,
Көрініпсіз мәнгүрттерге өр болып.
Үстем етіп ақылы аз жандарға,
Бұл адамды не істеппейді пенделік?!

О, ұлының рухы, қандай жөғары ең,
Жер бетінен табылмайды саган ем.
Ақын болып жарыта алмай жүргенше
Омарға мен сахи бөлсам жарап ем.

Айналанда жағымпаздар қаптаған,
Бірін-бірі өп-өтірік мақтаған.
Ортам осы,
Ол да қара,
Мен қара
Одан қашып, қайда барып пәк болам?

Оны қалай жуып-шайып сөз қылам,
Өзімді-өзім жек көремін, көз жұмам.

Егер менің ішек-қарынымды ақтарса
Өзіме шақ жетіп жатыр өз кінәм.

Өз-өзіне құдікті жан адам ба?
Қорқатындаи не істеп қойдың қоғамға.
Өзеуреғен пенделерден өлдік қой
Бір сілтейін құйшы, сахи, маған да.

Шарап ішпе,
Іше берсін ақымақ,
Іше берсін мейлі үйінде жатып ап.
Бұл өмірге толмай орта көнілі
Ақын да ішсін тек көзі шатынап.

Ал, сен болсан әүніе қу сандалып,
Бар бақытым осында деп мадданып.
Кедей ақын аузын ашып,
Көз жұмып
Қарап тұрсын жиһазыңа таңданып.

Бір басында дүниенің гажабы,
Маңдайыңа озмыш хатын жазады.
Сезіп тұрмын,
Қарап тұрмын сүйсіне
Сүп-сүйкімді тағдырыңың мазагы.

Сүй құлықты,
Теппе оны өзекке,
Болғың келсе, ақылы бар бөз өкпе.
Байлықты қу,
Бақытты қу,
Ки жанды
Сол еңбектен асқан еңбек қажет пе?

Тап ақшаны,
Сал сандықтың түбіне,
Сездірме оны пенделердің біріне.

Неге жомарт бола қалғың келіп тұр
Қара айнага,
Үңілгей бір түріне.
Сонда басты ауыртпайды сәл қайғы,
Дүние құған құмарың да қанбайды.
Ешқашанда ашымайды миың да
Шараптың да еш қажеті болмайды.

Тасып жатқан ақылым жоқ далаға,
Бірақ сендей, «бақыт» құған «балага»,
Жанашурылыш пікірімді білдіріп,
Жалғыз атым сыр ашуга бола ма?

Жазба өлеңді,
Жазады оны шайхылар,
Байлығың бар, құдай берген «бойтұмар»
Ақын болып ақиқатты жоқтасаң
Арт жағыңдан небір ғайбат айтылар.

Таптырмайтын осы жолың – жол ғажап,
Бай адамдар бола алмайды елге жат.
Жаман атың дүниеге кетпейді
Көрінгенге бола алмайсың сен мазақ.

Байлығың бар жұртқа сөзің өтеді,
Сол байлығың ұрпағыңа жетеді.
Ақын болсаң жазып қойып шындықты,
Омар құсап даңқың шығып кетеді.

Қырсық па әлде түсінбейтін, бетпақ па,
Маскунемдік құдай атқан жақсы ат па?
Омар Хайям дәл осылай ішкен деп,
Бір ақымақ түсіп өлді батпаққа.

Олмын деме егер іше бастасан,
Ішкеннен соң, ішпеген боп тастасан.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Бұл фәниде іше алады тек Омар
Үқсай алмай ешкімге де, ешқашан.

Омар Хайям бір-екі күн сілтеді,
Ішкіштіктен емес және бұл тегі.
Ішіндең шығара алмай дерт-уын,
Шіркін өлең қос бүйірден тұртеді.

Ләзім емес сілтей беру,
Шығыста,
Тастай салғын, бір беткейлік дұрыс та.
Таусылған соң ішіндең «зәмзәмі»
Құмыраны тастай салды бұрышқа.

Содан кейін сайқымазақ тілімен,
Төкті жырды кірпік ғимей тұнімен,
Ақиқатты алинысынан тұрғызып,
Өтірікті айдан шықты інінен.

Сенің болса жиылмайды айылың,
Ал мынауың елден шықсан қай ырым?
Ішер болсан, Омарша іш, әйтпесе
К... қыс,
Шыным осы,
Бауырым.

Қиялилар толып жатыр фәниде,
Түйіксіз деп айта алмаймын бәрін де.
Ас іshedі бір бозекпе әр үйде,
Асаяқты тауысатын әрине.

Өсекшілер сымпылдатып есекті,
Пісіп сөзді торсық етті,
Мес етті.
Еркіндігін көре алмайды шайырдың
Ту сыртынан лақтырады кесекті.

Осы жерде өсекші кім,
Қатын кім?
Осы болды дерті талай ғасырдың.
Атақ-даңқы ол өзінше бір басқа
«Зәмзәмін» де қызғанады ақынның.

О, шайы ақын,
Отбасыма кел менің,
Өзің болдың пайғамбарым,
Сенгенім.
Сенсің, Омар,
Жұрт алдында сорлы етіп,
Қызғанышын талқандаган пенденің.

Омар Хайям ішіп отыр тағы да,
Ғажап ізделеп фәнидегі жанына.
Бақыыңа асықпайтын түрі бар
Екі қолын тіреп алған жағына.
Жалғыз ғана тіл табары,
Серігі,
Қыздыратын шабытының көрігі –
Алау шарап қасқалдақтың қаныңдай
Толып тұрса құмырада өмірі.

Ол болмаса жомарт сахи бар дайын,
Шарап жайын сол біледі әрдайым.
Бәрі соған жұғінеді қайғырса
Қиындыққа кім соқпайды маңдайын?

Қатын құсан қашпау керек қайғыдан,
Қайғыға да қарсы тұрар ойлы жан.
Үлғи дәмін тата берсөн шылқытып,
Жүргегінді айнытады майлы дәм.

Өмір тәтті бола алмайды ылғи да,
Арбаң күнде ылғи дұрыс сырғи ма?

Ылғи өрде тұра алмайсың шіреніп
Тұсіреді өмір бірде ылдига.

Ылғи тәтті жазылған ба маңдайға,
Тәттісіз де дәм ішүге болмай ма?
Қал-қадірін білдіруге тәттінің
Қатты дәм де тіреледі таңдайға.

Жылы-жұмсақ ылғи бола бермейді,
Алла айтады:
«Қаттыны да көр» дейді.
Естіп жүрміз бәрі де бар өмірде,
Темір жұтып қойғандар да өлмейді.

Аман болсан қауіп-қатер, ажалдан,
Көз алдыңа талай келер о жалған.
Менің айтқан сөздеріме сенбесең
Осыларды сұра, досым, Омардан.

Біле білсен, күнде ойын-той болмайды,
Тұсіне алсан, тірліктең мән-жайды.
Басы барлар келер күнді сезініп,
Қыс қажетін ерте бастан қамдайды.

Ұлы шайыр бәрін білген данынпан,
Ойы да оның күнмен, тұнмен жарысқан.
Үнсіз басып келе жатқан азапты
Көре алады жер түбінен,
Алыстан.

Ол қайғыны қалап еді қай күні?
Көтеріліп аруагы,
Айбыны,
Қара бұлттай қаптап келе жатса да,
Таңнан тұрып қарсы алады қайғыны.

Қалың қабақ,
Ұзын қара сақалы,
Дұнияға ол да бір тіл қатады.
Шайырыңың жүзін көріп сабырлы,
Азап-қайғы қашып бара жатады.

Кештің алау жалыныңдай шарапты,
Қандай ұлы «өнер тапқыш» жаратты.
Шұғыласына бөлеймін деп тағы да,
Шарап құсап шапақтанып таң атты.

Шайыр бүгін тұрды үйқыдан нұрланып,
Тіршілікке қарайды ойлы сыр бағып.
Саудагерлер,
Кедей-кепшік,
Қалың жұрт,
Базар жаққа тартты дейсің тырбанып.
Әлем бүгін тым басқаша қарайды,
Құнде нұрлы, таң да сырлы арайлы.
Тұнгі үйқыда бүйраланып, үйисқан,
Жайып шашын ағаштар да тарайды.

Бүгін шайыр сергек сондай ажарлы,
Менсінбейді,
Өлім,
Қайғы,
Ажалды.
Елестетті арулардың ақ жүзін
Дүниенің нұрын көріп базарлы.

Отыр шайыр қасында күн, қасында ай,
Басы айналған Бағдаттың шахындей.
Қайран шайыр құбірләйді ішінен,
Ыстық демі өрекпейді басылмай.

Пәрәнжіні сыпырғанда бетінен,
Қара көздің қызығымен,

Шетімен.

Жанарыңды салсаң тіке тым қын,
Өліп кетпе, сақта өзінді, өтінем.

Кім аялап,
Үлпідетіп өсірген,
Толғанайдай көздерінде шешінген.
Бұл фәниде түк көрмеген пақырдай
Рахат-ай, бір танасың есіңнен...

Бұл фәниден құрып кетсін жезөкше,
Ақылыңмен ақылдаң та,
Кеңес те,
Көз алдыңа алып келіп аң-таң қал,
Баганағың шын ба өзі,
Елес пе?

Жоқ ешқашан,
Жоқ ешқайды тұрлауы,
Болып сонда жезөкшенің құрбаны,
О, шайыр-ай, бостан-босқа шығындал,
Оңды-солды шашыпсың ғой ділдәні.

Осылай деп ойлайды көп пәтшағар,
Осындаиды жүрміз естіп,
Баста бар.
Шайыр біткен болса егер де періште
Арасында бар Омардай патшалар.

Бір-ақ шайыр бара алмайды күнәға,
Қаға алмады қағар жерге сына да.
Іші езіліп, былай деді: «Қарағым,
Өмір бөйі мені қарғап жылама».

Қайран Омар адад еді,
Арлы еді,
Алқымына тығылды да бар демі:

«Балапаны аққұымның, аман бол,
Жетер маған жезекше де, бар», – деді.

Естимін деп осыны кім ойлапты?
Зәнталақтың тіліне кім май жақты?
Тобесінен көріп тұрып,
Солардың
Құдай тілін қалай ғана сایратты?

Жүрген кезде талай пақыр қызды аңсап,
Қайта оған қызығар ек біз болсақ.
Не істемесін беделі өтсе сұлуға
Өзі сондай болып алсын, қызғаншак.

Сұлатып-ап,
Құлатып-ап ұзыннан,
Тұмсығын бір етсем деймін қызыл қан.
Кеше біреу тіл тиғізіп шайырға
Найсан депті,
О, ақымақ,
Бұзылған!

Тым сабырлы шайырға да таңғалам,
Көрсін солай бір сөз айтып жан маған...
Үстамды ғой жынынды Омар кешірғен,
Қайда барып оңам дейсін, оңбаған.

Шынымды айтам.
Таңғаламын,
Жалғанда
Бұл Омардай кешірімді жан бар ма,
Әлде жұмсақ жаны сәби адам ба?
Жоқ болмаса ашық ауыз,
Аңғал ма?
Болса-дағы адал, ашық досына,
Өте қатал сияқты еді қасына.

Ана қыртты қалай ғана кешірді
Сөз келтіріп қасиетті басына.

Мынау сүмдық, түк те емес бұрынғы
Шыдам бітті,
Айтайдыныш шынымды.
Шектен асқан кеңдігімен аса тым.
Шайырың да келтірді ғой жынымды.

Найсан депті,
О, құрыған,
Антүрған,
Қандай ит ең,
Өшкен, біткен
Сарқылған.
Алла атынан ант етейін нан ұстап
Өмір бойы түсейін мен артынан...

Жұз қасиет бар шайырдың басында,
Оққағары және де бар қасында.
Тілі шығып келе жатқан кезінде
Мылқау болып қалған екен жасында.

Тым нәзік те,
Тым сезімтал
Тым зерек,
Бала бопты басқалардан бір бөлек.
Өсіріпті ай, жұлдыздар аймалап,
Шұғылалы күн,
Нұрлы мақпал түн жебеп.

Келе жатты жаны жамал ән-күй боп,
Топырағынан өсіп-шықты дән билеп.
Арайлы таң сүйіпті оны құшақтап,
Алаулы кеш тербетіпті әлдилеп.

Сөйтсек тілдер тиіпті оған безенген,
Сөйтсек көздер тиіпті оған кезенген.
Түнеп жатса,
Дүкеніне ұстаның
Таң алдында тілі сайрап жөнелген...

Болмауы үшін сөзіміздің қатесі,
Осы және шыны менен төтесі.
Біз сиынған ұлы Дауіт пайғамбар,
Су иесі Сүлейменнің әкесі.

Сөл Дәүіттің қасиетті дүкені,
Көзден, тілден қалғандарды күтеді.
Алла атымен сөл дүкенге тунеген
Загипқа көз, мылқаға тіл бітеді,
Қасиетті пайғамбардың дүкені.

Омар Шайыр өмір атты арбадан.
Талай рет түсіп қала жаздаған.
Сөл кездерде сахабалар қолдаған
Періштелер қанатымен қорғаған.

Кейде осыған мастанып ол, малданған,
Пенделерден қайта тағы алданған.
Оның таза, адал, әділ екенін
Білген Алла өз құлына жар болған...

Қателіктер шайырда да жетерлік,
Кейде өзін қояды ол шешен қып,
Көргені рас бүл фәниде көп нәрсе
Көрсетеді соның өзі көсем қып.

Қателігі оның мынау тағы да,
Көрінгеннің тірлігінің қамына,

Көрмей,
Білмей,
Кетеді де кірісіп,
Азап тілеп жүреді ылғи жанына.

Ең қыны болса да зор атағы,
Кейде қатты қателесіп жатады.
Өзін сүйген Құдайды да ұмыттып
Күнәнің ең үлкеніне батады.

Құдай сені жақтайды оны жақтасаң,
Сақтайды ол өзінді-өзің сақтасаң.
Сіз Құдайды ұмытқанмен бір сәтке
Құдай сізді ұмытпайды ешқашан.

Ел шекесі неменеге қызады?
Сол қызулық жүрттың көбін бұзады.
Жаратқанның тізімінде тұрсыз сіз
Тізімінен өзі ғана сызады.

Танды бұзып жаңа атқан қайырлы,
О, зинақор,
Тағы арбадың шайырды.
Қалай ғана кейіпің мен пигылың
Өзгерметен сол қалыпы байыргы.

Сен тағы да бұлдіресін бар елді.
Көп адамды ластайсың, әлемді.
Қалай ғана қорықпайсың құдайдан
Әкет әрі әдетінді,
Пәленді...

Біссіміллә, пәлекеттен, мынадан,
Сақта, күдай, шайырынды күнәдан.
Атар таңның ақ дидарын көрейік
Келешекте бәріміз де дін аман.

Тағы, міне, ойнақ-жынын басталды,
Дүгалаумен ақымақтау бастарды.
Ақша үшін сатылып тән, денелер,
Үф-сұф қылып сыйырады мастарды.

Жалтыраған зинақордың ақ саны,
Менсінбейді ділдәнзыдан басқаны.
Етектерге сүзіледі мөлиіп
Бишараптар, ақымақтар ақшалы.

Мың сан ой бар қорғасындағы басында,
Шарап та жоқ, ару да жоқ қасында.
Бұл пендеге дос болмайды ділда да
Ару, шарап алтын менен асыл да.

Майдандасқан екі күдік, бір үміт,
Неткен әмір бара жатқан жын ұрып.
Ауыр-ауыр құрсінеді шайырың
Екі жұзді дүниеден түңіліп.

Залымдықтың небір түрін игерген,
Адамдардан жүрттың көбі именген.
Жақсылықтың жолын кесіп залымдар
Жамандықты қалай тез-ақ үйренген.

Жердің беті жанжал, қырғын, көп талас
Тоқайласпай
Соғылысқан басқа-бас.
Қандай жандар өң-түсі жоқ шетінен
Алакөзбен сығалаған бақталас.

Алдау, арбау бәрі жалған, өтірік,
Бары осы: фәни, бақи – екі үміт.
Ах ұратын ішіғар тіпті қара жер
Осыларды көтергеніне өкініп.

Жағымпаздар хакімдерге құлаған,
Найсан олар
Атақ, мансап сұраган.
Арыстан мен қасқыр еді бір кезде
Тұлкі болып бара жатыр бұл адам.

Үміттеніп үлде менен бұлдеден,
Патшаны да, алдайды елді тілменен.
Аянышты-ау ақымақты аяу да
Арт жағында не қаларын білмеген.

Осы жұртың әрнәрсеге ыңгайлы,
Қызық тіпті,
Бір сөзінде тұрмайды.
Өтіріктен өтірік деп қашады
Бірақ оны ұйып тұрып тыңдайды.
Қаймақ тәтті,
Ашы дейді тортаны.
Бардан безіп,
Жоққа үміт артады.
Ақиқатты өліп-талып іздейді
Бірақ оны кездестірсе қорқады.

Ойнамайды
Әділет пен ар мұнда,
Адалдықпен бәрін женіп алдың ба?
Мына өмірді жүреді ылғи оқ бойы
Жағымпаздар күрескердің алдында.
Күрескерлер
Іздегендер шындықты
Көп кешікті.
Енді ғана сырды ұқты.
Кулығына жұмсай алмай қулықты
Бастан кешті небір азап, сұмдықты.
Бұл өмірің тозақ па,
Әлде жұмақ па?

Тұнек пе әлде,
Дірілдеген шуақ па?
Құрескерлер ерте ұрынып таяққа
Тым кешіп жетеді ұлы мұратқа.

Ақ пен қара келісе алмай барады,
Арамдық – тың,
Ал адалдық – жаралы.
Тарлық, кендік,
Ақиқат пен өтірік
Тартысады төмен менен жогары.
Бай мен кедей,
Саудагер мен алушы
Ортасында дедалдар мен табушы.
Осылардың таразылап тірлігін
Азап шеккен ақын менен жазушы.

Бұғін Қызыр тұні өтті,
Таң атты,
Күткізген-ді таусысып бар тағатты.
Тура елу бір жасқа толган танында
Омар Хайям талақ етті шарапты.

Шайыр отыр,
Шайқап ішे алмайды,
Ант етті ол,
Енді ішуге болмайды.
Көрді тұнде
Аян берді түсінде
Аруақты енді қалай алдайды?

Сәл күдігі болса-дагы ептеген,
Бұрын шайыр құдайынды жоқ деген.
Не сенерін,
Не сенбесін біле алмай
Ойнайтын-ды су мен жалын, отпенен.

Өтті, жетті,
Кетсін енді мазагы.
Зытты, бітті,
Тамам болды азабы.
Енді шайыр естелік қып тек қана
Арулар мен шарап жайлышады.

Енді шайыр жүргізіп бір құзырын,
Өткен-кеткен еске алады қызығын.
«Кім біліпті мұндаиды қызық боларын
Шараптан да тәтті екен гой жүзімің?»

Дейді шайыр өзіне-өзі ішінен,
Оны сіз де,
Оны мен де түсінем.
Жан-жағына шайыр аң-таң қарайды
Қуанышпен оянғандай түсінен.

Қанша сүйсө,

Сонша сүйді сұлуды,

Маңайына періштегер жиылды.

Талай сұлу өз ырқымен бас иді

Соның бәрі шараппенен жуылды.

О, тентек ой,

Көрінсөң де сен оғаш,

Өзіңменен шайырларды ала қаш.

Пенделерді сөкпедің не,

Сөктің не

Өмірдің де өзі мынау жалаңаш.

О, арудың ақмаралы, қандайсың?!

Жарқ етіп бір жаңа атқан таңдайсың.

Көрінбеші,

Сәл көрінсөң көзіме

Қайдагыны қиялдатпай қоймайсың...

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Сені теңеп айта алатын сөз де жоқ,
Саған өліп сұқтанатын кез де көп.
Көп еркектің саған ғашық болғанын
Көре алмаймын,
Кетсем бе еken кезбе боп.

Тұнде көктен шықпай-ақ қой айым боп,
Ғашықтарда не көп, білем,
Уайым көп.
Одан дағы пақыр болып кетейін
Ғашық болып азап шегер жайым жоқ.

Аялдамай ертеңге емес,
Бүгін-ақ,
Өтсем деймін бұл өмірден зымырап,
Өзің жайлы түк естімей,
Не көрмей
Құлагым мен көзімді тарс жұмып ап.

13.06.-17.07.1998 ж.

ОЛАР 28 ЕДІ

Біздің қырандарымыздың қалай соғысып жатқанын естідіңіз бе? Немістің танкілерін шетінен өртеуде. Шүйіліп келе жатқан жау самолеттерін винтовкамен-ақ атып түсіріп жатыр. Ал, Дубосеково разъезі жанындағы шайқас ше?! Құрыш құрсаулықтар құбыжықтар қанша екілене өршеленгенмен, ержүрек жауынгерлер оларды бір адым да ілгері бастырмады.

И. ПАНФИЛОВ

Олар – 28 болатын-ды,
28 әлемнен жаратылды.
Сол бақыттың иелері
Тігіп өлді
Жауларының басына қара туды.

Шегінуді білмеді,
Шегінбеді,
Болашаққа нық болды сенімдері.
Ажалды олар құшақтап құлап жатты
Бақытындай бір көрген өмірдегі.

Бойларынан сөнбеген жалын қалмай,
Тәніріне жеңістің табынғандай.
Осындаидай да «махаббат» болады екен
Ажалды да құшты олар арулардай.

Соғыс деген осындаи «көнілді» ме?
Танқ қаптап келеді «өмір» міне.
Жастығында жалында жаңып тұрып,
Өмір түгіл сүйді олар елімді де.

Олар 28 болатын-ды,
28 жарықтан жаратылды.
Енді міне қараңыз адамдарды,
Білмейтүғын аңға да оқ атуды.

Мынау қандай, құдай-ая, тасыр қылық,
Мойнын үзіп бір-бірі басын жұлып,
Мұны кімдер, апыр-ая, ойлас тапты
Адамдарды адамдар жатыр қырып.

Олар 28 болатын-ды,
28 сәуледен жаратылды.
Білмейтүғын қараңыз адамдарды
Тынқанның да мұрынын қанатуды.

Ештеңеңі білмейтін бейкүнәлар,
«Өмір қандай сүйкімді» дейтін олар.
Қарауытқан ал мына түрлерімен
Аяй алар адамды қайтіп олар.

Олар 28 болатын-ды,
28 жалыннан жаратылды.
Танктерді қаптаған қарсы алып тұр
Қарсы алғандай қайғылы қара тұнді.

Тасбауырлар тырмысып келе жатыр,
Ажалдың да барына сенеді ақыл.
28 қастүлек түрегелді
Түрегелмей қайтеді,
Өледі ақыр.

Содан кейін дүшпанға қарсы атылды,
Қанша фашист сол жерде жан шақырды.
Көк аспаннан домалап жау ұшақтар
Қанша танк – құбыжық қаусатылды.

Солай болды,
Батырлар солай өлді,
Москва мен құтқарып талай елді.
Өлді дейміз,
Өлген жоқ хас батырлар
Бастап берді Женіске талай ерді.

Солай, солай самғатып жастық ағын,
Шырқатады ерлік пен достық әнін,
Сол батырлар айналып ағаштарға
Түргегеп тұр түбінде Москванды!

ЖАРАТҚАН МЕН ЖАҒЫМПАЗ

Бәріміз де білеміз,
Жаратқанға пендеміз,
Жалбарынып жүреміз,
Сол жалғызға сенгеміз.

Арындаған ақының
Аллаңызды сүйеді.
Қаһарманың, батырың
Ол да басын иеді.

Патшалар да құдайға,
Мың мінәжат етеді.
Барлығы да былай да
Жер түбіне кетеді...

Күнәңізді кешіред
Намаз сайын Аллаңыз.
Сондықтан да бес рет
Тонқаяды моллаңыз.

Ешкімнің де ақылын,
Тыңдамайды Тәнірім.
Жүргізеді ақырын
Бәріне де әмірін.

Болады екен мұндай зат,
Жалғызының жанын жаз,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Жеңген екен ыңғайлап,
Жылмаңдаған жағымпаз.

Ылдым-жылдым қара бет,
Тәніріге барыпты.
О, ғаламат, керемет
Сөзге тартып алышты.

Ылғи солай үнемі,
Қалқып ап құлағы,
Балағынан кіреді,
Бөркінен шығады.

Айласы мен ақылы
Аллаңызға қызықты.
Сөйтіп жүріп ақыры
Жаратқанды бұзыпты.

Далада қап моллаңыз.
Көрге басын иеді,
Осы күні Аллаңыз,
Жағымпазды сүйеді.

* * *

Ортайған көңіл толмайды,
Орнына жастық келмейді.
Қартаймай енді болмайды,
Жанына ешкім сенбейді.

Өмірім солай, айналам,
Енді жоқ шалқар, кең алым.
Кім қайдан білсін
Қайнаган
Ішімде менің не барын.

Жалынды жастық өмірдің
Өтіп те кеттік тұсынан.
Өксумен өлген көңілді
Өзіңе не деп ұсынам?

ТЫНЫШТАҚ

Қорқа алмаймын өлімнен,
Өлім талай көрінген...
Керісінше, шошимын
Мандымаған өмірден.

Мына мендей қазаққа,
Түк етпейді азап та.
Қорқам бірақ қалам деп
Қайдагы бір мазаққа.

Мазақ деген – қорқыныш,
(Осы тұрыс, сол тұрыс).
Сезетінім әйттеуір,
Бәрінен де көр тыныш.

ӨМІР АҒЫСЫНДА

Өмірдің толқын-толқын ағысында,
Біреудің кетіп жатса салы суға,
Біреулер бір-бірімен соғысада,
Біреулер бір-бірімен табысада.

Тынымсыз тіршілікте жагаласып,
Қолыңнан келіп жатса жағаға шық,
Барамыз нақ қайнаған дүрмегінде
Елдің де тұр-турімен араласып.

Біреудің жүре алмаймын арқасында,
Біреудің қызғанбаймын қалтасын да,
Кемің де, артығын да байқалмайды
Қалқыған қалың жұрттың ортасында.

Сорды да ешкім маған телімейді,
Бағым да ешқашан да кемімейді.
Өзімнің тусінерім осы ғана:
Жұрттыңан бөлінгенді бөрі жейді.

КҮЛТЕГІН

Көк түріктің көк семсері Күлтегін,
Түркі үшін шырағындаі пілтенің,
Табғашқа да, шұршітке де, түркешке
Семсеріңді онды-солды сілтедің.

Тәңіріңнің текті қылған шағы ма,
Сол кездегі түркілердің бағына?
Желкіндеген наиза ұстап қолына,
Он жасында садақ ілдің қарыңа.

О, Күлтегін,
Зерделісің,
Жетіксің,
Бала болмай,
Дана болып өсіпсің.
Есейгенде ер-тоқымды тақ қылып,
Сәбінде бесік қылып отіпсің.

Сені солай жаратты ма құдірет,
Өз қамыңды ойламапсың бір рет.
Айналасы анталаған қалың жау
Сен болмасаң көп түріктің күні жоқ.

Елің үшін суға кешіп етікті,
Бар ғұмырың 47-ге жетіпті.
Жар құлағың жастыққа бір тие алмай
Бар өмірің ат үстінде өтіпті.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Солай туса өле алмайды құр тегін,
Тұнілдірмей, төрге сүйреп түркі елін,
О жалғанды ер үстіңде көрмекке
Ажалға да атпен кеттің, Құлтегін.

БІЛГЕ ҚАҒАН

Білге қаған жылап тұрды солқылдап,
Бастан ұшты тәніркүты – алтын бақ.
Ойсыратып кетті орданы қайғысы
Күлтегіннің орнын қалай толтырмақ?

Жылап тұрды қалың түркі қаралы,
Жылап тұрды және Білге қағаны.
Бұндай ұлды Тәнір өзі бермесе,
Кек түрігін енді қайдан табады?

Туылар да,
Табылар да, ал бірақ,
Оған дейін халық қалар қалжырап.
Білге қаған осыны ойлап қайғырад
Қайсар басы төмен қарай салбырап.

Мынау қайғы созылады-ау сан жылға,
Мынау қайғы айналады-ау қан-жырга.
Сезді Білге оң қолының жоқтығын
Күлтегіннің ескерткіші алдында.

КАПАҒАННЫҢ ЖАЗАСЫ

Қапағанның сатылғаны-ай қатынға,
Қастық ойлап Құлтегіндей батырға.
Елтіріс пен Үмай ана,
Кешірші,
Бір шикілік болмап па еді затында.

Жоқ сендерден қателік те бір мысқал,
Қапағанды айналдырды ылбыстар.
Дүғалауға ақымақтау кәлласын
Қойнына кіріп кетті бір мыстан.

Шұршіт қатын болды жоймақ түркі елін,
Халық білді бір шүлленнің түртерін.
Қапағанға адал еді ел үшін
Тонықек те,
Білге менен Құлтегін.

Алып еді ібілістер мазаңды,
Алдың,
Біттің,
Өлдің,
Көрдің сазыңды.
О, Қапаған, өкінетін жайын жоқ
Әділетпен Тәңір кесті жазаңды.

БАЛАЛЫК

Жүргімде туған жер суреттері,
Көз алдынан сол сурет бір кетпеді.
Шарайнадай ашылған аспанынан
Келіп қонды қеудеме бір кептері.

Еске алғызды сағынтып сұмбі талы,
Жапырақтар жармасқан әр бұтағы,
Ертеңіме елеңдеп ерте оянып,
Құтіп тұрған жандаймын таңды тағы.

Бозторғайы қанаты дірілдеген,
Жаулап алған жапанды бір үнменен.
Сол аспанның астында, сары далада,
Жалаң аяқ жар бойлай жүгірген ем.

Бала кезім,
Бал кезім бұлдыраған,
Бұлақ едің бұрылмай сылдыраған.
Енді бүгін жоғалып қайда кеттің,
Уа, дүние-ай, қыр асып құлдыраған?

Бала достар сол күнгі жоқ бүтінде,
Толқынымен өмірдің кетті бірге.
Бара жатып тал түстен бесінше ауып,
Нұр-шұағын басқаша төкті күн де.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Ақтармасам осылай ойларымды,
Түсінбедім,
Өмір-ай, байлауынды.
Құлазытып қайтесің,
Қалап тұрмын
Оралмай-ақ біржола қойғанынды.

БОСТАНДЫК АУДАНЫ

Бостандық еді бұрыннан да ұраным,
Енді міне, Бостандықта тұрамын.
Мен бетімді Болашаққа бұрамын,
Ертеңгіге елеңдейді құлағым.
Енді міне, Бостандықта тұрамын.

Мен қазақ ем елеңдеген ертенге,
Алан болған өз жерімде, өлкемде.
Қаншама жыл танк тұрды жолымда,
Қанша ғасыр зеңбіректер – желкемде.
Мен қазақ ем елеңдеген ертенге.

Тауым, далам, сары белім, қыратым,
Аңсап жеткен мақсатым мен мұратым.
Биік қойып байлық пенен бақыттан
Бостандықты аңсайтуғын бір атым.
Тауым, далам, асқар белім, қыратым.

Өзен, көлім, ормандарым, құмдарым,
Қанша ғасыр үнсіз шертгі мұндарын.
Бел-беленім айта алмады сынғанын,
Сыңсығанын, сусығанын тыннадым.
Өзен, көлім, ормандарым, құмдарым.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Енді өзімнің Отанымда тұрамын,
Қабылдаған күннің нұрлы шуағын.
Бұрын тұргам Отанында біреудің
Және соның жырлағанмын ұранын.
Енді өзімнің Отанымда тұрамын!

НАУРЫЗЫМ МЕНИН

Наурызым келді, көктем де келді,
Аралап кеттік көк белдерімді.
Еске алып тұрмын өткендерімді,
Тексеріп тұрмын өткелдерімді.

Сағынып тұрмын кеткендерімді,
Табынып сүйдім жеткендерімді.
Еске алып тұрмын тәуекелшіл,
Қаны мен терін төккендерімді.

Тасығаным мен басылғанымды,
Өткізген бастан ғасырларымды,
Үмітке толы, арманға толы
Алдыңда тұрган асуларымды.

Еске алып тұрмын жақындарымды,
Алмастарым мен асылдарымды –
Хандарым,
Биім,
Батырларымды,
Жырауларым мен ақындарымды.

Төгілген бекер қасық қанымды,
Құштарлық қысып асыққанымды,
Еске алғым бірақ келмейді енді,
Өзімді-өзім жасытқанымды.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Елестеп көзге қыраттарым да,
Былдырлап бала бұлақтарым да,
Біріне-бірі ғаламат ғашық
Дүниенің бәрі сыр ақтаруда.

Кеудемнен, досым, жұмақ қабылда,
Жұмақ қабылдап, бір-ақ дамылда.
Наурыздан саган шуағын төгем
Көзімде жанган нұр от барында.

Наурызым менің, шуағың арай,
Жетеді енді шыдамым қалай?
Қарсы алып сені халқыммен бірге,
Алдыңан күтіп шығамын талай!

САКТА, ҚАЗАҚ, МАЛЫНДЫ!

Сатпа, қазақ, малынды,
Сақта, қазақ, жанынды,
Ойла ертеңі қамынды.
Сатсаң егер малынды,
Жоғалтасың бағынды,
Сатпа, қазақ, малынды.

Құралады мал бастан,
Малың – бағың, бау-бақшан.
Жау жоқ деме жерін мен
Сол мал үшін жауласқан.
Малың – бағың, бау-бақшан.
Малың – барлық байлығың,
Айлышың мен шайлышың.
Малдан егер айрылсан,
Көкесі сол – қайғының.
Малың – бағың, байлығың.

Өссін десен өркенің,
Сатпа малды, сен, тегін.
Малың – күтың, ырысың,
Болашағың, ертеңің,
Сатпа, малды, сен, тегін.

Малсыздығың – жарлылық,
Молшылығың – малдылық.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Малың болса мыңғырған
Өмірің де мәңгілік,
Қалма, қазақ, қаңғырып.

Сатпа, қазақ, малыңды,
Сақта, қазақ, жаныңды,
Ойла ертеңті қамыңды,
Сатсаң егер малыңды,
Жоғалтасың бағыңды,
Сатпа, қазақ, малыңды.

АМАН БОЛСЫН АУЫЛЫМ

Сақта, жұртым, ауылды,
Ауылдағы қауымды,
Қалай ғана қиясың
Қындыққа бауырды,
Сақта, жұртым, ауылды!

Ауыл бізге – тас қорған,
Ауыл бізге бас болған,
Қазағымның ертеңі
Сол ауылдан басталған.
Ауыл бізге – тас қорған.

Аман болсын ауылым,
Ауылдағы бауырым,
Болар дейді біреулер
Қындықтың ауыры.
Аман болсын ауылым.

Қайысады қабырғам,
Адамдаймын жарымжан,
Ауыл халін оиласам,
Айырыламын сабырдан,
Қайысады қабырғам.

О, ауылым, қалғыма,
Малсызға да, малдыға,

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Қыс келеді қылкөпір
Ауыртпалық алдыда.
О, ауылым, қалғыма.

Шөбінді жи аңгардан,
Мал кетпесін албардан.
Қамдан, аңқау қазагым,
Қапы қалмас қамданған.
Шөбінді жи аңгардан.

Оны неге жасырам,
Жеткізуғе асығам.
О, қазагым, қайтейін
Бұл кетпеген басынан,
Оны қалай жасырам.

Ой ойлаймын сан қили,
Жалын буып жан күйді.
Әр ізінді келер қыс
Ауыртпалық аңдиы.
Ой ойлаймын сан қили.

Сақта, қазак, ауылды,
Ауылдағы қауымды.
Қалай ғана қиясың,
Қындыққа бауырды,
Сақта, қазак, ауылды.

1998-1999 жж.

ӨЛЕННІН ТУУЫ

Өтірік айта алмаймын, сен осыған,
Жанымның жалындағы жарасынан,
Сәтімде өлең жазған от шығарам
Сұп-сүйық қан мен тердің арасынан.

15.06.1999 ж.

КАЙЫРЛЫ ТАН

*Басынан балалығы кетпеген,
Өмірі данаңыққа беттеген
Адал адамдарға арнаймын!*

Автор

Қайырлы тан!
Жолсерік,
Қалың қалай?
Дей алмаймын тірлікте бәрін де оңай.
Тілектеспін,
Жүгіріп іздесен де
Бір жамандық алдыңнан табылмағай.

Қайырлы боп жаңа атқан аппақ таңын,
Алып ұшсын асулы соқпақтарың.
Қиылыштың ауен бар сапарында
Соның ең бір шырқағын тәп-тәтті әнін.

Сыймай тұрган дәндер көп қауызына,
Досы менен арналған жауызына.
Еңбекте де жеміс бар қиылышты
Түссін соның дәмдісі ауызына.

Сапарда бұл көп адам солықтайды,
Куаныш пен тұрады болып қайғы.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Көп болғанмен адамның асылдары
Алғырлары солардың жолықпайды.

Сәттерінде қиналған,
Бір қысылған,
Қызығың да жолықпас күнде үшырған.
Сапарында көп адам кезіккенде,
Серік болсын жаңыңда бір мұсылманды.

Қайырлы таң!
Жолаушы,
Жолың болғай.
Ұзак сапар,
Жер шалғай,
Өмір қандай?!

Тілегім сол
Кезіксін бір қуаныш
Жоғалтқаның жолыңнан табылғандай.

01.09.1998 ж.

ЖАҚСЫ ӨЛЕҢДЕР

Күнде сәнді болмайды,
Күнде мәнді,
Құырасың шыжғырып бірде жанды,
Өз серігім әуелі өлеңде де
Откіземін басымнан шырғалаңды.

Сыншым да сол,
Сын да сол – өз еңбегім.
Сайларым сол – дүшпанды кезеңдерім.
Қорғанышым,
Қорғаным,
Қаруым сол
Қаламсабым – қанжарды кезенгенім.

Жатса-дағы досымнан арам шығып,
Онікі де өзініне адамшылық,
Жақсылыққа сенемін жаным толы
Мені ала алмайды жаманшылық.

Жақсы жырды іздейді аш берендер,
Естімейді оларды таскерендер.
Жаман жырды жанымға жуытпаймын
Қинап жүрген жанымды жақсы өлеңдер.

01.09.1998 ж.

АҒАШТАР ТІК ТҮРҮП ӨЛЕДІ

Болса-дағы тәнірің сенетұғын,
Бұл жалғанда бар талай көретінің.
Бәріміз де кетеміз
Ерте, кең пе
Бір өлім бар әйтеуір келетүғын.

Таразыңмен тақуа өліненбеймін,
Ажал батыр, мықты боп келсөң деймін.
Мен де сонда басымды имей саған,
Ағаштардай тік тұрып өлсем деймін.

13.08.1998 ж.

МЕНДЕГІ МІНЕЗ

Мінезім бар көктемдей құлімдеген,
Айдың ашық күніндей бұлінбекен.
Жігіт төніп келгенде
Қызы секілді
Еріндері үяттан дірілдеген.

Әлсіз емен
Әркімге үзілмеймін,
Сағынғанда сарала құзіндеймін.
Қайрымсызға қатал қыс сияқтымын
Балаларға үзілген жүзімдеймін.

Әйелдермен ән болып ұғысамын,
Әдеміден қалайша ығысамын?
Сол әйелдің қолына,
Саусағына
Бал шырыны секілді жұғысамын.

Моншақ болып оралып мойынына,
Алқасына айналам айыбыма.
Адал, аппак,
Тап-таза қылығыммен
Сәбиі боп кіремін қойынына.

Жалғанда мұң бір жанға жолатпаймын,
Жағымпаз да болмаймын,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Жаратпаймын
Жасыратын несі бар, ашынғанда
Ақиқатпын,
Ап-аңы арақтайдын...

26.08.1998 ж.

ШАЙТАНҚӨЛ – СҰЛУШАШТЫН КӨЛАЙНАСЫ

Серік Ақсұңқарұлына

Жақпартас.
Қалың ағаш.
Қарқаралы,
Басына жоқ шығатын жол торабы.
Шайтанқөл – Сұлушаштың көлайнасы
Оны тек құмар болған жан табады.

Болар-ау осындай-ақ ғұмыр-арман,
Сарыарқа самал ескен құбылаңнан.
Барлық көл жерде жатыр,
Жалғыз ғана
Шайтанқөл аспантауға шығып алған.

Ғажап бұл ғұмырда бір жолықтырған,
Табиғат мейманына соны ұқтырған.
Шайтанқөл тау басында көлкілдейді
Қымыздай тостағанда толып тұрған.

Маңдайын – арман-тауын жел жалаған,
Оңаша Қарқаралы ен даладан.
Осында күн ыстықта демалуға
Келеді машинамен ел қаладан.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Шайтанкөл сүы салқын,
Өзі аспанда,
Үқсайды Тәңірменен таласқанға.
Етекке тастап шығып көлігінді
Тартасың өліп-талып адассаң да.

Қазақтай емес орыс дара, пысық,
Кеткен соң шілденізде қала да ысып.
Қалбырын консервінің жалап-жұқтап
Жатады жиегінде шарап ішіп.

Қызығып қыр басына,
Қайқаң белге,
Кеудесін аймалатып сайтан желге,
Ақындар бұл күндеңі шампан сілтеп
Тек Мәди қымыз ішкен Шайтанкөлде.

Манауратқан таң алдында арай басы,
Кідіріп аспанкөлге қарайлашы.
Жүзінді жүзімдей қып көрсетеді
Шайтанкөл – Сұлушаштың көлайнасы.

02.07.1999 ж.

«ҚАЗАҚФИЛЬМ» ЕРТЕГІСІ

«Қазақфильм» мөлтек, шағын ауданы,
Бар болғаны ат шаптырым аумағы.
Аэропорты,
Вокзалы да сүйкімді
Бар титімдей кеме тоқтар айлағы.

Аспан,
Жермен,
Тенізбен жұрт келеді,
Қызықтауға осындағы көнені.
Жер шарының түкпірінен жиналып
«Қазақфильм» ғаламатын көреді.

«Қазақфильм» Кипрінен аумайды,
Машинамен жұрт қаладан заулайды.
Көкайдынның айналасы жағажай
Жағажайда ақсазандар аунайды.

Тыныгатын нағыз орын осында,
Нең кетеді бір тынықсанғасырда.
Бәрінен де қандай жақсы болғаны
Әйеліңнің болмағаны қасында.

Көргің келсе арулардың ай-күнін,
Осында кел бір кешуғе айдынын.
Осындағы бір қызыққа тұрмайды
Өмір бойғы жиып-терген байлығын.

Сұрамаңыз қанша алыс деп қаладан,
Алыс емес қалаңызға даладан.
Театрды еске алудың өзі артық
Театрдай сезінеді бар адам.

Бұл мөлтектің қилем-қилем сыры бар,
Қазақ, орыс, түрік, үйгыр руы бар.
Бұл ауданнан жоғалмайды ентеңе
Бұнда әкеleiп тастайды өзі ұрылар.

Әрқилем ұлттың өкілдері бар мұнда,
Үйсін, қыпшақ, найман, адай, аргын да.
Сыңсып өскен бау-бақшасы,
Малы бар
Бәрі осының балконының алдында.

Алатауың қасымызыда қалғиды,
Әр мезгілде өзгереді әрқилем.
Тыныштығың егер де сәл бұзылса,
Милицияны милицияң аңдиды.

«Қазақфильм» баршылықтың отаны,
Соныменен тарап кеткен атағы.
Дүкендері сатушысыз жұмыс істеп
Базарында бәрін тегін сатады.

«Қазақфильм» – махаббаттың бесігі
Әрқашанда ашық түрған есігі.
Кіреберіс қақпасында жазулы
Небір сұлу арулардың есімі.

Тек өзіңнің үялмасаң түрінен
Ештеңе жоқ бұл жерде де бүлінген.
Сол қақпаның ең жоғарғы жағында
Сұлулардың суреттері ілінген.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Қара, көкшіл мөлдірекен көздері,
Әсіресе кештің жайлы кездері,
Қысылса да жалғыз-жарым жігітті
Шақырады арулардың өздері.

Сол кездерде жақындастып онымен,
Міндеттісіз тартуға да белінен.
Болмаса егер батылдығың,
Ерлігің
Қуыласың «Қазақфильм» жерінен.

Бұнда халық бірін-бірі таниды,
Көз жұмып-ақ таба аласың әр үйді.
Беріп,
Алып жатпаса да жұртшылық
Бір-бірінің лебізіне жариды.

Өріп,
Тоқып қойған ғажап гүлдерден,
Сұлулардың жұздеріне нұр берген,
Ақындардың жүргегіне жыр берген.
Келдің, бітті,
Кете алмайсың бұл жерден.

«Қазақфильм»,
О, мөлтегім-сырласым,
Бар сырымды сен білесің, мұндастым.
Ақын біткен жырласа егер
Әлемде
Тұрған жерін осындаі ғып жырласын.

15.8.1998 ж.

ШЫГАРМАЛАРЫ

* * *

Сұрап келем,
Әлі де сұрай берем,
Сезем соның көбісін былай да мен.
Дауыл тұрса,
Үстіме мың жыл жасап
Шіріп біткен «қария» – құлайды емен.

Шіріп тұрған дүние,
Қаусап тұрған,
Бір ғаламат әлемді аңсап тұрған.
Көргіміз де келмейді елдің бетін
Құлазып-ақ қайтамыз барсақ қырдан.

Қолдан бәрі жасалған зарлы мұн да,
Зомбылығың,
Қорлығың,
Жарлығың да.
Қандай жеңіл боп кеткен қолдан жасау
Жақсылықтан басқаның барлығын да.

Кімді, қалай сапарға жолдас етем,
Тілегім сол тәнірім қолдаса еken.
Жақсылықтан басқаны көретүғын
Мына менде қос шырақ болмаса еken.

13.08.1998 ж.

АРМАН МЕН ӨКІНІШ

Баста дейді,
Басталмаған тораптар,
Жолдарымыз секілді бір жолақтар.
Қаптап жатқан айналамыз
Дәл бүгін
Толған сұрақ,
Толыспаған жауаптар.

Ақыл жалғыз,
Оған қосар ақыл жоқ,
Жұрт барады бір-біріне масыл болп.
Данышпан жоқ бір түйінді шешетін
Жалғыз оқтық берекесіз батыр көп.

Қайраты жоқ
Қайраткер көп – шынымыз,
Бәдік жыры – айтатұғын жырымыз.
Ақылдыны арықтатып ақыл-ой
Ақымақты семіртеді сыннымыз.

Айналамыз балгер менен бақсы екен,
Былай дейді ыза болған, мас «көкем»:
«Дәл осы бір күйімізben
Біржола
Барымыздан жоғымыз да жақсы екен».

ШЫГАРМАЛАРЫ

Шын сұрасақ, бұл да болар кешікпей,
Көріңіз де, төріңіз бен есіктей.
Қарсы аларсыз әлі-ақ «ақырзаманды».
Өмір бойы күтіп жүрген несіптей.

Көріп жүрміз қазағымның құзырын,
Таңдал алған ауыр жолын,
Қыжылын.
Мың перзентті тудыруын тудырып,
Біреуінің көре алмаган қызығын.

13.08.1998 ж.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Жас та келді біразға,
Бас ағарды,
Мен де талай ізденіс жасағам-ды.
Көп өткіздім ғылыми-зерттеулерден
Улы шыбын,
Шағатын масаларды.

Барғой жерде нелер бір шотмаңдайлар,
Оқып әбден тоқыған көп қайнарлар.
Ақындық та бір басқа аздау болып,
Ғалымдыққа ден қойып жатқан жай бар.

Мақсат та көп,
Одан да алаңым көп,
Ойламаймын табыссыз боламын деп.
Бір жаңалық іздеймін аласұрып,
Болашаққа жаңаша қарағым кеп.

Ізденістің жолында сезінерім,
Қиындыққа нелер бір кезігемін.
Қоян да өзім, тышқан да,
Ғалым да өзім
Тәжірибе жасаймын өзіме-өзім.

Бір-бірінен айырып асылыымды,
Шетке қарай шығарам жасағымды.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Қолымменен миымды ұстап көріп,
Салмақтаймын ендігі ақылымды.

Әбден батқан өмірдің ғажабына,
Шаңы менен батпагы,
Тозаңына.
Несі артық,
Ал несі жетпейді деп
Жүргімді тартамын таразыға.

Адамдардың бір-бірін азғырарын,
Азғырып ап көрдік қой жазғырарын.
Осындаидан ендігі сақтандырып,
Дәүітәлінің аңдымын көз-құлағын.

Бұл жұмысқа берілген,
Тұрақтымын,
Жауабымын,
Қояды сұрақты кім?
Орталығы ғылыми-зерттеулердің
Болу үшін жаралған сияқтымын.

01.11.1998 ж.

* * *

Осыны талай байқадым,
Мінезді не деп айтамын.
Не керек оны қайталап
Армансыз бәрін шайқадым.

Жалғыз да жұрдім,
Топпенен,
Болмады маған сот деген.
Таяқ та жедім аяусыз
Қателік кетті ептеген.

Кешемін.
Кештім барлығын,
Бар әлі көрер таң-нұрым.
Бәрін де жоққа шығарман
Бәрі де менің тағдырым.

Тән болса бәрі адамға,
Жұғысты деймін маған да.
Өліп те қала жаздадым
Өкіне алмаймын оған да.

Көңілі маған толды ма?
Келмеді ешкім алдыма.
Мысалы, өліп қалдым мен
Кімдерде қандай бар кінә?

ШЫГАРМАЛАРЫ

Кешемін.
Кештім барлығын
Бар әлі көрер таң-нұрым.
Бәрін де жоққа шыгарман
Бәрі де менің тағдырым.

26.08.1998 ж.

РЕНІШКЕ КУАНЫШ

Шабуылдап жүрегіме ойларым,
Қозып жатыр өшіп кеткен қайдагым.
Қыстыгұні ақ түтекте жоғалып
Еске түсті қасқыр жеген қойларым.

Қайдан келген,
Неге келген,
Қай ырым?
Еш нәрседен жоқ та еді қауіпім.
Табатын-ды жұмыртқаны табудай
Тұлқі келіп үрлап кеткен тауығым.

Малдың басы еді шіркіп киелі,
Еске аламын баяғы ақ түйені.
Әлі аяймын
Жануар-ай, бейкүнә,
Құлын тастап кеткен күрең биені.

Аяп едік
Өлмесіп деп тұралап,
Беріп едік
Қимай-қимай жылап ап.
Жарықтық-ай
Кісінейді түсімде
Қартайған соң етке салған шұбар ат.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Шалықтауга айналым ба мен ептеп,
Осы жаста өзімді-өзім өбектеп.
Қайда деймін
Сүт беретін ақ сиыр
Шешем байғұс сауған кезде шелектеп.

Откен-кеткен
Неткен өмір сиқырлы,
Көңілімді босатады бір түрлі.
Тіпті соңдай жылағым кеп кетеді
Есіме алсам Құтпан деген итімді.

Нені еске алсам екен деймін тагы да,
Жара түссе
Содан түссін жаныма.
Куанамын бәрінен де бұрын мен
Еске алатыш дүниемнің барына.

Сақта, құдай, ертеңгіге шұбәдан,
Аман-есен халықпаз ғой күнәдан.
Бәріне де шүкір айта білетін
Қазақпын ғой қуанамын,
Қуанам.

26.08.1998 ж.

КАЗАКСТАН – ОТАНЫМ

Қазақстан – ұлы Отан,
Бар ма маған сауалың?
Ақтарылып сұрасаң
Бар менің де жауабым.

Далам, қырым, ауылым,
Қазақстан – ұлы елім!
Ауырмай ма бауырың?
Сау ма аяулы жүргегің?

Азабыңмен өмірі
Қанатыңнан қайрылып,
Үлдарыңнан ең ұлы
Келе жатсың айырылып.

Олар салған ән де өшті,
Сен деп кетті қанша арыс.
Тар жол тайғақ, жанкешті
Қырғын, сүргін арпалыс.

Үзілдің де, жаншылдың,
Қара қайғы жамылдың.
Терге қанша малшындың?
Қанға қанша малындың?

Арпалысып «арманмен»
Өтті қиын тұстарың.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Өзің кіші болғанмен.
Үлкен болды дүшпанаң.

Таландың да, шашылдың,
Сол бәрінің өтеуі.
Бердің көбін асылдың
Бітті, енді жетеді.

Алыс еді жолдарың,
Айқындалды асар шың.
Ұлы еді арманың
Ұлы болып қаларсың.

Таңдаған соң жолды айқын,
Алқынба да, тартын ба.
Кеудемізben қорғайтын
Біздер бармыз артында.

14.08.1998 ж.

АБАЙЛА. АБАЙ КЕЛЕДІ

Абайла, ақын,
Алдыңда келеді Абай,
Сәлдең неге өзінше дағарадай?
Жарығына көк мұздың түсіп кетпе
Төрт аяғын атыңның тағаламай.

Осындай көп болар ма Абай біткен,
Солар ма Абай?
Қазағым талай күткен.
Шын төмендеп кеткен бе Абай шыны,
Әркім шыға бермейтін оңайлықпен?

Иықтасып Абаймен қатарындарай,
Шапан да олар киді Абай шапанындарай.
Шын Абайда атақ жоқ
Көп ақынның
Дәл бүгінгі керемет атағындарай.

Жұрт жоқ шығар Абайдың жұртынан бай,
Бірақ қайдан болған ел
Шіркін ондай.
Ойында жоқ Тұманбай болып алу
Абай болып алдым деп жүр Тыраңбай.

Абай болам дейтіндер толып жатыр,
Шуылдайды бәрі де соңында құр.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қаншасы Абай зиратын айналып жүр,
Қаншамасы қалқып жөлүнда тұр?

Аруағын қаншасы шуылдатты,
Қаншасы өсек ол жайлы зуылдатты.
Ал қаншасы өлеңнен ақша тауып,
Өлең-жырдың өмірін қындарatty?

Мен Абаймын,
Абаймын,
Абаймын деп,
Алып болды көп ақын талай міндет.
Ойланбайды ешкімі «мен өзіммен
Өзімді-өзім жасауға қалаймын?» деп.

Жыр аулының адасып іргесінде,
Талай ақын қайыршы күн кешуде.
Өз аттарын өздері жасай алмай
Дайын тұрған Абайға мінгесуде.

06.08.1998 ж.

ӨМІРБАЯНҒА КОСЫМША

Мен де біраз өмірді көріп қалдым,
Жақсыға да,
«Жаманға» жолыққанмын.
Сайрап жатыр іздері жырларымда
Жастықтағы қайсыбір «жорықтардың».

Деген жоқпын өзім де қысынармын,
Бесін алдым,
Төрті мен үшін алдым.
Араласып жұртпенен апыр-топыр
Ә дегенде-ақ оқуға түсіп алдым.

Жіберді әкем артымнан үйде барын,
Болды аздаған жүрісім,
Қиранаңым.
Оқубасты болмадым,
Шынымды айтсам,
Жанымды да соншама қинамадым.

Табысқандай көктегі жұлдызбенен,
Түнде деген армандалап
Күндіз деген.
Тастадым да жатақты
Біраздан соң
Шығып алдым пәтерге бір қызбенен.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Сөйтіп жанын оқудың шырқыраттым,
Жауабы бар менде әлі мың сұрақтың.
Келсін жөні,
Келмесін,
Жырды сонда-ақ
Лекцияның үстінде бүркыраттым.

Жалғыз және топпен де «жорық» құрдым,
Қыздар десе,
Кеш десе өліп тұрдым.
Ыстығымен кеуденің біраз жылдар.
Жас «перілер» қатарын толықтырдым.

Сөйтіп жүріп қалаға сіңе бердім,
Қиындық пен қызықты жүре көрдім.
Еш көмексіз
Сүйретіп өзімді-өзім
Аяғымнан ақыры түрегелдім.
Талай қырдан кетермін асып бір күн,
Өзімді, оған жоқ әлі асықтырғым.
Құдай берген осынау екі аяқпен
Қалаң менен даланды басып тұрмын.

Мансап пенен атаққа алаңдамай,
Бір нұктеге байланбай табандамай.
Келемін мен шарықтап ертеңіме,
Ертеңім де үшады маган қарай.

ПУШКИННІН КӨШЕСІ БАР АЛМАТЫДА

Ұлы ақынның 200 жылдық торқалы тойына арнаймын

Алматым кеткен ұқсап жаннатыма,
Кіріскең тіршілікке таңды атыра.
Ұлы ақын білмесе де атын оның
Пушкиннің көшесі бар Алматыда.

Менің де тиген онда көп табаным,
Іздеуге небір теңеу оқталамын.
Жасалған асфальттан ол
Қағаз емес
Пушкиннің дәптері ме деп қаламын.

Халық көп ағылады сол көшемен,
Айтпайын неге ақиқат ендеше мен.
Аяқтар алға ұмтылған қаламдардай
Жазылып бара жатыр өлмес өлең.

Қаншама түссе-дагы қозғалысқа,
Тигендей ол да кейде ар-намысқа
Ішімде өртенеді бір өкініш
Пушкиннің ғұмырындаі ол да қысқа.

Сол көше тіршілікті мол кешеді,
Адамдар тасқынындаі сел көнеді.

Жартысы Алматының жарты күнде
Қоймайды жүріп өтпей сол көшени.

Болса да сұмдық ерлік астарында,
Асты тас,
Айналасы тас қабырға.
Намысын ұлы ақынның найзалаған
Пушка тұр Пушкин – көше бас жағында.

Ақынның білмейміз бе күні-қуатын,
Жоқ па әлде дүниеміз ішкі жақын.
Тұрмайды неге, неге өлең оқып,
Пушканың орынында Пушкин ақын?!

26.05.1998 ж.

ҚАЗАКСТАН КАРТАСЫ

Күдірейіп біткендей арқасына,
Тарғыл-тарғыл,
Бұп-бұжыр тау-тасына,
Үқсайтұғын бояулар қып-қызыл боп
Түсіп қапты елімнің картасына.

Бір қызарып,
Сарғайып жон-арқасы,
Абайымның ай жүзді қаламқасы,
Ғашық етіп талайды ғұмыр кешкен
Сағыныштан сарғайған Сарыарқасы.

Жайлайым деп,
Жаным деп мазақтаған,
Ән-жырымен жанданған жаннат далам.
Жазиралар жап-жасыл бояуменен
Картасына елімнің қонақтаған.

Жетім-жетім көлдері мөлдірейді,
Жан-жүрегің осыған елжірейді.
Ормандары шашындақ қасқабастың
Шет жағында картаның селдірейді.

Толқындары өкіріп, өгіздері,
Кеткісі кеп шағылды, неге ізdedі?
Жартасты ұрып көгеріп бет-ауызы
Долданады ызақор теңіздері.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Алдындағы асырмай кезеңдері,
Шегінбеді әйтеуір не жеңбеді.
Күтіп алып алдынан айдаһардай
Жұтып қойды құмдары өзендерді.

Жырда айтылған,
Осы мұн, ән де айтылған.
Бір арман бар сәл ғана жанбай тұрған.
Су, су дейді
Өңінде,
Түсінде де,
Бір шөлі бар жерімнің қанбай тұрған.

Орын алған ұлы жер ортасынан,
Айналайын,
Тұған ел алқасынан.
Жүргімді жерлеймін топырағына
Жанарымды ала алмай картасынан.

16.08.1998 ж.

ҚҰЛАЙ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Құдай өзін де кешірмейді

Сенемін мен құдайға.
Бірақ өлген,
Көшіп кеткен аздан соң мына жерден.
Енді қайтып келерін кім біледі
Жалбарынып,
Жас төгіп сұрағанмен.

Құдай болған,
Бір кезде былай болған,
Бар дүние қолында шыр айналған.
Сол құдайды қайтадан
Бұл күндері
Сұрайды күн, жер, ая,
Сұрайды орман.

Сұрайды тау,
Сұрайды топырақ та,
Сұрайды шөп,
Бұтақ та,
Жапырақ та.
Адам құртқан қолымен
Жазираға,
Жан берсе деп сұрайды атырапқа.

Бар табигат сұрайды бүгінде мың,
Сол құдайдың қайтадан тірілгенін.
Адамдардың қайтадан есі кіріп,
Ақиқаттың алдында бүгілгенін.

Бар дүние сұрайды мұрат қылышп,
Мейлі қандай жатса да сұрақ туып.
Сол құдайдың қайтадан келмегенін
Адам ғана тілейді жылап тұрып.

Қорқынышы,
Жүректің алаңы шын,
Заманақыр шығар ол –
Қаралы сын.
Сан мың ғасыр жасаған бар күнәсін
Қандай қыын мойындау адам үшін.

Сол құдайға сәл ғана жақын деген,
Елі сүйген ер де бар,
Батыр берен.
Жоқтатпайтын құдайды жандар да бар
Жол бастаған жұртына ақылменен.

Жақсы, жаман аралас патшалар бар,
Соларыңды бұзатын атшабарлар.
Атшабарды көп тыңдалып құдайды емес
Ақырында адасты пәтшагарлар.

Үрпісіп,
Ұқсап бір үркерлерге,
Қатын-қалаш жиналып үлкендер де.
Күнәлілер Құдайдың аяғына
Құлап жатыр аh ұрып шіркеулер де.

Бастарына барларын жамылып бір,
Әрлі-берлі жүрген жоқ ағылып құр.

Шіркеуінде жиналып,
Сол құдайға
Енді қайтып келме деп жалынып тұр.

Бір жақсылық орнатып жер бетіне
Дүғай сәлем жолдайды пендесіне.
Өзен-көлі,
Ағашы,
Ормандары
Бәрі қайта билейді тербетіле.

Өңдеп қайта береді елге жерді,
Бас иғізіп қайтадан жерге де елді.
Ерте, кеш пе келеді құдай қайта
Тазартуға күнәдан пенделерді...

Айлакер ме,
Бәрібір қаһарлы ма?
Кеткен болар біразы беталдына.
Құдай келсе қайтадан жер бетіне
Патша біткен барады сот алдына.

Елді алдаған сөзбенен алақашпа,
Жандайшапқа жаратқан қарамас та.
Құдай атын өтірік пайдаланған
Дінбасылар бас қосар дар ағашта.

01.07.1998 ж.

ОТТЫ ЖЕР

*Тоқырауын топырагында дүниеге келген қазақтың біртуарлары
Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков және Ақбайдың Жақыбының
аруақтарына арнаймын!*

Сарыарқаның төсінде,
Отты белде,
Тұрып талай дауылдар,
Соқты жел де.
Әлихан мен Әлімхан, Жақып туып
Бір еңкейткен секілді көкті жерге.

Өтіріктен өтірік мақтамаймын,
Көрген бұл жер ғажайып бақ-талайдын,
Қарқаралы жалғасқан Қызыларай
Сыр бар және жерінде Ақтогайдын.

Қасиетін сеземін топырағының,
Жанымызда жаны жүр жапырағының.
Шаңырағына шашылған әр үйінің
Әрбір талы бір уық Тоқырауының.

Армандары ойланған орман ба едің?
Ақырындаш ішіне алған демін.
Ұлдарының бойына от беріпті

Алау болып,
Нұр болып жанған жерім.

Сарыарқаның белінде,
Огты жерде,
Самалдар да,
Дауыл да,
Соқты жел де.
Сол дауылдар,
Сол оттар қуат беріп,
Айналдырган ұлдарын тектілерге.

Сол оттардан бізге де бір от қалған,
Талай, талай тұратын мұраттардан.
Бір ғаламат құшті мен сезінемін
Осындағы елге де қуат болған.

Бұл жердегі сол отты сүйемін мен,
Сезіп тұрып миыммен,
Жүрегіммен.
Агалардан қалған сол от пен жалын
Ток боп өтіп барады сүйегімнен.

Сарыарқаның төсінде сандалкерім,
Қасиетті,
Киелі ән бар ма едің?
Шу асаудай жалына жармастырып
Жанымды жеп келеді арман менің.

Бізге тастап кеткен соң оттарыңды,
Армен, қанмен жазылған аттарыңды,
Қаруыммен қорғап мен қалам атты
Сездірмеуге тырысам жоқтарыңды.

Сарыарқаның жонында

ШЫГАРМАЛАРЫ

Отты дала,
Алаулары тау-тасқа соқтыға ма?
Қазагым деп өртеніп,
Жалындаған
Көзіндегі солардың шоқты қара!

Майыспаған дауылға емендердей,
Әрбіреуің бір елге кеменгердей,
Аттарыңды жаттаймыз санамызда
Армен,
Қанмен жазылған өлеңдердей!

29.07.1998 ж.

АКИКАТ ТУРАЛЫ

Ertегі

Жолықты пенделердің тұр-тұрімен,
Қуымен,
Сұмдығымен,
Қырсығымен.
Дұрыстай бір адамға жолыға алмай
Кетті әбден өзінің де шырқы білем.

«Есалаң еркіндік те даладагы»,
Осылай айналасын шамалады.
Іздеді періштені дедек қағып,
Қаланы,
Даланы да аралады.

Нәсібін үлестіріп қолындағы,
Бәріне соқты елдің жолындағы.
Басын сол паналатар бұл жалғанға
Бақсының мolasы да табылмады.

Жер жалпак,
Дүние кең аралайтын,
Бірақ та заңы жаман алалайтын.
Бәрін де түгендеді түкпірлердің
Корде де жер жоқ еken паналайтын.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Тау-тасты аралады,
Өзен-көлді,
Белдерді асып көрді
Кезеңдерді.
Ақыры таппаған соң бір моланы
Қалады біржолата тез өлгенді.

Құбасын соққылады анда-мында.
Ұмытты қасиетті болғанын да,
Бір күні сыйалады есігінен
«Не бар?» деп абақтының ар жағында.

Соғылған бостандық деп сағатты да,
Талақ қып жұмақты да,
Абатты да.
Есалан,
Әрі есуас еркіндіктен
Артық деп сұңғіп кетті абақтыға.

26.08.1998 ж.

ЖАРАЛЫ АРЫСТАН

Ертеңіңе алаңмын, Қазақстан,
Жан берісken заманда, жан алысқан.
Есіме алам қазірде өткенінді
Андыз-андыз басыңнан азап үшқан.

Қарынбайлар қогамы үнемдеген,
Қайыршылар Отаны тірі өлмеген.
Елім менің даладан қалага ауып
Шиебөрі секілді сұмендеген.

Ыза қысқан кеудесін нала қысқан,
Кекірепі тесілген Қазақстан.
Оқ тигендей қаңғып кеп сол кеудеден
О, жаралы жатырсың сен, Арыстан,
Ертеңіңе алаңмын, Қазақстан.

АҚЫН ҚҰЛПЫТАСЫНДАҒЫ ЖАЗУ

Алдың ақын төрінді,
Кештің қили өмірді.
Жерің сені көтерді,
Жылыт енді жерінді.

Осы күннің келерін,
Ерте сезген сен едің.
Жүргепінде еліннің
Қалды мәнгі өлеңін.

Жат, ұйықта, ақыным,
Туган жерде ақырын.
Жаңа туып келді
Сенің жұлдыз гасырын.

05.12.1998 ж.

АШ БАЛАЛАР

Біз де өлеміз,
Бауырым, сен де өлесің,
Жасырады сондықтан пенде несін?
Жылт-жылт етіп тұрғанда екі жанар
Дөңгелесе дүние,
Дөңгелесін.

Сырласайық, ал кәне,
Не қызық бар?
Қос емшегін тағдырың емізіп ал.
Қос тізгінін тұлпардың жіберіп бір
Осы кезде құйғытып ағызып қал.

Біз баламыз кей кезде ішкен шалап,
Несібені бүйірган іштен санап.
Бұл өмірдің омырауын созылайыз
Кезек-кезек тамады сүт пен шарап.

Екі омырау,
Екі емшек.
Екі бөлек,
Пенде үшін берілген несібе деп,
Созылаймыз
Бірі – абы,
Бірі – тәтті,
Бірі – шарап,
Бірі – сүт, екі қорек.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Екі емшегі өмірдің – бақыт, қайғы
О, несі бар, жаныңды шошытпайды.
Қайғы деген – қағылез жетеді ұшып
Бақыт деген – жайбасар, асықпайды.

Екеуінсіз екі адым баса алмайсын,
Итінді де айтактап қоса алмайсың.
Біреуінен қашсаң да құтылмайсын,
Біреуіне қусаң да жете алмайсың.

Әңгіме етіп бұны да сез қыла алам,
Көз бен тілді сол үшін берді маған.
Білгенім сол, адамдар – аш балалар
Қос емшегін өмірдің созғылаған.

02.07.1998 ж.

ФӘНИ МЕН БАКИ

Өлілердің тірілер жүр қасында,
Үңсіз ғана екі ауыл сырласуда.
Тірілердің ауылы етегінде
Өлілердің ауылы қыр басында.

Басты кейде үрэйлер паналайды,
Өлгөндерден қорқу да жарамайды.
Ел үйкүға батқанда тұнде келіп
Аруақтар ауылды аралайды.

Терезе мен есіктен сығалайды,
Пайдаланып сәтті осы тым орайлы –
Үрпактарын көріп боп үйқыдағы
Жылап шығып кетеді,
Шыдамайды.

Болғаннан соң екі ауыл көрші-қолан,
Сезбе мейлі,
Сез мейлі, сенші маған.
Жұма күні келгенін аруақтың
Сәттерін де сезбейсің хал сұраган.

Тұнде кейде жанында отырады,
Үйқындағы ойыңмен қосылады.
Керек болсаң түсінде жақын келіп,
Жақында деп өзіне шақырады...

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аруаққа дәм берсең кете ме ақын,
Ол жаққа да арқырап жетер атын.
Бүгін тағы үйінді аралайды
Фәниің мен бақының өте жақын.

11.07.1998 ж.

МАХАББАТ

О, махаббат,
Бәрі де жердегінің,
Өзің үшін лапылдаң,
Өлмеді кім?
Екі ғашық сүйісті,
Сені тыңдаң
Үшіншінің оятың пенделігін.

Білгіштікпен айтпаймын,
Білгіш емен,
Көріп жүріп өзінді кімді сөгем?
Құштарлық та,
Құмарлық, қызғаныш та
Көре алмау да,
Жек көру туды сенен.

Лапылдатып адамды жас жазында,
Ойран-топан шығарып қасқағында,
Талай ғасыр,
Талай жер,
Талай сәтте
Тәбелесті, соғысты бастадың да.

Жақсы рас құштырдың,
Сүйістірдің,
Дұрыс қылдық,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Кей кезде бұрыс қылдық.
Безіп жүрген бейбақ боп бет-бетімен
Екі басты бір жерге түйістірдің.

Ойлап табу арқылы үйленуді,
Үйретіпсің «тәуелді» құн көруді.
Жар іздетіп ереккек
Еркіменен
Үйретіпсің әйелге «күн» болуды.

11.05.1998 ж.

ҚАРА МҮРТҚА
ҚАРАМА КҮДІКТЕНІП

Кейіпіңе мен сенің таңғаламын,
Салып тұрсың қылығын сен баланың.
Үмітіңің азайып, құдігіңің
Көбейгенін көзіңен аңғарамын.

Неге тұрсың үрейге ырық беріп,
Көрінем бе ызғарлы суық болып.
Сыртым салқын болғанмен
Ішім жалын
Мұртыма да қарама күдікtenіп.

Сен біреудің болсаң да балапаны,
Бетіңді өмір мен жаққа қаратады.
Сені байлап алуға
Туласаң да
Қара мұрттың жетеді қара талы.

08.06.1998 ж.

ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН ӨЗ ӘЙЕЛІМ

Әзіл

Әйелім ұйықтап жатыр,
Мен ояумын.
Жоні бір келмеуші еді аялаудың.
Өзі де аялауга алдырмайтын
О, қандай момын үйқы,
О, аяулым.

Мінезі қайда кеткен ерегеспе,
Қараймын
Ол ма деймін,
Ол емес пе?
Кезінде ұйықтап жатқан қандай жуас,
Қатысы жоқ адамдай «төбелеске».

Өмірде жан секілді сөйлемейтін,
Пендете «қой» демейтін,
«Өй» демейтін.
Өмір-ау қалай, қалай өзгертеңі,
Кезінде ұйықтап жатқан пенде кейпін?

Тіпті де сондай жуас, қозғалмайды,
Адамның ауызынан сөз де алмайды.
Сүйсініп алайыншы осы сәтте
Маган да мұндай бақыт кез болмайды.

Қалайша ұнатпаймын,
Ит болғам ба?
Кінәні тағыппын ғой тіпті оған да.
Осы ма өз әйелім,
Басқа әйел ме?
Сүйкімді қандай тәтті ұйықтағанда.

Сүйіктім – Еңілігім,
Ақ Баяным,
Елігім,
Ақ маралым, ақ қояным,
Оянса өзгереді,
Шіркін, шіркін,
«Оянып кетпесе» екен деп қоямын.

Дәл қазір қажет етпес ақшаны да,
Дүние, байлықты да,
Басқаны да.
Сүйкімді бәрі, бәрі – мұрын, көзі
Бұғағы,
Қабағы да,
Қастары да.

Маган да керегі жоқ айдың аса,
Тұп-тура дәл осындај жайлыш болса.
Шіркін-ай,
Үйқысынан тұрган соң да,
Дәл осы мінезінен айнымаса.

Мені ешбір жеңе алмайды қайғы да аса,
Дәл осы мінезінен айнымаса.
Ешқашан мұндаі сұлу бола алмайды
Аспаннан жұлдыз тұғылай құласа.

Келмейді бұдан тәтті сөз аяғым,
Дәл өзі құдай берген сая-бағым.

Ұйқыдан тұрганнан соң – басқанікі,
Ал мына жуас әйел – өз әйелім.

Бір рет құдай шіркін мені аяды,
Қыз кезі оралған ғой со баяғы.
Шу да жоқ,
Айқай да жоқ,
Ұйқай да жоқ
Ақырын сүп-сүйкімді дем алады.

Құдайым шіркін өстіп қолдаса еken,
Осы сәт бір өтірік болmasa еken.
Япыр-ай, үйқысынан тұрган соң да,
Дәл осы мінезінен танбаса еken.

Осы мен не деп тұрмын өзіме-өзім,
Сенеді тіпті осы сөзіме кім?
Мына әйел,
Өз әйелім оянады
Басқа боп көріне ме көзіме жын?

Осы мен өзімді-өзім неге алдаймын,
Қажеті бар ма оянса
Оған байдың?
Дәл осы қалпыменен тұрады деп
Шіркін-айта алмаймын,
Сене алмаймын.

ЖҮРЕК ҮЛЕСТИРУ ЖЫРЫ

Үлестірген жанмын мен жұрегімді,
Бұғагынды сүйемін,
Білгеніңді.
Ала салшы өзі де аз қалып тұр
Алла сенің оңдасын тілегінді.

Аз қалса да әйтеуір жаны қалған,
Өмірінің мәні де, бәрі де – арман.
Салтанатты кештерде үлестіріп
Жұрегімді жүр әйел бөліп алған.

Өтіп әбден неқилы «замандардан»,
Арандалған демеймін
Тамам болған.
Жүр қазір де қеудемнің бұрышында
Кіп-кішкентай тәбәрік содан қалған.

Сен ойлайсың...
Жаны жоқ бүтін дейсін,
Содан кейін әрине,
Түкірмейсің.
Ең тәттісі қалғанын сезер болсан,
Мына мені бассалып түтіп жейсің.

О, аяулым,
Ақылдым,
Жансүйерім,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Өтінемін,
Келеді болшы дегім.
Қайтармашы бетімді,
Жалынамын,
Жүргімнен бір үзім алши менің.

Айналайын,
Асықшы, шамшырағым,
Енді тұк те қалмайды.
Болшы, жаным.
Тәтті екенін білесің өзің кейін
Жүргімнің сен де бір көрші дәмін.

Осы гана өзі де өлшеулісі,
Әлсіреді өзі де сенсен, күші
Айналайын,
Ақылдым, ала салшы,
Шамалылау қалып тұр,
Ең соңғысы.

19.08.1998 ж.

* * *

Бұғын, жаңым, жарамас қатты деуін,
Өткізгенің қайда әлгі сәтті керім?
Дәмі аузыңнан кетпейді тіл үйірғен,
Сен білесін, жүрегім тәтті менің.

Есінде ме, жоғалып мән-магынаң,
Шошығаның ең алғаш сонда жаман.
Қолыңдағы жүректің қанын көріп,
Саусағыңның астынан сорғалаған.

Шамаң келмей содан соң сүйем деуге
Жүректерді кіристің түғендеуге.
Бірте-бірте тәттісін таңдал үрып
Кете бардың үйреніп жүрек жеуге.

Неге керек біреудің оттағаны,
Даттағаны немесе мақтағаны?
Жүрек қана сақтайды сұлуларды,
Бұдан басқа олардың жоқ тағамы.

Құтқармайды,
Алысқа жібермейді.
Өлем дейді,
Сүйемін,
Күйем дейді.
Осы күні бәрі бар, бәрі де бар,
Жүрек жейді, әйелдер жүрек жейді.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ұмытатын ондайда сүйемін-ді,
Қалдыруға дап-дайын сүйегінді.
Ашыққанда қалышылдап,
Жылап тұрып
Жүргегінді сұрайды, жүргегінді.

19.08.1998 ж.

ҒАШЫҚ ЖҮРЕКТЕР

Тагы да тұс

Айдай сұлу қар қызы екен деймін,
Тұсіп алғам алдына
Тепеңдеймін.
Естіп жатқан ол да жоқ бір сөзімді
Өз-өзіме ішімнен кетем деймін.

Жаншып езіп
Мысымды,
Жігерімді,
Бытырлатып қабыргам,
Сүйегімді,
Қақ бөлді де кеудемді,
Ар жағынан
Жұлып алды қолымен жүрегімді.

Не деп ұрсам осындай жауызыма,
Сыйып тұрған сұлулық қауызына.
Тамшылаған күйінде қан-жынымен
Тастай салды лақтырып ауызына.

Мен аң-таңмын.
Аманмын.
Өлгемін жоқ,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өлдім-ау деп көңіл де бөлгенім жоқ,
Тым тамаша.
Сол гана сезінгенім
Қалды қеуде әп-сәтте жеп-женіл бол.

19.08.1998 ж.

БАҚЫТТЫН БАҒАСЫ

Бақыт деген бір құс бар ұшып жүрген,
Кімге қалай қонады,
Түсіндім мен.
Мықты болса келмейді неге сонда
Кездерімде сылқитып ішіп жүрген.

Бірде келіп қонады балконыма,
Кейін айтам... қызығы бар тағы да.
«Сен қалайша тып-тыныш болғансың» деп,
Маған қарап тұрады ақтарыла.

Жақсылап бір келеді сұрақ қойғым
(Содан кейін тек қана тұрақтаймын).
Сол бақыттың кей-кезде
Ұшып-қонған
Тым жеңілдеу мінезін ұнатпаймын.

Жазбай-ақ қой ондайды,
Жасағаным,
Қаламаймын біреуден босағанын.
Керек болса, шыным сол,
Бақытсыз-ақ
Тым тәп-тауір өмірді кеше аламын.

19.08.1998 ж.

КАЙҒЫНЫН КЕЛУІ

Дем алысы,
Ап-ауыр тынысымен,
Көрінгендей сұлбасы тұн ішінен.
Бар тіршілік тынады іштерінен
Қайғыңыздың дыбыссыз жүрісінен.

Ашылмайтын қабагын түйіп алған,
(Тоған сұы тоқтаған – түйіқ арман).
Оның келе жатқанын сезген кезде
Үн шығармай капысыз үйыған жан.

Ол сабырлы
Мінезді,
Ойлы, зілді,
Жоюды ойлап жүреді,
Жойғызуды.
Алдаған боп құдайды жүр адамдар
Алдай алмай бірақ та қайғыңызды.

Қайталаймын түк қайғы болмағандай,
Өміріңнің дидаresы сонда қандай.
Жүр адамдар құдайды алдаған боп,
Қайғыңызды бірақ та алдай алмай.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Көрінгенде дыбыссыз ұры-қайғы,
Ит үрмейді
Касқыр да ұлымайды.
Жерге қарай тек қана көз жастай боп
Жалғыз жүлдyz көгінен зымырайды.

19.08.1998 ж.

АКИКАТЫМ ОСЫ

Кепім жоқ ешкімнен де алатұғын,
Өйткені мен де адамның баласымын.
Әу баста-ақ бәрін сезіп, біліп қойғам
Фәниде барлығы да болатынын.

Күнәніз көп дей алмас
Шашыңыздан,
Бірақ та қала алмадық досымыздан...
Қаттысы,
Тәттісі де араласып
Бәрі де өтті мына басымыздан.

Білмеймін,
Аман қалдық,
Неге өлмедік?
Ертең де күн барына елеңдедік.
Бір сәттік қызың үшін жанды қиып
Өлмедік,
Кештік бәрін,
Не көрmedік?

Бойдағы азды-көпті қасиетпен,
Өзге емес,
Осы кеуде,
Осы бетпен.
Жандай-ақ сезінемін,

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Өзімді-өзім
Қайықпен мұхитты да кешіп өткен.

Болғаны бар кінәміз осы барлық,
Толсын деп қатарымыз қосып алдық,
Жақпады жең астынан көрсеткені
Тырнағын біреулердің кесіп алдық...

Ешқашан,
Ешкімге де жыламадым,
Алдына бас имедім,
Құламадым.
Құдайдың ұмытпаймын қинағанын,
Пенденің мойындарам кінәларын.

19.08.1998 ж.

АҚЫННЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Мұқағали қиялдан ішіп жүрген,
Ызасынан ел оның пысып жүрген.
Шәкіртіне шарапты өзі үйретті
Ө, дегенде-ақ мінезін түсіндім мен.

Жетпіс үштің күзі еді,
Аспан бұлт.
Уш-төрт жігіт түр екен бастан құрып.
Әлгілерге от беріп,
Мұқағали
Өмірінді жіберді дастан қылып.

Аспан шайдай ашылды...
Келді бәрі,
Жігіттердің сәлден соң енді жаны.
Көрмегендей ауырып,
Жаңағылар
Ауырмайтын сияқты ендігәрі.

Басты дейсің думан мен ырдуына,
Мен де ілесіп барамын ду-дуына.
Денесі зор болса да біраздан соң
Мұқағали мас болды жыр буына.

Өзі де оқып тастады талай өлең,
Тәйт десе ақын егер де қоя қалам.

Дәуітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Қол көтеріп ымдайды иегімен
Мен де өлеңді сілтеймін
Жан аяман.

Осы жерде бір жұмбак сұрақ туды,
Бәрі ішінен мастардың шыдап тынды.
Сүймейтінім құдайды жария етіп
Ызалы ақын булығып жылап тұрды...

14.08.1998 ж.

БӨРІЛЕР

Алда бастап, келе жатқан көк бөрі,
Барлығынан отырады оқ бойы.
Арт жағында салпақтайды біреуі
Болса да олжа
Оның көрер жоқ тойы.

Басшы алда,
Қосыны кейін бұлкілдеп,
Жақыннады бір ауылға біртіндеп.
Ал ауылға дыбыстары бұлардың
Жер астынан жетті ақырын дүмпілдеп.

Жеті қасқыр тартып алып іштерін,
Қан майданда сынап көрмек күштерін.
Ауылдың дәл түбіне кеп
Тың-тыңдал
Сақылдатып тұрып алды тістерін.

Қасқырларға қарсы бір жан шықпады,
«Қатындардан» қасқырларың бұқпады.
Қанша ақылды болса-дағы бөрілер
Адамдардың бұл қылышын ұқпады.

13.08.1998 ж.

КІШКЕНЕ КҮБЫЖЫҚТАР

Үйқы менен ояудың арасында,
Не істеп жүрмін, япыр-ау, мен осында,
Айбыны жоқ пендей тауларында
Байлығы жоқ пақырдай даласында.

Тұнде тұрам,
Маңында тірі адам жоқ,
Тірі адамдар жатқандай құлаған бол.
Күндіз көрем –
Айналам құбыжықтар,
Бұндай тірлік алладан сұрағам жоқ.

Құбыжықтар ағылған машинамен,
Бастары жоқ,
Қанқасын, шашын көрем.
Түсінбеймін сөздерін,
Гүілдерін
Үнсіз-тұнсіз отырам қасында мен.

Ашытады миынды быжылдатып,
Құлағымды барады ызындағып.
Көзіме де кіреді түтін құсан
Ішек-қарыным,
Ішімді жыбырлатып.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Қажеті жоқ сезімді жамандаудың,
Мен де осындай сезімге мамандаумын.
Бір қызығы, тіп-титтей құбыжықтар
Үрпағына үқсайды адамдардың.

13.08.1998 ж.

НАРЫК ПЕН КАЛЫП

Адам құсап маган сондай бас иғен,
«Не жасайын?» дейді әйелім ас үйден.
Мені қайдан тыңдай қойсын қу әйел,
Астымда жоқ орғып тұрған мәшинем.

Қорықпаймын боп кетсем де денелі,
Қарынымның қаңғыса да көлемі.
Денсаулығы дұрыс адам ішетін
Ас түрлерін менің де ішкім келеді.

Конъякты да ішсем деймін аздаған,
Не ішсөң де көре алмаймын көз жаман.
Қазы жатса қорықпаймын одан да
Қарынымның ар жағында маздаған.

Қысыңызда аяздатқан ақпанда,
Қорқамын деп бола ма еken тоқтауға.
Қалай ұрсам сорпасынан жылқының
Шектерімді майлап бара жатқанда.

Ұрса алмаймын ішіп алған масқа да,
Оның өзі ақымақтық, масқара.
Қуырдағынан шошимын ба қазақтың
Өнешімді тесіп бара жатса да.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Нарық деген өтіп жатыр сүм сабак,
Садағасы кетсін еттен бір табақ.
Оған да қынқ демес едім.
Шыным сол,
Қымызыңдан келіп жатса қылтамақ.

13.08.1998 ж.

КӨШЕДЕГІ МАШИНАЛАР

Көше бойы ағылған машиналар,
Көз үйренин,
Жоқ жайы тосын болар.
Әлғенін де,
Тірісін артып алып
Адамдардың тұр-түрін тасиды олар.

Көзімізбен көреміз біз қалада,
Бір жағалы түгілі жүз жағаға,
Қарамай-ақ барады оқша атылып,
Он сепізге толмаған қыз бала да.

Машиналар әр түрлі,
Қылыш-қылыш,
Тиеп алып қашшама сыйлығынды,
Тартып бара жатады
Тойып алған
Қыз-жігіттер семірген, күйлі-күйлі.

Таусып біте алмайсың санамалап,
Әлдебірі артық тым алабажақ.
Бояуымен сан қылыш машинаның
Өзге түске енеді қала ғажап.

Он орайды ойынды олақ ақыл,
Оны қайдам?

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ал мына ой санада тұр.
Қай машина,
Артында қандай күйде,
Қай «пақырдың» мәйіті бара жатыр?

13.08.1998 ж.

СӘЛЕМ ХАТ

Мың тогыз жұз алпысынышы жылдар...

Жырларыңды оқыдым,
Мырзан досым,
Адалдықпен ашынып жыланғасын.
Қалғып кеткен өткендер селт етті де,
Жастығынан көтерді жылдар басын.

Жұрт не демес кей-кезде, Мырзан досым,
Иті ғана солардың ыржандасын.
Қайтпас жырлар жазыпты қайсарлықпен
Өзің болып тау-тасқа ұрған басың.

Көкорайлы көктемің –
Жастығыңды,
Биіктеген сәтінді,
Пәс күнінді.
Білем, білем бәрін де... бұла кездер
Өз буыңа өзіңнің мастығыңды...

Жатақхана.
Маздаған жыр оттары,
Құрақ көмген көктемнің бұлактары.
Періштелер.
Бал жырлар.

Жас перілер
Болашақтың тулаған сұрақтары...

Омар Хайям.
Есенин – шыгар әлем,
Отты жастық,
Ғашық жыр.
Құмар өлең.
Қиялымыз тербетіп ғарышынды
Бірге ұшатын ойымыз мұнарамен.

Ақындықтың алаулы үшқындары,
Қанымызда тулайтын қүштің бәрі.
Әлі есімде алғашқы аптығымыз
Бұрқыраган сыранның қышқыл дәмі.

Қайсаңықпен,
Қайтпастан,
Қажымастан,
Оңай өмір сүруден ажырасқан,
Бұл фәнидің жерініп тәттісінен,
Аіңсына қанудың өзі – дастан.

29.06.1998 ж.

АЛАЛЛЫҚКА ШАҚЫРУ

Эпиграмма

Дзержинский тұтатып оттарыңды,
Маяковский шығарып аттарыңды,
Ленин рухы көтеріп
О, милиция,
Тағып едің беліне шоқпарыңды.

Милициям о, менің не боп қалды,
Не көрінді аулардай шабақтарды?
Қайдан ғана үйреніп алғансыңдар
Сондарынан мастардың салактауды?

Партияның сендерге батасы аян,
Не боп кетті?
Мынау не бақас-аяң?
Көздеріңе банды боп көріне ме,
Құрт-құмырсқа,
Маскүнем,
Бақа-шаян?

Бүгін мынау болбырап жүрістерің,
Осы ма еді ақыры түгіскенің?
Азаматтық,
Әділдік,

ШЫГАРМАЛАРЫ

Қайда адалдық,
Қайда елді қорғайтын ұлы істерің?

Жан ауырмай қалайша жай табасын,
Бетің қандай жып-жылтыр,
Не айта аласың?
Ширығу мен шынығу орынына
Семіздіктен ыңқылдап жайқаласың.

Бір кездегі қайда әлгі ұрыс қиясы,
Табыс пенен тамаша жеңіс күәсі.
Алға, кәне,
Анық бас аяғынды,
Еркін қазақ елінің милициясы!

14.08.1998 ж.

СПИЛ

Жезөкшеңіз келеді қала аралап,
Сыр тартады сұрқия жанамалап.
Кездессеніз басыныз дұғаланып,
Сиқырымен дүние болады аbat.

Сұқтанасыз сұлуға тартып сырын,
Жігіттігің шыдамсыз – шалқып шының.
Жылан көз бен мөли көз сүзеді арбап
Әлсіздерге дәлелдеп артықтығын.

Қою түндей қоп-қою кірпігімен,
Кезеп атқан кездесіп түр-түрімен...
Миыңыз бен жүрекке шабуылдан
Есіңізді алады түн түрілген.

Қылықты түн.
«Қылықты спитініз»,
Түннің балын қалайша ішпейсініз?
Қызымет қып сіздерге бал шараптар
Басқарады кешті өзі спиртініз.

Екі көзің мөлиген етегінде,
Құдай қосқан қосағын,
Некеліңдей.
Басқара алмай бақырдай қаяқ басты
Кетіп бара жатасыз жетегінде.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Асылғанда бір «арман» мойныңызға,
Айналады жұмаққа қайғыңыз да.
Ақырындал оқ жылан «сүп-сүйкімді»
Жылжып бара жатады қойныңызға.

Бас айналып, бітіп көз-құлагыңыз,
Таусылады,
Құриды шыдамыңыз.
Соныменен бітесіз,
Қош боласыз,
Мәңгілікке қанады құмарыңыз...

1996 ж.

КИЛЫ-КИЛЫ ПЕНЛЕ БАР

Сол-ақ қонар
Биіп,
Асқары да,
Шыға алмаған өзінің аспанына,
Сапасыздау балшықтан иленгендей
Ренжимін қайсыбір достарыма.

Қызығатын аспанға үшқан жанға
Қызғанатын ең мықты тұсты алғанда.
Жақсы деп те,
Жаман деп айта алмайтын
Не дей алам бишара дүшпандарға.

Оларда да бар шығар дара пысық,
Іштерінде жүргенде жоғары үшып.
Менің өлген тойымда
Оларың да
Қалса деймін мәз болып арак ішіш.

Сала алмады жанымға жаман жара,
Өкпелеймін оларға
Соған ғана,
Мен өлгендеге жылайды.
Жыласа олар
Мендей мықты табылмас оларға да.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Ондај болу кебіне әлі қашық,
Бірі өсекші,
Бірі қырт,
Бәрі жасық.
Мықты дүңпен болмаған,
Бола алмаған.
Мен өлермін соларға жаным анып.

27.08.1998 ж.

БАТЫР КАЗАК – ТҮРЛÝХАНОВ

Дәу дейтіндей дәу де емес,
Аты – Дәulet,
Көтергенде жерден тік батыр «әу» деп.
Жасыратын несі бар,
Қарсыласы
Көз алдында кетеді бокырау бол.

Талай мықты атадан тұған ерен,
Солардан соң шайқасқан бұл да берен.
Тарс еткізіп ұратын жерге қадап,
Тастай қатып ширыққан тұлғаменен.

Шәкірттері «сен тұр мен
Мен атайын»,
Туып жатқан дала мен қала сайын.
Батырларды бастаған аруагыңнан
Айналайын, Қажымұқан, агатайым.

Соның бірі – Дәuletің жайрататын,
Күш-қуатын намысқа қайрататын.
Қастүлегің кілемнің ортасында
Қарсыласын қақпақыл ойнататын.

Құдай басқа бермесін қалғандары...
Кілемдегі, елінің қорғандары.
Қобыландының білеміз дүшпандарын
Болған жоқ-ты ешқандай онғандары.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бабалардан қалған бір барыстар-ай,
Барыстардың атылып алысқаны-ай.
Белдескеннен бел кетіп,
Кетті ақыры
Есегіне отырып теріс қарай.

Таудан түскен қойтастай тұлғаменен,
Талаі мықты атадан туған ерен.
Бәрі балуан,
Қазақтың бәрі батыр
Ақын болған әлсіз бір ғана мен.

Назағай боп әр жерде шатырлаған,
Батыр болам мейлі, ақын болам.
Лапылдаған бойынан отынды алам
Балуан – далам майданшыл батыр – далам.

Жанарында жалынды нүр тұтанып,
Әнүранның әуенін түрді танып.
Көтерілген қарап тұр кок байраққа
Батыр – Даулет
Жас қазақ – Тұрлыханов.

01.09.1998 ж.

АҚЫРЗАМАН

Тұк те жоқ,
Өзге де жоқ, өзін де жоқ,
Сезім де, көңіл де жоқ,
Сенім де жоқ.
Тағдыр да, бақыт та жоқ,
Қайғы да жоқ,
Азап та, қуаныш та, өмір де жоқ.

Сын да жоқ, мінің де жоқ, сынақ та жоқ,
Мақсат та,
Арман да жоқ, мұрат та жоқ.
Су да ауру, топырақ та,
Ауа да ауру,
Тұк те жоқ,
Тозақ та жоқ,
Жұмақ та жоқ.

Сот та жоқ,
Қамшы да жоқ, сойыл да жоқ,
Бәрі бір, бар мен жоғың айырма жоқ.
Қылмыс жоқ, жаза да жоқ, өтеу де жоқ
Ойлайсың берекесіз ойын ба деп.

Үлгі жоқ,
Өнеге жоқ,
Өсиет жоқ.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Жақсы да, жаманда да қасиет жоқ,
Мазмұн жоқ,
Мағына жоқ бәрінде де
Кешетін ең болмаса қасиret жоқ.

Көруші ек сол пәленің атын жаман,
Сол шығар жақындаған, саңқылдаған.
Егер де өзің болсаң төрлет кәне,
Ассалаумагалейкум, Ақырзаман.

26.08.1998 ж.

АҚ САЗАНЫ АЙДЫННЫН

Ақ жалындағ үстінде ақ көйлегің,
Ақ көйлегің шарпыған от қой дедім.
Сол алауда өртеніп кете барсам
Өкінішім ешқандай жоқ қой менің.

Балқаш жатыр алдында дірілдеген,
Айдынына асығып жұғірген ең.
Қасиетті қолге кеп тізе бұқтің
Тізен бұрын ешкімге бұғілменеген.

Содан кейін шешіндің ақырындал,
Жоғалатын адамша асылың дөп.
Көйлегіңің астынан күнді көрдің
Күнмен ойнап тұргандай жасырынбақ.

Көтерілді көйлегің жоғарыға,
Ғашық күннің ілініп жанарына.
Күн кезінде денен де балқи берді
Балқымаған өмірі адамыңа...

Осындағ-ақ болар-ау, ай-күн деген,
Аймаласын көруге айдынменен,
Шыға берді аппақ боп көйлегіңнен
Ақ сазанның бауырнадай балғын денен.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Сұнгіп кеттің бардың да айдыныңа.
Табаныңмен таңба сап май құмына.
Толқын сені аймалап сүйіп-құнып,
Сен толқынның баттың бір байлығына.

20.08.1998 ж.

ТҮСІМДЕ

Жүргімді жеп қойыпсың
Түсімде,
Бір тал еті қап қойыпты тісінде.
Бирақ одан өлмей қалып әйтеуір
Қашып жүрмін қалың зират ішінде.

Сол жағымнан қан ағады сорғалап,
Бір жүгіріп,
Еңбектеймін жорғалап.
Енді бірде қарсы алдымда қазулы
Тұрған-сынды терең ор мен жарқабақ.

Жаным келіп мұрынымның ұшына,
Айғайлаймын сол шыбынды ұшыра,
Қашып келем қойып алып қолымды
Жоқ жүректің ұнірейген тұсына.

Бір Алланың жасаған бұл күші ме,
Ырза болмай менің кейбір ісіме?
Өніндең сенің кейбір ойларың...
Айналды ма әлде менің тұсіме?

Өтеледі өмір бойы әжеті,
Сендей болса әйелдердің өжеті.
Сол жүргің мылжа-мылжа тұрменен
Өзіме де шамалы енді қажеті.

ҰЛЫ АҚЫНДАР

Өмір солай,
Жасайды ісін ақырын,
Тыңдамайды Алланың да ақылын.
Шынықтырып,
Суарады,
Шыңдайды
Ақыл-ойдың азабымен ақынын.

Ақын сері біреу сезіп-білгендей,
Біреу үшін сұлу өмір сүргендей.
Бірақ ақын сезінеді өз-өзін
Тес пен балға ортасында жүргендей.

Ақындар көп жай таппаған жалғаннан,
Асу, ату жер түбіне айдалған.
Мықты болған сайын ақын
Жүрепі
Пенделіктің нысанасына айналған.

Жүректе – мұн,
Кеудеде – шер,
Баста – сын,
Менсінбейді ол осылардан басқасын.
Ойлы,
Отты жырларымен өмірде
Ақиқаттың ақ дидарын ашты ақын.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Бақыынның шұғылалы шуағы,
Ақынынның алдынан бір шығады.
Нұрга айналып фәниңнің түнегі
Ұлы ақындар өлген күні туады.

03.03.1998 ж.

АУЫЛЫМ. МЕНИН БАУЫРЫМ

Аңсарым ауып баяғы,
Ауылға бардым жақында.
«Ауылым құшақ жаяды
Өздері туған ақынға».

Осындей ойым тым асқақ,
Шіреніп тұстім көліктен.
Осымды менің растап,
Жүргім, өкпем «деміккен».

Жатыр ма әлде барды жеп,
Дыбысын жанның білмеді.
Қонақтар келіп қалды деп
Хабарлап иттер үрмеді.

Бәрін де жөнге салған ба?
Өскен бе ой мен санаалар.
Тәртіпті болып қалған ба?
Шуылдамайды балалар.

Күтпей-ақ қойсын ардақтап,
Жан емес едім өкпелі.
Мысық та тіпті жалбақтап
Жолымды кесіп өтпеді.

Ол емес тіпті арманым,
Бірақ та шошып, сасасың.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Ауладан көре алмадым
Шашылған малдың жапасын.

Істейтін жұмыс, жоқ ісі,
Іздең бір ырыс, несіпті.
Сөйтсем ғой елдің көбісі
Қалаға көшіп кетіпті.

Не дейін мынау күйіне,
Айырылып қаппын өзіңнен.
Бір тамшы мөлдір дүние
Ыршып-ақ кетті көзімнен.

1995 ж.

БЕЙБАКТАР

Қаптап жүр жұмыссыздар көшемізде,
Үқсаған жармасы жоқ бос өпізге.
Өзіміз-өзіміздің қолымызды
Біреудің пышағымен кесеміз бе?

Жосып жүр ұры-қары тұнімізде,
Біреулер
Торуылдаپ үйімізге.
Қарайтын еркелері секілді олар
Байланған оны айтатын тіліміз де.

Пышағы бұзықтардың жүр жалаңдал,
Сыртыңнан сені күтіп,
Жүрген аңдып.
Өлесіз үн шыгармай,
Жылай алмай
Алдында ажалдың да ыржаланаңдал.

Төгілін кінәсіздің адап ары,
Қойдай боп ұрланады қорадағы.
Тоқтайды осы қашан
Балағынан
Шыгарған әкесінің балалары.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Машина мінгендері,
Әйбәт бәрі,
Ал, біраз басымызда ойнақтады.
Елім-ау, айтындаршы,
Осы кімнің
Шынында, қайдан шыққан бейбақтары?

30.07.1998 ж.

МЕНИН ИТИМ

Қыын екен үғыну адам итін,
Көз жұмылмай зым-зия болады үйқым.
Қаланың бір бүралып шет жағында
Көрсетіп жүр өлігін жаман итім.

Жаратқаннан,
Сұраумен жасағаннан,
Іштей азап шегемін,
Шаш ағарған.
Ит боп шығып менікі,
Қызғанамын
Иттен кісі біреулер жасап алған.

Біреулердің итінің басы маган
Қатты ұнайды...
Керемет асыраған.
Ашынамын тағдырға осындей ит
Неге бітпей қойды деп осы маган.

Тағдыр қалай алдайды,
Бұрандайды
Қандай сұлу алдында сыландайды.
Жұрттың иті адамға айбат шегіп,
Менің итім итке де үре алмайды.

07.08.1998 ж.

БІЗДІН ОРТАЛА

Ортамды қалай жазғырып,
Өтірік қалай мақтайын.
Жіберем десе аздырып,
Жаласы, сөзі дап-дайын.

Жағымпаздыққа жетелеп,
Баулиды жалған өмірге.
Тартасың сонсоң төтелеп
Бұзылып жолың сенің де.

Содан соң ғана өрлейсің,
Қызымет өсіп, биіктеп.
Жағымпаздықтан өлмейсің
Тұмсықты сұқта, киіп кет.

Жетеді бірақ халыққа,
Жұртшылық бәрін біледі.
Бастысы, бауырым, қорықпа,
«Қолдаушың» сені сүйеді.

Сезесің оны ішінен,
Қиқалақтасаң ал, егер,
Шешілген бәрі пішілген
Әне, тұр жолың, бара бер.

Қызыметінен түскен соң
Мұсіркеп кімің аясын.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Қияли басың іскен соң
Ашыға басты қоясың.

Ұрганың бар ма енесін
Тағдырың келсе көлденен,
Жөнеліп кете бересің
Талайлар кеткен жолменен.

11.07.1998 ж.

КӨЙЛЕК ЖЫРЫ

Болған-ды маған арман сол,
Мақсатқа жеттім ойға алған.
Олердей ғашық болған соң
Матаға сендік айналғам.

Сезесің соны, жанеркем,
Әсемсің ұлпі-өнеге.
Киесің мені таңертең
Сәмбі тал-сыңды дененде.

Шағында балғын, гүлденген,
Арманның лебі ескенде.
Бақыттың ба еді бір көрген
Киесің тойға,
Кештерге.

Өзіндей әсем құс аппақ,
Жоқ шығар мынау әлемде.
Құлын мұшенді құшақтап
Келеді тозғым дененде.

1987-1996 жж.

ПЕРЗЕНТ

Тыныштық болмаса да менде тегі,
Таң – ана бесігінде тербетеді.
Өлеңнің өлмей қалған бір ұрығы
Миымда минут сайын ержетеді.

Жырыма қосқым келсе күн мен айды,
Олар да дәл төбемде сырғанайды.
Таң алды.
Шаранадан шыққан перзент
Шыңғырып шіркін өлең іңгалайды.

22.06.1998 ж.

КӨКТЕМ ҚУАНЫШЫ

Келеді көктем, төгеді нұрын Шығыстан,
Кетеді ызгар зымырап қашып зымыстан.
Жабағы жүнін жаңбырга жуып жапан тұз
Жазады жайып, жап-жалпақ жонын құрысқан.

Келеді көктем шұғылалы таңнан нұр ұрлап,
Жетеді самал жүгіріп, есіп, зырылдап.
Сәмбі талдарын, ақ қайындарын бұралтып,
Талайдан бергі шертеді жырын, сырын бақ.

Әуенін құстар сыңсытып салып, сұңқылдап,
Қанаты талмай ауаны кесіп, сымпылдап.
Ашуы келіп, азуын керіп атылып
Агады сулар дөңбекшіп, тасып, бұрқылдап.

Көзімен көрер көктемді тағы тірілер,
Көрдім бе деғен көздері көкке сүрінер.
Бусанып буы, бұрқанып суы бұлақтар
Далаға қарай ағынын алып жүгірер.

«Әлмегенге өлі бір балық» сияқты,
Шатырдан құлап, қабырғалармен су ақты.
Қарт әже құліп немересіне қарайды
Алақанына ойнатып түрған шуақты.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Аспанның төсін найзағай тіліп тастаған,
Оғынан жайдың барады безіп қашқан аң.
О, бәрекелді, танымай қалып көктемді
Өзімнен-өзім мен не деп кеттім, мәссаған!

05.07.1998 ж.

ЕКІ ФАСЫР – ЕКІ ҰЛЫ

Қосылыпты уақыт пен аралықтар,
Ұлы Абайдың қасында дана Мұқтар.
Бірі шапан жамылған,
Бірі кәстөм
Әрқайсында әрқиылды даралық бар.

Түсінбессін, бауырым, мұны қалай,
Қазақ пенен даланың сырына бай.
Жиырмасыншы ғасырдың бір алабы
Мұқтарды ертіп келеді ұлы Абай.

Алдында әлем,
Көп алда құрылық бар,
Дәүірлерден даңғаза сыр ұғып сәл.
Он тогызыншы ғасырдың нар тұлғасы
Абайды ертіп келеді ұлы Мұқтар.

Кеңпейіл ой,
Кеменгер,
Кемел ақыл,
Неге жарқын болмасын неге батыл?
Қатар басып,
Қақ жарып кең даланы
Екі алып, екі ұлы келе жатыр.

Әр есімге,
Жаңарган әр атауга,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қазақ елі дейтүғын жаңа отауға,
Құтты болсын айтуға ел-жұрттына,
Бет түзеген секілді Алатауға.

Ұлыларың келеді, ірілерің,
Өмір көпін аралап,
Ғұмір елін.
Құшақ жайып, бауырлар,
Қарсы алындар
Келе жатыр өлмейтін тірілерің.

23.06.1997 ж.

ТУҒАН ЖЕР. ЖІГІТ. АТ

Ауыздығын шайнаган,
Дауыл аттар,
Жел аттар.
Шапса қаның ойнаған
Шабуда да себеп бар.

Сәйгүліктің,
Құліктің,
Бауырында бораны.
Арғымақ пен жігіттің
Айызы бір қанады.

Кенәдігінді мақтасам,
Дала мынау далиған.
Далада атпен шаппасам
Бұзылады қағидан.

Ор қояндаі орғиды
Жаралғандай сағымнан.
Жар біткеннен қарғиды
Қарғуды да сағынған.

Қалса шіркін есінде,
Қызығына тоймасан,
Туган жердің төсінде
Ат-матыңмен аунасан...

ТҮНГІ ТАМШЫЛАР

Тырсылдаған тамшылар –
Туа алмаған ән шығар.
Тіліп ткен секілді
Жаныңды бір қамшылар.

Тырсылдайды,
Тынбайды,
Өз мұны бар, жырлайды.
Көрсетпейді көзіңе
Жаныңнан сыр үрлайды.

Көңілінді сәл мұн ғып,
Дірілдейді жалғыз жіп.
Жабырқаған жаныңа
Жабысады жалғыздық.

1996 ж.

КАРА КҮЗ

Қара күз келді ыскырып,
Қабагы тұкті қатулы.
Дөңқабақ дауыл ышқынып
Шуда бұлттарын шақырды.

Төсекте жатыр қария
Жартылай көзі жабулы.
Жанында отыр жанұя
Есігі бір сәт қағылды.

Төбеде төніп тұрды бұлт,
Шаштарын жұлып,
Жұлынып.
Лініп соған бір күдік,
Үзіліп түсті бір үміт...

1996 ж.

БУРАБАЙ – ЖҮМБАКТАС

Этюд

Төбесінде көк аспан,
Моншақ төгіп келбеті.
Жұмбақтасты адасқан
Тербетеді көл беті.

Сүңгіп кешкі арайға,
Сұлулық та үн қатпас.
Көл дегенің – шарайна,
Шарайнада – Жұмбақтас.

Шақырады: «Кел, – дейді. –
Бурабайға жер жетпес». –
Осылай деп сөйлейді
Ар жағынан Оқжетпес.

1996 ж.

ТАҢ АЛДЫНДА

Жұлдыздардың көрем деп самсағанын,
Мақпал түнін маусымның қарсы аламын.
Сен де ізде солардың арасынан
Жалғыз жарық жұлдызың болса, жаным.

Сеземін мен, елегізіп, алаңдайсың,
Сезіміңмен қыр кезген самалдайсың.
Таң жұлдызың ол сенің таңдан тұрып
Ізdemесен сол, жаным, таба алмайсың.

Шырқалады таңда тек өмір әні,
Қуаныштың соғылып қонырауы.
Таң алдында тәнірдің жұлдызына
Іздеңдер бір-бірін жолыгады.

19.07.1998 ж.

БАЛАЛЫК ЖӘНЕ ЖАҒАЛАУ

Біреуге аз қызығып көп көрінді,
Қызғанды жақсы болып кеткенімді.
Білмеймін қалай бөлды, аң-таң қалам
Ақыры үрлап кетті көктемімді.

Көнілдің шырқап алар қошы бөлек,
Бұл күнде оралады есіме көп.
Балалық ашық ауыз бастан өтті
Өкінбен, өзіме де осы керек.

Төгер-ау, алау нұрын кеш те маған,
Бәріне іштей тілеп қош деп алам,
Жерорта теңізінің толқынында
Адаспай жағалауға жетсек аман...

14.06.1998 ж.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

* * *

Кешір мені,
Не деген «есалаңмын»,
Жасап жүрем жұмысын мас адамның.
Жазғыра бер, не істеймін,
Мойындаймын,
Жазғаны сол болса егер жасағанның.

Ойлагандай сен тіпті аңғал ма едім,
Ақырына осының мән бермедім.
Сау сиырдың өзің де б... емессің
Ол болмасаң... құдай-ая, нем бар менің.

05.06.1998 ж.

1986. ЖЕЛТОҚСАН

Өтінемін, ағайын,
Ұмытпайық құдайды.
Дүниенің талайын
Құдай әлі сұрайды.

Есінізге түсті ме,
Он жетінші желтоқсан?
Алматының үстіне,
Құлап түскен жарты аспан.

Құлап түскен жарты аспан,
Қақ айырылып алаңға,
Он жетінші желтоқсан
Тулап жатты табанда.

Аруақа сиынып,
Алға ұмтылды ұландар.
Жұдырықтар түйіліп,
Шықты ашы ұрандар.

Жендет біткен анталап,
Қыып түсті ғұмырды.
Қаракөздер қанталап
Қарашаңтар жұлынды.

Үстінде ойнап бастардын,
Сойыл біткен дұмпілден.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

Алғы шебі жастардың
Жапырылды біртінде.

Басталды сол күйінде,
Дүниенің ылаңы.
Димаш аға үйінде
Жүргегінен құлады.

Елдің топ-топ дауылы
Алан жаққа жүгірді.
Олжас ақын бауыры
Топырақтай үгілді.

Қанша ғасыр сіресіп
Төзді қазак өмірде.
Бостандық деп күресіп
Дайын тұрды өлуге.

АБАЙ ЖОЛЫ

Абай жыры – қазақтың әліппесі,
Ұлы Пушкин орысша әріптесі.
Басқа жолдың қазаққа керегі жоқ
Абай қайда тек сонда халық көші.

Осы жерде төгіліп талай қаны,
Есінде әлі қанының қарайғаны...
Басқа жол жоқ бұрылып біз түсетін
Жалғыз жол бар, ол жалғыз – Абай жолы.

07.11.1999 ж.

ОТАН ДЕГЕН БІР СӨЗ БАР

Үнсіз үрей баспалап айналамнан,
Ойда қалған қазақ бар сайды қалған.
Жұрттың көбі өзінен дөкей жасап
Өзін-өзі әкім қып сайлап алған.

Отан қайда?
Ел қайда?
Халық қайда?
Құдай қайда?
Одан да қорықпай ма?
Жақсылыққа ашыққан мына жұртты
Енді қайтып жаратқан жарытпай ма?

Уайым-ой жайлады басты нағыз,
Отан сөзін қай «таспен» бастырамыз.
«Қош бол, Отан» дегенге бармайды ауыз,
Кімге сеніп Отанды тапсырамыз?

11.08.1998 ж.

ЖЕМИС АҒАШТАРЫ

Жеміс ем.
Бұл күндері мен де ағашпын,
Жел соқты.
Күнге иілдім.
Әнге бастым.
Тұқымы болғаннан сон ұлы ағаштың
Жемістің басқа ағашын таңдамаспын.

Ұлы ағаш бұтағында түзілгенмін,
Жаңбырға.
Күн көзіне сүзілгенмін.
Піскен соң нарттай жанып,
Дараланып
Абайдың ағашынан үзілгенмін.

05.03.1999 ж.

АНА МЕН АЗАП

Баллада

Көтерді ана тоғыз ай бір ғұмырды,
Тірі де емес,
Өлі емес тірлігінді.
Жапырақтай жайқалды жаздығұнғі,
Бұтақтай боп теңседі күзді күнгі!

Бірде толды,
Бір солды мың құбылды,
Ойға шомды,
Жақты үміт,
Зыр жүпірді.
Әлек болды, өртенді, тоңды, жанды,
Әкелем деп өмірге бар ғұмырды.

Осы ма еді дүние?
Адам, адам,
Болашақты жасаған, жобалаған.
Тау қопарған алыптай бір тіршілік
Шыға келді аттандал шаранадан.

Ана тағы сәбиін алды қолға,
Сәби ана сүтіне – қанды балға.
Ана сүті перзентке сіңе береді
Ана сүті тән менен барды қанға.

Ана сүті киелі, қасиетті,
Нәрестенің сүйегін асыл етті.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Асыл ана төсінің бұлагымен
Сәбінен қуды ауру, қасіретті.

Тұн үйқысын төрт бөлді кірпік ілмей,
Өні түгіл түсіне құлкі кірмей.
Семіп, солып,
Сұрланып сала берді
Қантардағы қайыңның бұртіліндей.

Адамзатқа дүние таңданады,
(Бүгін кім деп айтамыз сол баланы).
Ал төсіне жабысып тас кенедей
Аш бөрідей сәбиі сорды ананы.

Жылдар өткен...
Бала да жігіт болған...
Ана үшін баласы сүйікті арман.
Сүйікті арман пәле боп тұйықталған
Жолықты алдан
Бір өмір құрып қалған...

Соқыр болғыр осыны көрді көзім,
Жұртқа қалай ойымды сездіремін.
Әрім-әрім етіп бар өзегімді
Жаудан бетер жанымды езді менің.

Жан-жағынан ойларын анталаған,
Ойларымның көздері қанталаған.
Бала көрген жоқ едім ешқашанда
Жеткізем деп анасын арқалаған.
Қайран ана,
Қайғысы тарқамаған,
Неткен тағдыр саған бұл шалқалаған.
Бала көрдім анаға масыл болған
Ана көрдім масылын арқалаған...

09.03.1999 ж.

КҮЗГІ ЭЛЕГИЯ

Қалтырады тобылғы,
Дірілдеді жапырак.
Тағдыр үзіп өмірді
Жетім қалды атырап.

Жасыл жайлау сарғайды,
Күздің демі тарылды.
Құстар енді қонбайды
Аспан жүзі жабылды.

Өлкем менің өзгерді,
Өкініші кетпейді.
Үміт сөнді, көз көрді
Жоққа жүйрік жетпейді.

Не байлыққа кенелдің?
Қай бақытқа бөлеймін?
Бүгінгісі жоқ елдің
Болашағын не деймін.

КЕЛЕДІ ӨСІП ЖАТ АДАМ

Өзінің тілін білмейді,
Анасын қалай сүймейді?
Топырағында қазақтың
Қайтып ол енді гүлдейді?

Ұлты да, елі жоқ адам,
Шығыпты сөйтіп қаладан.
Отан да орын алмайды
Ондағы ойсыз санадан.

Ел менен жер де жоқ онда,
Жат адам туды заманга.
Жатырқап оған қарайды
Тұралап жатқан қогам да.

Өз үнін жоқ, қып өз демін,
Тағдырын кеңіп «кезбенің».
Өзгенің сөйлеп тілінде
Тамагын жейді өзгенің.

Тірлікке осы мәз олар,
Демейді заң бар, жаза бар.
Келді өсіп осылай
Жаңа бір мәнгүртзадалар.

15.11.1999 ж.

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

ЖУЗШІЛІК АУРУЫ

Алматыда келді өмірге іңгеләп,
Өсіп-өніп танытты елге қыр-қабақ.
Тау арасы тарлау соғып «батырға»,
Сарыарқаға көшті ақыры сырғанап.

16.01.1999 ж.

ЕМХАНАНЫҢ ТӨСЕГІ

Жамбасымда емхананың төсегі,
Небірқиңи хикаяны еседі.
Жатқандығын мұнда түрлі жаңдардың
Баяндайды әпсанадай кешегі.

Біреулердің әл үстінде келгенін,
Ажал бұлты тәбесіне төнгенін,
Айтады ол содан кейін әлгінің
Дәрігерге тәніріндей сенгенін.

Біреулердің құдер үзіп өмірден,
Айрылғанын біржолата сенімнен...
Айтып тұрып сықырлайды сүйегі
Торкөзінен торығу да көрінген.

Суреттейді, ол ауруларды кескіндеп,
Сөйтіп мен де небір тағдыр кештім деп.
Сыбырлайды құлағыңа сол тәсек
Маган жатпай кете алмайды ешкім деп.

30.11. 1999 ж.

ЖЫР МЕН ЖҮРЕК

Дей алмаймын,
Мәңгілікпін,
Өлмеймін,
Бірақ менің өз менім бар,
Мен деймін.
Топырак та тойған болар – қанағат
Жүрегімді жырларыма жерлеймін.

Жыр оқы, дос,
Ойынды ойға жанисың,
Мүмкін, тәтті сезімдерге жарисың.
Менің жұмбақ сырларымның ішінен
Жанып жатқан бір жүректі танисың.

13.11.1999 ж.

ӨЛЕН ӨМІРБАЯНЫМ

Ақ қағаздың бетіне,
Теуіп қалам сырғанақ.
Қонып жатыр төсіне
Бұрқыраған жыр борап.

Ізін тастап қаламым,
Зыр қағады айдында.
Өзім шабыттанамын
Түбін кезіп ойдың да.

Ақ қағазым – ақ айдын,
Жұпір, жұпір, қаламым.
Мен қағазды балаймын
Жазығына даланың.

Жұпір, тағы, қаламым,
Қолтығың бір сөгіліп.
Жазығына даланың
Түскендей жыр төпіліп.

Сенің салған өрнегің
Өрнек емес, ой-ағын.
Қағаздағы ол менің
Өлең гүмірбаяным.

25.11.1999 ж.

БІР СЕРІЛІК. БІР АЗАП

Емхана:

Тынысым тар.
Халім ауыр,
Ішімнің ісіп кеткен бәрі бауыр.
Кек бауыр,
Қара бауыр,
Бұйрек,
Жұрек
Әрқайсы бөлек-бөлек, ауыл, ауыл.

Бір-бірін алакөздең жақтырмайды,
Кім көрген бұрын-соңды дәп мұндайды.
Әрине, ауызбірлік болмаған соң
Басына көршілердің бақ тұрмайды.

Аман-сау, есен болса дәрігерім,
Жырым да қайта шалқыр әлі менің.
«Бұрын да осындаі ма ед дүние-жалған?»
Көзіме көрінеді бәрі керім.

Қыста да ағаштарда жапырақ бар,
Айналам жанып тұрган жасыл оттар.
Суларын сайлар бері алып қашып,
Мен жаққа асығады атыраптар.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Келмейді ақша қуып,
Мал іздеғім.
Өлеңде қалып жатыр мол іздерім.
Бауыр мен бүйректі мен беретіндей
Құдайға бір қуырдақ қарыз ба едім?..

Отырған мен емеспін құр сөгіліп
Жігітте таусылмайды күлшелі үміт.
Осының барлығын да жоқ етеді
Кешегі естен кетпес бір серілік.

26.01.1999 ж.

ТҮСІМДЕ КӨРДІМ ПІРІМДІ

Оралды қайта жаныма,
Түсімде көрдім пірімді.
Қаламын беріп қолыма.
Ұсынды қайта жырымды.

Содан соң інабыт келді де
Қақты бір кеудем дабылын.
Жүрекке от-қан енді де
Қолымнан тартты тәнірім.

Төсектен тұрсам жан-жагым,
Дүние гүлдер лаулаған.
Жоғалып кеткен арманым
Алдында тұрды, ол да аман.

Айгайлап соны айта алам,
Төгемін тағы жырымды.
Қолдарын алып қайтадан
Түсімде құштым пірімді.

25.11.1999 ж.

ҮШ ЗАМАН. ҮШ КАЗАК

Ежелде

Келе жатты бір алым
Зор тұлғалы,
Ұрпағымен жер үстін толтыргалы.
Жапан тұздің сықырлап сай-сүйегі
Жон-арқасы даланың солқылдады!

Кеше

Келе жатты кейін бір Қызыл мұрын,
Бірде-бір жан көрмеген жүзін бұрын.
Жанторсығы болам деп партияның
Болды ақыры жүргегі жырым-жырым...

Бүгін

Базар толы дүния ғажап асыл,
Соны көріп шегеді азап ақыл.
Қазанының мол болып «сияпаты»
Қайыр сұрап «қасқайып» қазақ отыр.

10.12.1998 ж.

БІР АЛАМҒА

Келдің. Көрдің. Алдың. Бірақ бермедің,
Байғұс пақыр толып жатыр сенде мін.
Іштің. Жедің. Тындың. Астың. Тасыдың
Үрпақ көрдің. Өстің. Өлдің. Жерледің.

Соның бәрін ете алмадың қанағат,
Аузың толы өсек, жала, балағат.
Көрсекзызар ішің тап-тар қызғанын
Жанторсығың болып алды жаманат.

Енді айтарым сол: сәл ғана абайла,
Бітті бәрі, кетті атың талайға.
Барғаннан соң ертең Алла алдына
Ақталатын сөзің бар ма?
Соны ойла.

19.11.1999 ж.

ЖАРТЫ ДҮНИЕ

Эпиграмма

Жарты байлық, жарты бақ,
Көрінбейді жарқырап.
Жарты дене, жарты жан,
Өзгөрмейді қалпынан.

Жарты қоғам, жарты әлем,
Неткен сорлы, қорқақ ең.
Жарты жүрек, ақыл да,
Жарты болған басында.

Бәрін жарты жасаған,
Қандай шебер жасаған!
Енди бүтін бола алмас,
Бір бүлінген оңа алмас.

Бәрі мешел, бәрі мес,
Басқарады жарымес.

13.11.1999 ж.

ХАЛҚЫМ МЕНИН

Халқым менің «момақан»,
Бар ма сенде жер, Отан?
Малдан, бардан айрылып,
Басың қалды қарақан.

Не айта аламын мен саған,
Енді өзің болшы аман.
Азып-тозып айырылдың
Табиғаттан қоршаган.

Нұлы, сайлы, ұралы,
Тауларың да «құлады».
Өзен-көлің тартылды,
Бұлақтарың жылады.

Топырағын, торқаң да,
Кетті айналып сортаңға.
Соратұғын малтаң да,
Қалмай қалды қалтанды.

Кек бөрі едің сұңқарлы,
Алдап қиды қылтанды.
Айыра алмай қор болдың
Ұлтан менен Сұлтанды.

19.11.1999 ж.

* * *

Бұғын бармыз, ал ертең,
Боламыз ба, жан еркем?
Барап бізден ертенге
Көленқем мен көленқен.

Кешегіне – қанагат,
Бұғынгіде жоқ абат.
Ертенгі бар байлықты
Ағаларың тазалап,
Жалап қойған ыдысын,
Елдің байлық, ырысын.
Жайып қалған алақан
Болашағың құрысын.

Бұғын бармыз, ал, ертең,
Боламыз ба, жан еркем?

19.11.1999 ж.

САПАРЛАР

Рымбек Жұнісовке

Жол қандай!
Бұрма-ұрма өмір атты,
Сапарлар алыстарға аныратты...
Асулар алып қашып,
Ойнақ салған
Ұмытып барамыз біз Қоңыратты*.

Туған жер, туған ел де артымызда,
Дәстурлі ғүрпымыз да,
Салтымыз да.
Енді біз оралмай-ақ жөнелерміз
Сондагы балалық бір қалпымызға.

Жолдас та,
Достар да бар дос дегендей,
Болыппыз үдере бір көшпен елдей.
Сезініп кетіппіз біз мұлде, мұлде
Сол жерде, тумағандай, өспегендей.

Қыстағы қар жамылған ақпан – дала,
Жаздағы самалдары соққан дала.
Түсіне кіреді ме, шынынды айтшы
Сүйегі туғандардың жатқан дала.

ШЫГАРМАЛАРЫ

Иә, біз ұмытыппыз Қоңыратты,
Көктемде еріп өзен,
Көніл ақты.
Салдыртып барамыз біз сағым қуып,
Сапарда сағым қуған өмір атты.

Ауылдың қандай ыстық сүйем жері,
Бізді де сағынар ма жібек желі,
Не істеп жүр ауылынан алыс кетіп.
Омаш пен Әшірбектің жиендері.

Сен міндің арғымаққа Алла оңғара,
Ал маған серік болды арман бұла.
Сапарға алып шыққан екеумізді
Нағашы жұртыйыздан қалған мұра.

Тұсіріп Сарыарқаны сабасына,
Сайына,
Сағасына,
Саласына.
Биыл да қалың болып қар тұсіпті
Арқа мен Алатаудың арасына...

25.01.1999 ж.

* * *

Ақша, ақша, ақша дейді ел бүтін,
Баяғы бір ұмытқандай өрлігін.
Сала ма деп айырбасқа шошисың
Сол ақшага бостандығын,
Тендіпін.

Ақша үшін қиғандар бар өмірді,
Ақша үшін денсаулық та берілді.
Ақша үшін ар-ожданнан айрылып,
Қолдан жасап жатқандар бар өлімді.

Ақша, ақша айналыпты «арманға»,
Өз апанын қорғамай ма аңдар да?
Ақша, ақша, ақша дейді кәсіпкер
Отан, Отан, Отан дейтін жан бар ма?

Кедейлерді кеміреді салық та,
Фәниде де,
Бақида да,
Табытта.
Ақша, байлық байларында кетті де
«Қайыршы» Отан қалып қойды халықта.

26.01.1999 ж.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЭПИГРАММА

Бір кездегі әсем, сұлу, жас қала,
Болып апты қоқысхана,
Ласхана.
Сол кездегі айдай сұлу
Алматы
Мыстан кемпір болып кетті, масқара.

Миллион жарым – асыл менен масылмыз,
«Ертегілер,
Ер Төстікпіз, батырмыз».
Төбеміз – сел,
Астымыз – от демалып
Сорбұлақтың жағасында жатырмыз.

Лас қоғам мен мас әйелді көрсетпе,
Елден бөлек қалсақ-тағы ең шетте.
Алатрудың баурайынан қашпаспыз
Сорбұлақта малтып жүріп өлсек те.

19.03.1999 ж.

КОШТАСУ

Дариға, мынау қандай күш,
Жебеген мені тәнір ме?
Жарқ етіп тағы мен байғұс
Самғадым қайта сенімге.

Көрінді көктен нұрдай боп,
Арманым өткен-кеткенім.
Жоғалып кеткен жырдай боп
Желпіді жанды көктемім.

Үнім де шықпай ақырын,
Әлсірей берді жүрегім.
Баяғы кеткен ғашығым,
Баяғы өткен тілегім.

Ақырын ғана күбірлең,
Құрсінді, ауыр демалды.
Естілмей сөзі дірілдең,
Ғайыпқа тайып жоғалды.

Елжіреп келіп мөлдіреп,
Жүректен тамған қанымдай.
Қоштасып кеткен соңғы рет
Жастығым екен, дариға-ай,
Махаббат екен, дариға-ай!

8.02.1999 ж.

АНА ТІЛІ – АНА СҮТІ

Ана тілім –
Шежірем,
Өсиетім,
Аз ба, көп пе, білмеймін қасіретін.
Ата-баба түгілі кейінгілер
Анасының білмейді қасиетін.

Ана сүті көп жанға дарымапты,
Уызына ананың жарымапты.
Көріп келе жатырмыз соның бәрін
Мынау ұзақ сапарда өмір атты.

Тұған бала бейшара кейуанадан,
Мойынсынып тағдырға көнген аман.
Анасының тілінде сөйлемейтін
Қалтыраған көлеңке – өлгөн адам.

Баласы үшін бар ма ана мақтанбаған,
Мен өлең-жыр жазғанда
Шаттанды анам.
Қандай ғана болды екен кейуана жан
Ана сүті, дариға-ай, ақталмаған.

Колын беріп, қорынып, қорланғанға,
Көңіл бөліп, соғылып, зорланғанға.
Анасының тілінде төгіп жырын
Асқақтаған ақында арман бар ма?

24.03.1999 ж.

ТУМАҒАНДАР БАҚЫТТЫ

Әр күнің тынышың мен шырқынды алса,
Тағдырың тамағынан қылқындырса.
Не үшін?
Кімге керек ондай өмір
Сондықтан тумаған жөн мүмкін болса.

Жаманмын
Жалын менен от ішкеннен.
Мінез бар тұқымда жоқ оқыс келген.
Тұтатып,
Үрлеп, жағып өзімді-өзім
Ақын боп жүр деймісің жетіскеннен?!

Мен емес бар әлемді тазалаған,
Мен де емес тұнып тұрган ғажап адам.
Сонда да бір еңбегім жарқ етпейді,
Тағдырым солай жөнсіз жазалаған.

Іздейсің адалдықты аласұрып,
Айтасың, дауыстайсың жан ашынып.
Жақсылық үшін жанган жалыныңды
Үрады қантардағы қара сұйқ.

Содан соң булығасың,
Ашынасың,
Тасисың,
Бұрқылдайсың,

Басыласың.
Сүйеретіп ит жаныңды иттей болып
Қайтадан үйірінә қосыласың.

Тіршілік дәл осылай қайталанып,
Күн сайын ескі сезін айтады анық.
Сенімді сен жүргенде
Несібенді
Жолыңнан кетеді ылғи сайтан алып.

Осылай сене бергем итке де мен,
Төтенше дөңгеленіп бұлт төбеден.
Апыр-ау, қарап тұрсам анда-санда
Жанымды қалай ғана күйттемегем.

Аспандаі бір ашылсам бұлт арылған,
Өзімнің бір көрінсем шырқауымнан,
Ақындық меніменен кетсін бірге
Шықпай-ақ қойсын қайтып үрпағымнан.

Нем қалды?
Енді соны ұқыптаймын.
(Осылай өзімді емдең, ұшықтаймын).
Мен көрген сұмдықтардан
Азат басы
Тумаған үрпағымды құттықтаймын!

07.04.1999 ж.

БАЛАЛЫҚ

Халықтың ортасында қарақұрым,
Оп-оңай ізсіз-түзсіз жоғалуын.
Барсың ба,
Тірісің бе болмысымда
«Қош бол!» деп кеттің бе әлде, балалығым.

Аңқылдап астың ба әлде талай белден,
Артында мен бе қимай қарай берген?
Айрылып қалсам егер тым-ақ ерте
Өзіңсіз бұл белеске қалай келгем?

Жо-жоқ, мүмкін емес жоғалуын,
Болса да құлалығым,
Алалығым.
Жоқпын мен.
Өлгенім сол
Анда-санда
Төбенәді көрсетпесен, балалығым.

27.12.1998 ж.

СҮРАКТАР

Алдау, арбау,
Өтірік,
Мазак, қорлық,
Қанша ғасыр езілдік, азап көрдік.
Аңсаған да біз едік осы күнді
Ал ендеше, мінеки, азат болдық.

Жармасынан босаған өгіздейміз,
Жоқтықпен бір туған егіздейміз.
Бірдеңеміз жетпейді,
Тұсінбейміз,
Неміз қалды бітпеген,
Нени іздейміз?..

Отыруға болмайды соңын бағып,
Көтермесе басты егер соғып, жарып.
Құрес деген ыстық сөздер қайда,
Қайда барып өлмексің, момын халық?

ЕЖЕЛГІ МАКАММЕН

Ай қарайды әйнектен,
Қыз секілді бойжеткен.
Жастық жанды қинаиды
Әр нәрсеге ой кеткен.

Күн тимеген етіңнен,
Ай сүйеді бетіңнен.
Айдай толып келесін
Кеше сәби секілді ең.

Ар жағында әйнектің.
Үнсіз-тұнсіз бойжеттің.
Тұншығасың ішінде
Тұмшалаган көйлектің.

Лапылдаған оттайсың,
Жанға дәру таппайсың.
Күндіз киген койлекті
Тұнде шешіп жатқайсың.

1998 ж.

МАЗМУНЫ

Өлең, өлең.....	5
Бостандық.....	6
Ерлік	8
Ақиқат.....	9
Адам	10
Салыстырмалы	11
Ақын	12
Құсым, досым және бостандық	13
Қасірет пен қасиет	15
Қазақ әлем	17
Өзгерістер	18
Мүгедек.....	20
Шабыт пен табыт	21
Жер мен адам	22
Оралды қайта өмірге.....	23
Өсіп-өніп жатырмыз	25
Қыран өлімі	27
Қасқыр	29
1937. Жаза. Аналар.....	31
Пушкин рухымен сырласу.....	33
Бюрократ.....	35
Неткен шабан жақсылық	36
Адамға қандай жер керек?.....	38
Жоғалу	40
Қайсаңлық жыры	42
Сенім туралы.....	44
Ел қояр саған ескерткіш	46
Қанағат.....	48
Іздер және қансонар	49
Оралмады.....	51
Бет	52
Абыралы даласы. Санырауқұлақтар.....	54
Бақыр басты бала	56
Дүниенің иесі мен жанашыры.....	57
Мейірім мен жылдылық.....	59
Екі қазақ.....	61

Мейрімсіз билеуші	63
Адамзаттық сырлары	66
Алматым менің	68
Қола дәуір құдайы	71
Қайыр хан мен Шыңғыс хан	73
Мен тәнірдің ұлы едім	75
Тәніркүты Мөде қаган	77
Әз Жәнібек пен қара Иван	79
Әйел патша Томирис	84
Баян жырау мен Олжас ақын	87
1990-да туған жыр	90
Македонскийдің диогенді ізделеп келуі	92
Сұлейменов Асқар келеді	94
Еске алу	96
Қызыл құжат жоғалды	98
Қайыршы	99
Алматының автобусында	100
Аңсау	102
Ашынуға болмайды	104
Алдымнан шықты	105
Бір жүректе адамға қанша орын бар	106
Гүл ұстаған қызы	108
Ауызға сөз түспеді	109
Мені екеулемпел келеді	110
Азап пен ыза	111
Ақ халатты қыздың қылышы	113
«Ах, Самара-городок»	115
Бәрі де керек адамға	117
Жыныма неге тиесің	118
Жасалмаған кәсіп	120
Ешкім де шықпады	121
Әңгіме	122
«Өмірдің сыңсып салған әні керім...»	123
Сұлу армандар	124
Менің туған күнімек келем дейсің	126
«Сагындым сол бір аруды...»	127
«Әйелдердің сан түрімен таныстың...»	128
«Есігінді қағып түрмyn түнде кеп...»	129
«Жүргендерді көргенім жоқ жетісіп...»	130
Анамның ертеректегі хаты	131
Бір ініме	133
«Айналайын, айлабиу, қара көзім...»	135
«Мен ешкімге айта алмаймын былай деп...»	137
«Махаббат та кетті үшүп, жастық та...»	138

Көктем жыры	139
Махаббат мұнарасы	140
Әлғендер қайтып келеді	144
Омар Хайям ғибраты	151
Олар 28 еді	169
Жаратқан мен жағымпаз	172
«Ортайған көніл толмайды...»	174
Тыныштық	175
Әмір ағысында	176
Құлтегін	177
Білге қаган	179
Қапағанның жазасы	180
Балалық	181
Бостандық ауданы	183
Наурызым менің	185
Сақта, қазақ, малынды!	187
Аман болсын ауылым!	189
Өленнің тууы	191
Қайырлы таң	192
Жақсы өлеңдер	194
Ағаштар тік тұрып өледі	195
Мендең мінез	196
Шайтанкөл – Сұлушаштың көлайнасы	198
«Қазақфильм» ертегісі	200
«Сұрап келем, әлі де сұрай берем...»	203
Арман мен өкініш	204
Ғылыми-зерттеу орталығы	206
«Осыны талай байқадым...»	208
Ренішке куаныш	210
Қазақстан – Отаным	212
Абайла, Абай келеді	214
Әмірбаянға қосымша	216
Пушкиннің көшесі бар Алматыда	218
Қазақстан картасы	220
Құдай туралы ойлар	222
Отты жер	225
Ақиқат туралы	228
Жаралы арыстан	230
Ақын құлпытасындағы жазу	231
Аш балалар	232
Фәни мен бақи	234
Махаббат	236
Қара мұртқа қарама құдікtenіп	238
Ұйықтап жатқан өз әйелім	239

Жүрек үлестіру жыры	242
«Бұғін, жаным, жарамас қатты деуің...».....	244
Ғашық жүректер.....	246
Бақыттың бағасы	248
Қайғының келуі	249
Ақиқатым осы.....	251
Ақынның көз жасы	253
Бөрілер.....	255
Кішкене құбыжықтар	256
Нарық пен қалып	258
Кошедегі машиналар.....	260
Сәлем хат.....	262
Адалдыққа шақыру	264
СПИД	266
Қылы-қылы пендे бар	268
Батыр қазақ – Тұрлыханов.....	270
Ақырзаман.....	272
Ақ сазаны айданының.....	274
Тұсімде.....	276
Ұлы ақындар.....	277
Ауылым, менін бауырым	279
Бейбактар	281
Менін итім	283
Біздің ортада.....	284
Көйлек жыры	286
Перзент	287
Көктем қуанышы.....	288
Екі ғасыр – екі ұлы	290
Туган жер. Жігіт. Ат.....	292
Тұнгі тамшылар.....	293
Қара күз.....	294
Бурабай – Жұмбактас	295
Таң алдында	296
Балалық және жағалау.....	297
«Кешір мені, не деген «есалаңмын»...».....	298
1986. Желтоқсан.....	299
Абай жолы	301
Отан деген бір сөз бар.....	302
Жеміс ағаштары	303
Ана мен азап.....	304
Күзгі элегия	306
Келеді өсіп жат адам	307
Жұзшілдік ауруы	308
Емхананың төсегі.....	309

Жыр мен жүрек	310
Өлең өмірбаяным	311
Бір серілік, бір азап.....	312
Тұсімде көрдім пірімді	314
Үш заман, үш казақ	315
Бір адамға.....	316
Жарты дүние	317
Халқым менің	318
«Бүгін бармыз, ал ертең...».....	319
Сапарлар	320
«Ақша, ақша, ақша дейді ел бүгін..».....	322
Экологиялық эпиграмма	323
Қоштасу	324
Ана тілі – ана сүті	325
Тумағандар бақытты	326
Балалық	328
Сұрақтар	329
Ежелгі мақаммен.....	330

Сарыарқа кітапханасы

Дәүітәлі СТАМБЕКҰЛЫ

ШЫФАРМАЛАРЫ

Екінші том

Өлеңдер

Редакторы *Айғұл Абdraхманова*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*
Компьютерде беттеген *Үлжан Бердібекова*

Басуға 26.12.13 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 21,0.
Тапсырыс №0282. Таралымы 800 дана.

ISBN 978-601-292-787-0



«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13